Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘӨЖ 378.091.12:811.111 (043) Қолжазба құқығында

ЮСУПОВА ГУЗАЛ ТАДЖИХАНОВНА

Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау

8D01713 – Шетел тілі: екі шетел тілі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Т.А. Кульгильдинова
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
философия докторы (PhD),
профессор Ферудун Сезгин
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
АНЫҚТАМАЛАР..... 4
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 6
КІРІСПЕ..... 7
1 ЦИФРЛАНДЫРУ МӘНМӘТІНІНДЕ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ..... 14
1.1 Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың үрдістері мен ерекшеліктері..... 14
1.2 Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттің мәні мен құрылымы.... 28
1.3 Шетел тілі сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері..... 35
1-бөлім бойынша тұжырым..... 44
2 БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘНМӘТІНІНДЕ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КӘСІБИ-АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ..... 46
2.1 Білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру моделі..... 46
2.2 Білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде шетел тілдерін кәсіби оқыту технологиялары..... 66
2.3 Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру жүйесіндегі контекстік-стратегиялық және иммерсивтік-коммуникативтік жаттығулар..... 80
2-бөлім бойынша тұжырым..... 101
3 ЦИФРЛАНДЫРУ МӘНМӘТІНІНДЕ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КӘСІБИ-АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ..... 103
3.1 Эксперименттік жұмыстың диагностикасы..... 103
3.2 Қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыру әдістемесі..... 114
3.3 Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру бойынша педагогикалық оқытудың нәтижелері..... 130
3-бөлім бойынша тұжырым..... 139
ҚОРЫТЫНДЫ..... 141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 144
ҚОСЫМША А – Сауалнама №1..... 155
ҚОСЫМША Ә – Сауалнама №2..... 156
ҚОСЫМША Б – Құзыреттілікті бағалау құралы..... 158
ҚОСЫМША В – Модуль картасы..... 164

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

Қазақстан Республикасының Білім тұралы заңы: 2025 жылғы 15 наурыз №172-VШ бұйрығымен бекітілген.

«Педагог» кәсіптік стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту Министрінің м.а. 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының шетел тілдерін оқытудың дамыту тұжырымдамасы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы Білім беру әдістемелік бірлестігінің кеңесімен бекітілген 2006 жылғы 25 ақпандағы №1 хаттама.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы 2023 жылғы 28 наурызда № 248 бұйрығымен бекітілген.

Жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі №592 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қ.Ж. Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты 2025 жылғы 08 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға және киберқауіпсіздікті нығайтуға бағытталған 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылғы 28 наурызда № 269 бұйрығымен бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылған:

Білім – жүйелендірілген білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру, ақыл-ойы мен сезімталдығын дамыту, дүниетанымымен танымдық үдерістерді, адамның қызмет тәсілдерін игеруі арқылы тұлғаны қалыптастырудың нәтижесі.

Жасанды интеллект (ЖИ) – компьютерге өз іс-әрекетін бақылауға, нақты өлшемдік көрсеткіштерге бейімдейтін технология; ауызша сөйлеу, мәтін, жазу, сараптамалық бағдарламалар және т.б.

Интерактивті-дидиктикалық – білім беру мақсаттарына жету үшін студенттердің белсенді, ми-шабуылы, кейс әдісі, рөлдік, іскерлік ойындар, жобалық жұмыс және диалогтық қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Яғни белсенді қатысу және өзара әрекеттесу арқылы оқу тиімділігін арттыруға бағытталған.

Инновациялық әдістер – студенттердің белсенді қатысуына және заманауи технологияларды пайдалануға бағытталған. Жалпы, инновациялық әдістер прогрестің қозғаушы күші болып табылады, өзгеріс пен тәжірибе жасауға дайындықты талап етеді.

Иммерсивті-коммуникативтік жаттығулар – тілдік немесе кәсіби ортаға толық немесе максималды түрде ену арқылы коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар мен оқыту әдістерінің жиынтығы.

Интеграция – студенттердің әлемге тұтас көзқарасын дамыту үшін әртүрлі пәндерді немесе тақырыптарды бір курсқа немесе сабаққа біріктіру.

Иммерсивті технологиялар – студенттерге тарихи оқиғаларға енуге, виртуалды эксперименттер жүргізуге немесе интерактивті ортада күрделі ұғымдарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Когнитивті – әрбір құзыреттілікке сәйкес келетін білім, дағдылар деңгейі және оларды болашақ мамандықта қолдану тәжірибесі.

Контекстік-топтастырушы – тек ағымдағы контексттіғана емес, сонымен қатар шешім қабылдау немесе нәтіжені қалыптастыру үшін өткен немесе кеңейтілген контекстті белсенді түрде жинайтын, сақтайтын және пайдаланатын процнсті немесе жүйені сипаттайды.

Кәсіби құзыреттілік – кәсіби білім, білік, сондай-ақ касіби қызметті орындау тәсілдерінің жиынтығы.

Кәсіби оқыту – бұл когнитивті белсенділікке негізделген және жеке компоненттермен ұсынылған, олардың өзара әрекеттесуі мамандарды жоғары сапалы оқытуға және олардың кәсіби қызметке дайындығын дамыту.

Контексті-стратегиялық жаттығулар – белгілі бір контексте немесе жағдай шеңберінде стратегиялық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тапсырма түрі.

Коммуникативті технологиялар – қашықтықтан оқыту, онлайн курстар, интерактивті тақталар және мұғалімдер мен студенттер арасындағы білім мен қарым-қаттынасқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру платформалары.

Контекстік оқыту – теориялық білімді меңгеру және оларды кәсіби міндеттерді орындау тәсілдерін, олардың тиімділігімен сапасын бағалауды пайдалана отырып практикада қолдану.

Құзырет – белгілі бір пәндер мен үдерістердің шеңберіне қатысты қойылатын және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері) жиынтығы.

Мәдениаралық – әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасты, олардың мінез құлық нормаларын, құндылықтарын мәдени кодтарын білдіреді.

Мәдениаралық құзыреттілік – болашақ мұғалімнің ағылшын тілінде сабақ жүргізе алуы, диологтік өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруы және оны әмбебап коммуникацияға даярлау қабілетін білдіретін кешенді кәсіби сапа.

Мәдениаралық-когнитивті – басқа мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау, өздерінің де, басқа адамдардың да мәдени ерекшеліктерін терең когнитивті деңгейде түсіну.

Мәнмәтін – мәтіннің құрамындағы тілдік бірліктердің негізгі және қосымша мағыналарын ашуға көмегі тиетін ең шағын бөлігі.

Модельдеу – эксперименттің педагогикалық объектісін зерттеу және логикалық құрылымдар мен ғылыми түйіндерді құру үдерісінде сәйкестікті болжайды. Модель – бұл басқа жүйе туралы ақпарат алу үшін қажетті құрал ретінде қызмет ететін зерттеу жүйесі, ол белгілі бір құрылғы немесе оның ішінде болып жатқан процестер мен құбылыстардың жеңілдетілген көрінісі. Критерий – негізінде бағалау жасалатын белгі, бір нәрсені тексеру құралы ретінде анықталатын ұғым; өлшем. Деңгей – объектіні қасиеттерінің, байланыстарының, қатынастарының сан алуандығымен тануға мүмкіндік беретін даму үдерісінің диалектикалық сипаты.

Модуль – нақты пән бойынша аймақтың біртұтас бейнесін құрайтын бірнеше пәндерден модуль жасау.

Үдеріс – нақты бір мақсатқа жету үшін жүйелі түрде орындалатын әрекеттер мен кезеңдердің жиынтығы болып табылады. Үдеріс түрлі салаларда қолданылады және оның тиімділігі мен нәтижелілігі үдеріс кезеңдерін дұрыс ұйымдастыруға байланысты.

Субқұзырет – күрделірек, интегративті құзыреттіліктің құрамдас бөлігі немесе нақты, негізгі қабілет.

Цифрлық технология – бұл цифрлық ақпаратты пайдалануға және компьютерлер мен электрондық құрылғыларды пайдалана отырып деректерді өңдеуге негізделген әртүрлі инновациялық құралдар. Олар қызметтің әртүрлі салаларындағы процестерді, қызметтерді және өнімдерді жақсартуға бағытталған техникалық шешімдердің кең ауқымын қамтиды. Олардың негізгі элементтері бағдарламалық қамтамасыз ету, аппараттық және желілік инфрақұрылым болып табылады.

Цифрландыру – технологияларды, экономиканы және мәдениетті аналогтық формалардан цифрлық формаларға көшірудің объективті үдерісі.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АКО – ақпараттық-коммуникациялық орта
ББ – білім беру бағдарламасы
БТ – бақылау тобы
ВШ – виртуалды шынайылық
ЖИ – жасанды интеллект
ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
КБШТ – кәсіби бағытталған шетел тілі
МҚҚМБАТ – мәдениаралық қарым-қатынас мәнмәтініндегі базалық ағылшын тілі
МҚҚ – мәдениаралық қарым-қатынас
МКАҚ – мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзырет
ММТ – мультимедиа-тұсаукесерлер
MALL – mobile Assisted Language Learning
ЦББТ – цифрлық білім беру технологиясы
ЦББО – цифрлық білім беру ортасы
ЦББР – цифрлық білім беру ресурстары
ЭТ – эксперименталды топ
ХҚТУ – халықаралық қазақ-түрік университеті
СӨЗЖ – студенттің өзіндік зерттеу жұмысы
СҒЗЖ – студенттің ғылыми зерттеу жұмысы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі заманғы білім беру экономикалық, әлуметтік және мәдени дамуына айтарлықтай әсер ететін маңызды фактор болып саналады. Ол жаһандану, инновациялық прогресс және ақпараттық қоғамның дамуымен байланысты динамикалық өзгерістер және ұлттық бәсекеге қабілеттілікті нығайту үшін маңызды ресурс. Отандық білім берудің негізгі міндеттерінің бірі-еңбек нарығының тез өзгеретін жағдайларына бейімделуге, цифрлық экономикада сәтті жұмыс істеуге және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім берудің мақсаттары анықталған: жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, жаһандану және Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа интеграциялану жағдайында тиімді жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандарды даярлау. Білім беру ұйымдарында білім беру мен ғылымды біріктіру, оқу және жетілдіру, жаңа оқыту технологияларын әзірлеу және еңгізу, мұғалімдердің біліктілігін арттыруды және тиісті инфроқұрылымын қамтамасыз ету мақсатында оқу, әдістемелік және ғылыми жұмыстар жүргізу [1]. Шетел тілдерін оқыту саласындағы білікті мамандар жаңа формациядағы мұғалімдер тиісті ақпаратты өз бетінше таба алатын, өңдей және талдай алатын, сондай-ақ оны тиімді пайдалана алатын, мұндай мамандар кәсіби маңызды мәселелерді өзбетінше және шығармашылықпен тұжырымдап, шеше алатын, сондай-ақ білім беру үдерісіне инновациялар енгізуі керек.

Қазақстан Республикасының «Педагог» кәсіби стандарты – мұғалімдерді даярлау, біліктілік және кәсіби қызметке қойылатын талаптар мен критерийлерді реттейтін маңызды нормативтік құжат. Бұл стандарт шетел тілдерін оқыту саласындағы мұғалімдерді даярлаудың бірнеше басым аспектілеріне ие: шетел тілін жоғары деңгейде меңгеру, заманауи білім беру әдістері мен технологияларын пайдалану, шетел тілдерін оқытудың мақсатын нақты түсіну, үздіксіз жетілдіру және мәдениаралық деңгейде кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін меңгеру [2].

Қазіргі заманғы тілдік және шеттілдік білім берудің әдіснамалық негіздерін қайта қарау және әзірлеу орынды. Бұл негіз шетел тілін оқытудың барлық қолданыстағы және болжамды мүмкін формалары мен деңгейлерін, шеттілді білім беру кеңістігінде құрылымдық тұрғыдан біріктіретін, мазмұндық, функционалдық, мақсаттары мен міндеттері бойынша көп вариациялы ұлттық, үйлесімді және бірізді шетел тілі білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді [3].

Қазіргі заманауи технологиялар біздің өмірімізге сенімді қарқынмен енгізілуде, «Цифрландыру» ұғымын ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі естуге болады. Білім беруді цифрландыру реформасы білім беру мекемелерін сапалы бағдарламалық қамтамасыз етумен, мысалы, білім беру ресурстарына, қазіргі заманауи ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелеріне, әлемнің әртүрлі тілдеріндегі электрондық ғылыми кітапханаларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелермен жарықтандырудан тұрады. Ол үшін білім беру мекемелерін қазіргі замануи

техникамен, дәлірек айтқанда, интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар компьютерлермен қамтамасыз етіп қана қоймай, оны білім беру мақсаттарын жүзеге асыру үшін де пайдалану қажет.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы білім беру саясатын оңтайландыру мен жеделдетудің инфрақұрылымдық-технологиялық негізі болуға бағытталған. Жалпы мемлекеттік басымдық арнасында цифрлық технологиялар, ресурстар білім беру жүйесін жаңартудың «инфрақұрылымдық жотасына» айналуда. 2023-2029 жылдарға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға және киберқауіпсіздікті нығайтуға бағытталған, цифрлық трансформация тұжырымдамасында платформаға негізделген цифрландыру моделіне көшу, жасанды интеллектті білім беру процестеріне интеграциялау және экономиканың барлық салалары мен аймақтарды ұлттық инновациялық жүйеге жүйелі түрде тарту қажеттілігіде атап өтілген [4]. Жасанды интелект (ЖИ) технологияларының пайда болуымен Қазақстан оларды білім беруді қоса алғанда, негізгі салаларда енгізу бойынша белсенді қадамдар жасауда. Осы бастаманың аясында ЖИ технологиясын білім беру және мемлекеттік қызметтерге интеграциялауға бағытталған 2024-2029 жылдарға арналған ЖИ тұжырымдамасы әзірленді [5]. Осылайша, шетел тілін оқытуда цифрлық платформалар, мультимедиалық құралдар, виртуалды шындық, ойын және кейс модельдеу, жасанды интеллект сияқты интерактивті және иммерсивті технологияларды пайдалану стратегиялық маңызды тәсілге айналуда, бұл білім беру сапасын жақсартуға, студенттердің дағдыларын дамытуға және оларды халықаралық кәсіби ортаға сәтті интеграциялануға дайындығына ықпал етеді. Бұл технологиялар студенттердің жеке дамуына ғана емес, сонымен қатар кәсіби ортада өзара әрекеттесу үшін қажетті коммуникациялық дағдыларын дамытуға да ықпал етеді. Шетел тілін оқытудағы интерактивті және иммерсивті тәсілдің тиімділігі кейінгі зерттеулердің эксперименттік деректерімен расталды, олар студенттердің оқу үдерісіне қатысуының айтарлықтай артқанын, сондай-ақ мотивация мен оқу өнімділігінің артқанын көрсетеді.

Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзырет шетел тілін оқыту міндеттері үшін жиынтығында ықпалдасатын адамның практикалық қызметке зияткерлік-тұлғалық қабілеті ретінде қарастырылады. Құзыреттіліктерді қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдени контекстті меңгеру қажеттілігін өзектендіреді. Сондай-ақ, шетел тілін меңгерумен байланысты коммуникативтік, мәдениаралық, цифрлық және кәсіби құзыреттерге қатысты зерттеулердің бірыңғай когнитивтік-лингвокультурологиялық тұжырымдамасының әзірленуіне байланысты [6] М.В. Абрамова [7], Т.А. Кульгильдинова [8], А.Т. Чакликова [9], Д.М. Джусупалиева сынды ғалымдардың зерттеулерінде өз жалғасын тапты [10]. Біз ғылыми және практикалық зерттеулердің аталған бағыттарының әртүрлі векторларын белгілегенімізге қарамастан, оларды цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қалыптастырудың ақпараттық, мәдениаралық кәсіби тетіктерін іздеу біріктіреді.

Зерттеудың өзектілігін талдау барысында болашақ мұғалімдердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті цифрлық мәнмәтін арқылы қалыптастыруды жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында: болашақ мұғалімдердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті цифрлық мәнмәтін арқылы қалыптастырудың қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі, цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау маңыздылығы мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы бойынша қарама-қайшылықтар бар екені айқындалды. Осы қарама-қайшылықтардың шешімін табу мақсатында және зерттеу жұмысының тақырыбын «Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеу жұмысы 2025-2027 жылдар аралығында «AP26100839 – Туризм саласының мамандарына шет тілін оқытуда геймификацияны қолдану арқылы иммерсивті білім беру ортасын педагогикалық жобалау» атты мемлекеттік ғылыми қаржыландырылған жоба аясында орындалған.

Зерттеу нысаны: Цифрландыру мәнмәтінінде жоғары оқу орнында шетел тілінің болашақ мұғалімдерін даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: Шеттілді білім беруді цифрландыру мәнмәтініде шетел тілінің болашақ мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу мақсаты: мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру арқылы, теориялық-әдіснамалық жағынан негіздей отырып цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау әдістемесін әзірлеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы оның тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің мақсаты мен гипотезасы зерттеудің келесі **міндеттерін** тұжырымдауға мүмкіндік берді:

– мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің мәні мен мазмұнын ашу және оның компоненттік құрамын айқындау;

– шеттілдік білім беру барысында мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тенденцияларды негіздеу;

– болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлау әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;

– цифрлық қызметтің негізі ретінде болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлаудың моделін әзірлеу;

– цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін эксперименттік тексеруден өткізіп дәлелдеу.

Зерттеу болжамы: *егер* шеттілді мәдениаралық коммуникацияны мәнмәтіндік оқыту негізін кәсіби-коммуникативтік, құзыреттілік, тұлғалық-әрекеттік тәсілдер айқындаса; мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру құралы ретінде цифрлық технологиялар модулі оның орталық білім беру үрдісін үнемі жаңарту негізделінсе, *онда* болашақ шетел тілі

мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің нәтижелілігі елеулі көтеріледі, шетел тілін оқыту тиімді іске асырылады, *өйткені* модельдың негізінде когнитивтік-лингвокультурологиялық әдіснама жатыр.

Зерттеудің жетекші идеясы: иммерсивті-коммуникативтік технологиялардың болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің интеграциясы түбегейлі жаңа интегративті феноменнің білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде педагогті даярлаудың кәсіби тұжырымдамасын жүзеге асырудың жүйе құраушы факторы ретінде әрекет ететін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуына негіз жасайды.

Зерттеу әдістері: жұмыста зерттеу проблемасы бойынша лингводидактикалық, әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау; жинақтау, құрылымдау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау; эмпирикалық әдістер: сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, педагогикалық эксперимент, сараптамалық бағалау; мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері; шкалаларын есептеу, динамикалық өзгерістерді талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің дереккөздері: үздіксіз педагогикалық білім беру туралы ресми құжаттар (заңдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар және т.б.); цифрландыру мәнмәтінінде білім беру үдерісі туралы педагогикалық оқу бағдарламалары, оқулықтар мен электрондық оқу құралдары, мерзімдік ғылыми-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары, мерзімдік ғылыми-әдістемелік басылымдар, педагогикалық тәжірибелер, халықаралық есептер мен мәтериалдар (TALIS, CEFR) зерттеу барысындағы авторлық жеке педагогикалық іс-тәжірибесі.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: тұлғалық-әрекеттік тәсіл бойынша еңбектер (Л.С.Выготский, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдова, С.М. Джакупов); құзыреттілік білім беру саласындағы зерттеулер (А.А. Вербицкий, Н.А. Кокорина, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской С.С. Кунанбаева, С.А. Узакбаева, А.Н. Жорабекова, А.М. Шакиева); мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреті саласындағы жұмыстар (М. Байрам, D.K. Deardorff, A.E. Fantini, И.Л. Плужник, П.В. Сысоев, П.К. Елубаева, У.К. Орынбаева); кәсіби-коммуникативтік саласындағы шығармалар (С.С. Кунанбаева, К.К. Дуйсекова, Т. Михайлова А.К. Маркова, C. Dodd, N. Spada, K. Brandl); болашақ шетел тілі мұғалімдерінің шеттілді білім беруді цифрландыру саласындағы еңбектер (Д.М. Джусубалиева, Н.У. Нургалиева, А.Т. Чакликова, Т.А. Кульгильдинова Ш.А. Жубанова, А.И. Артыкбаева, Е.В. Тожигулова, М.Г. Соколова, А.А. Андреев, Е.С. Полат, А.Ю. Уваров, М.В. Кузьминова, Ю.Н. Афанасьев, Ю.В. Корнилов, D. Buckingham, C.A. Hafner, K. Courville, L. Lelu).

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі элементі ретінде мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің ұғымы, мәні және құрамдас бөлігі ізденістерге қосылған елеулі үлес болып табылады.

Зерттеудің теориялық маңызы – цифрландыру, кәсіптік даярлау, ұғымдары және ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық-функционалдық, инновациялық-

интегративті принциптер технологиялардың біртұтас жүйеде үйлесуін қамтасыз етеді. Цифрландыру мәнмәтінінде білім беру процесінде ақпараттық ресуртары және мазмұны шетел тілін үйретуге тиімді пайдалануға үлес қосады.

Кәсіби-коммуникативтік, құзыреттілік, және тұлғалық-әрекеттік тәсілдер логикасында нақтылаудан; нормативтік талаптарды, цифрлық ерекшеліктерді және үрдістер, моделді негіздеуден, ерте шетел тілін оқытудан тұрады. Зерттеу ағылшын тілін оқыту аспектісінде мұғалімдердің педагогикалық құзыреттілігі мен үздіксіз кәсіби білімінің заманауи теорияларын толықтырады.

Жоғары педагогикалық білім беру мекемелерінің және әдістемелік сүйемелдеу жүйесінің қызметінде әзірленген моделі, диагностикалық критерийлер және оқу-әдістемелік материалдары (цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру модулі, кейстері, сабақты жоспарлау үлгілері, бақылау парақтары, қалыптастырушы бағалау айдарлары) пайдалану мүмкіндігімен айқындалады. Модель мен модуль болашақ шетел тілі мұғалімдердің бағдарламаларына енгізілуі мүмкін, ал әзірленген критерийлер мен көрсеткіштер мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілік деңгейін диагностикалау және бақылау үшін қолданылады.

Сонымен қатар иммерсивті оқыту технологияларын, интерактивті оқыту әдістерін (контекстік-стратегиялық және иммерсивтік-коммуникативтік тапсырмалар) модульдік-құзыреттілік жүйесін, сондай-ақ ақпараттық-лингводидактикалық сипаттарын шетел тіліндегі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға болады.

«Шетел тілін оқыту әдістемесі және білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде кәсіби ағылшын тілі» оқу-әдістемелік кешенін шетел тілі мұғалімдері сабақтарда қолдана алады.

Зерттеу базасы: Тәжірибелік жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінде жүзеге асырылды.

Зерттеу кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2020-2021 жж.) цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қалыптастыру бойынша эмпирикалық материал жинақталды, санатты аппарат пен негізгі теориялық ережелер жасалды.

Екінші кезеңде (2021-2022 жж.) практикалық эксперимент жүргізілді: білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды; білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің құрылымы айқындалған; зерттеу және қалыптастырушы эксперименттерді жүргізу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру әдістемесі әзірленді.

Үшінші кезеңде (2022-2023 жж.) педагогикалық эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер жүйелендірілді, өңделді және қорытылды, білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің

мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін зерттеудің перспективалық бағыттары айқындалды, ұсыныстар әзірленді, оқу материалдары шығарылды, әдебиет жүйелендірілді, қойылған талаптарға сәйкес диссертация дайындалды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

– мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің мәні мен мазмұны нақтыланды, оның тілдік және әдістемелік құзыреттіліктермен байланысы көрсетілді және оның тілдік және әдістемелік субқұзыреттіліктермен байланысы көрсетілді;

– мемлекеттік білім беру стандарттарын, «Педагог» кәсіптік стандартын, болашақ шетел тілі мұғалімдерін дидактикалық құзыреттілігін дамыту ерекшеліктері және мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған үрдістер теориялық тұрғыдан негізделді;

– болашақ шетел тілі мұғалімін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін дамытудың моделі өзара байланысты модульдерді қамтитын жүйесі әзірленді және теориялық негізделді: бастапқы деңгейдегі диагностика, бақылау және рефлексия; педагог және білім беру процесі деңгейінде модельді іске асырудың күтілетін нәтижелері анықталды;

– болашақ шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық қызметінің негізі ретінде мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілік деңгейін бағалау үшін диагностикалық критерийлермен сәйкестендірілді және «Шетел тілін оқыту әдістемесі және білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде кәсіби ағылшын тілі» оқу-әдістемелік кешені әзірленді;

– цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті дамытудың әзірленген моделінің тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді: кіріс және қорытынды сауалнама деректерін салыстыру, шкалаларды есептеу, бақылау парақтарын талдау және кореляциялық талдау негізінде мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша оң динамика аниқталды, қалыптастырудың әдістемесі ұсынылды және оның тиімділігі эксперименттік тексеруден өткізіліп дәлелденді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдары:

1. Болашақ мұғалімнің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігі шетел тілін меңгеруге, тиімді оқыту, ақпаратты іздеу, талдау, құру және оны заманауи цифрлық мәнмәтінде пайдалану, кәсіби оқыту нәтижелерін жеткізу қабілеті болып табылады. Бұл құзыреттілік біз ұсынған мәдениаралық-когнитивтік, контекстік-топтастырушы және интерактивті-дидактикалық сұбқұзыреттерден тұрады.

2. Болашақ шетел тілі мұғалімдері білім беру үдерісінде заманауи цифрлық технологиялар арқылы сабақты тиімді құрастыруға, мәтінмен жұмыс жасай отырып сыни ойлауға, логикалық талдау жасауға саналы түрде мүмкіндік алады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби қызметке жан-жақты дайындау үдерісі сонымен қатар оқыту әдістемесі, педагогикалық шеберлігі, цифрлық технологиялары оқу материалының мазмұнын визуалды тұрғыдан тартымды етуге студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасайды.

3. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру моделі сөйлеу әрекетінің негізі ретінде мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық, прцессуалды, бағалау және нәтижелік компоненттер арқылы теориялық және практикалық аспектілерін біріктіреді және болашақ кәсіби қызмет аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерін шетел тілін оқуға деген белсенділігін арттырады.

4. Біз ұсынған әдістемелік жүйенің ғылыми-теориялық негізін а) әдіснамалық тәсілдер: кәсіби-коммуникативтік; құзыреттілік; тұлғалық-әрекеттік; б) үрдістер: болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіптік оқыту мәдениаралық теориясымен байланысы, мәтіндік әрекет, шетел тілін кәсіптік бағытталған оқыту цыфрлық мәнмәтінде пайдалану және контекстік технология және инновациялық әдістер құрайды.

5. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін жүзеге асыру бастапқы, прагматикалық және ілгері кезеңдерді және эксперименттік тексеруді қамтиды. Бұл кезеңдердің кәсіби дағдылар деңгейін арттыруға және сұбқұзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мазмұны арқылы жиынтығы болып табылады.

Зерттеудің талқылануы мен мақұлдануы.

Диссертацияның қорытындылары мен нәтижелері басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда 11 ғылыми мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде Scopus мәліметтер базасында 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарияланды, РИНЦ базасына енетін ғылыми басылымдарда 2 мақала, сондай-ақ шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарында 3 мақала жарияланды.

Зерттеудің құрылымы: диссертациялық зерттеу кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ЦИФРЛАНДЫРУ МӘНМӘТІНІНДЕ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың үрдістері мен ерекшеліктері

Осы параграфта біз мәдениаралық қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін меңгеру үшін қажетті мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қамтамасыз ету үшін шеттілді білім берудегі кәсіби даярлық мәселелерін қарастырамыз. Ол үшін болашақ мұғалімнің мәдениаралық сипаттағы оқу іс-әрекеті нысандарындағы мазмұндық-контекстік бейнелеу міндетін шешу қажет. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіптік оқыту мәдениаралық теориясымен байланысы. Отандық және шетелдік ғалымдар мәдениетпен тілдің байланысын растады, бұл түрлі елдер өкілдерінің өзара түсіністігімен өзара іс-қимылы үшін маңызды. Бүгінгі таңда осы жағдайдың арқасында мәдениаралық коммуникация өз шекарасын кеңейтті, оған тіл құбылыстарын талдау арқылы шетел тілін оқытуды ел мәдениеті туралы ақпаратпен ықпалдастыру; көп мәдениетті тіл тұлғасының теориясы; шетел тілін оқытудың мәдени орталықтандырылған парадигмасы және т.б. жатқызуға болады. Ғалымдар, олардың ішінде қазіргі уақытта мәдениаралық құзыретті жыл сайын жаңа тәсілдер мен көзқарастар пайда болып жатқан зерттеу саласы болып табылады. Ғалымдар мәдениаралық коммуникацияның табысы көбінесе қатысушылардың мотивациясымен (басқа мәдениет туралы білуге ашықтығы), эмоционалды жағдайымен (әртүрлі мінез-құлыққа оң реакция стеориптерді жеңу қабілеті) және жеке қасиеттерімен (төзімділік, эмпатия, құндылықтар) анықталады деген қорытындыға келеді. Алғаш рет «мәдениаралық құзыреттілік» ұғымы ғылыми дискурсқа 1954 жылы Г. Трейгер мен Э. Холлдың «Мәдениет және Коммуникация: талдау моделі» атты еңбегінің жариялануымен енгізілді. Э. Холл мәдениетті коммуникация тұрғысынан қарастыруды алғаш рет ұсынған және сонымен қатар адамның басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесу қабілеті мен ниетіне қатысты «мәдени құзыреттілік» терминін енгізген [11].

Болашақ шетел тілі мұғалімін жоғары оқу орнында кәсіби даярлау өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады және мазмұны жағынан өзге сала мамандарын кәсіби даярлаудан айрықшаланады. Тілдік жоғары оқу орнында, атап айтқанда, шетел тілдері факультетінде, ең алдымен, гуманитарлық бағыттағы маман, өзге тілді меңгерген әрі оны оқытуға қабілетті тұлға даярланады. Мұнда студент тек «Ағылшын тілі» пәнін оқытуға ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын саналы түрде ұғынуға үйретеді. Сондай-ақ, кәсіби қызметті екінші тілдік тұлға аясында жүзеге асыруға даярлау көзделеді.

Зерттеушілер мәдениаралық коммуникация тұралы әртүрлі анықтамаларды ұсынады.

Дюрама университетінің (Англия) профессоры, Британдық әдіскер Майк Байрамның мәдениаралық құзыреттілік моделі, біздің ойымызша, ең жан-жақты

болып табылады, ол мәдениаралық коммуникация кезінде коммуникативтік әрекеттің мақсатына жетуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның қасиеттерін, дағдылары мен қабілеттерін қамтиды. Ғалымның пікірінше, мәдениаралық құзыреттілік әртүрлі мәдениет өкілдерінің: 1. Бір-біріне ашықтық пен қызығушылыққа негізделген диалог құруы, шетелдік және өз мәдениетіне қатысты стереотиптерден арылуы; 2. Өз елі мен коммуникациялық серіктесінің елі туралы білімге ие болу; 3. Басқа мәдениет туралы білімді пайдалана отырып, әңгімелесушінің кез келген хабарламасын түсіндіре алуы; 4. Басқа елдің мәдениеті мен мәдени ерекшеліктері туралы жаңа білімді игеруі және бұл білімді нақты уақыт режимінде пайдалануы; 5. Мәдениет туралы сыни түсінікке негізделген өз және басқа мәдениетке тиесілі көзқарастарды, модельдерді және қызмет өнімдерін бағалауы керек [12].

Американдық ғалымдар М. В. Лустиг, Д. Костер мәдениаралық өзара әрекеттесуде мәдениаралық құзыретілікке жету күрделі міндет екенін атап өтеді, себебі мәдени айырмашылықтар қарым-қатынас кезінде мағыналар мен күтулерде екіұштылық тудыруы мүмкін, сондықтан қарым-қатынас дағдыларының жоғары деңгейін талап етеді [13].

Д. Бэнкстің айтуынша мәдениеттердің салыстырудың тікелей үдерісінен және басқа қоғамның мәдениетіне қатысты сөзсіз пікір білдірушілік көзқарастан аулақ болу үшін «мәдени әмбебап» ұғымын енгізу қажет екенін атап көрсетеді. Мұндай ұғым, бір жағынан, берілген сапаның барлық мүмкін көріністерін қамтитын жаһандық анықтамалармен байланысты мәдениеттерді салыстыруға негіз болады, ал екінші жағынан, мәдени санаттарға танысудың бастапқы кезеңінде өз мәдени тұжырымдамаларын басқа әлеуметтік-мәдени жүйеге экстраполяциялауға мүмкіндік береді [14].

Кентербери университетінің профессоры Ники Дэвис мәдениаралық құзыреттілік дегеніміз – адамның өз білімін, көзқарасын және мінез-құлқын басқа мәдениетке бейімдеу қабілеті деп санайды [15].

Мәдени факторлардың әсері мәдениаралық коммуникативтік құзыреттілікті зерттеуді айтарлықтай күрделі етеді. Негізінен, мәдениаралық коммуникативтік құзыреттілік келесілерді қамтиды: а) тұлғааралық коммуникативтік дағдылар; б) әртүрлі мәдениеттерге бейімделу қабілеті; в) әртүрлі әлеуметтік жүйелермен өзара әрекеттесу қабілеті; г) тұлғааралық қарым-қатынас орнату қабілеті; д) басқаларды түсінуге қабілеті [16].

Э. Сепирдің айтуынша, әрбір мәдени жүйе және әрбір әлеуметтік мінез-құлық актісі тікелей немесе жанама түрде коммуникацияны білдіреді [17]. Т.Б. Фриктің айтуынша, Мәдениаралық коммуникация – бұл әртүрлі мәдениеттерді білдіретін адамдар арасындағы коммуникация [18].

Ал С.Г. Тер-Минасованың айтуынша, әрбір шетел тілі сабағы мәдениеттердің тоғысы, мәдениаралық қарым-қатынас тәжірибесі болып табылады, себебі әрбір шетел сөзі шетел әлемі мен шетел мәдениетін көрсетеді: әрбір сөздің артында ұлттық санамен шартталған әлем туралы түсінік жатыр дейді ғалым. Сондай-ақ шыдамдылық, төзімділік және толеранттылық деген үш ұғым мәдениаралық коммуникацияның сәтті болуының әмбебап формуласы

болып табылады. Сондай-ақ мәдениаралық коммуникация – бұл әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы байланыс және өзара әрекеттесу, ол жеке тұлғалар мен олардың қауымдастықтары арасындағы тікелей байланыстарды, сондай-ақ жанама коммуникация түрлерін (тіл, сөйлеу, жазу және электрондық коммуникацияны қоса алғанда) қамтиды [19]. Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың пікірінше, мәдениаралық коммуникация әртүрлі ұлттық мәдениеттерге жататын коммуникацияға қатысушылар арасындағы өзара түсіністіктің жеткілікті болуы [20]. А.П. Садохин өзінің «Мәдениаралық коммуникация теориясына кіріспе» оқулығында мәдениаралық коммуникация процесіне қатысты көптеген теориялық мәселелерді атап өтті. Ғалым мәдениаралық коммуникация теориялық және практикалық зерттеулер контексінде коммуникацияның нақты қасиеттері, түрлері және формалары бар коммуникативтік жүйе ретінде қарастырылатынын хабарлайды [21].

Н.Д. Гальскова мен Н.И. Гез пайымдауынша, мәдениаралық құзыреттілік – бұл тұлғаның мәдениеттер диалогы, яғни мәдениаралық коммуникация жағдайында өз әлеуетін тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін интегративті қабілет. Аталған құзыреттіліктің дамуы шетел тілінің мәдениетін игеру мен тұлғаның өзіндік санасы мен өзіне деген қатынасын қамтитын тәжірибесінің дамуының өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асады [22]. А.Н. Щукин мәдениаралық құзыреттілікті басқа мәдениет өкілдерімен сәтті қарым-қатынас жасау мүмкіндігі деп санайды және оған жалпы мәдени және мәдени-ерекше білім, практикалық қарым-қатынас дағдыларына жатқызады [23].

Ю.В. Агранат «мәдениаралық оқыту» ұғымына шетел тілін оқытуды қосады және «тілдермен мәдениеттердің көптігі, білім алушының әлемдік мәдениет жүйесіне ықпалдасуына есептелген оқыту» деп белгілейді [24]. А.В. Нуждин мәдениаралық құзыреттіліктің когнитивтік аспектісін баса көрсетеді және басқа мәдениеттердің өкілдерімен олардың менталитетінің ерекшеліктерін, диалогтық өзара іс-қимыл құндылықтарына бағытталғандығын ескере отырып, өзге тілдерді, коммуникативті, лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, кәсіби құзыреттерді және мәдениаралық коммуникацияға дайындықты біріктіретін тұлғалық сапа ретінде айқындайды және басқа мәдениеттер туралы білімнің кәсіби-жеке мағынасын терең ұғынатынын көрсетеді [25]. А.Д. Карнышевтің пікірінше, мәдениаралық құзыреттілік, адамның этнопсихологиялық ерекшеліктерін міндетті түрде ескере отырып, басқа мәдениет өкілдерімен табысты қарым-қатынас орнатуына көмектесетін әлеуметтік дағдылармен қабілеттер кешені ретінде қарастырылуы мүмкін [26]. Табысты мәдениаралық коммуникация үшін тұлғаның құндылық бағдарларымен ұстанымдары, белгілі бір біліммен дағдылар, тұлғаның дамыған коммуникативтік қасиеттерімен психофизиологиялық қасиеттерімен когнитивтік дағдылары маңызды. Отандық ғалым С.С. Құнанбаеваның пікірінше, тұлғаның «мәдениаралық коммуникация субъектісі» ретінде дамуы «жеке тұлғаның жаңа когнитивтік-лингвомәдени кешендерді қалыптастыру бойынша саналы және мақсатты әрекетін» білдіреді. Зерттеуші бұл кешендердің өсуіне ықпал ететін атап өтеді; шетел тілі мен шетел мәдениетін зерттеген кезде жаңа лингвомәдениет жеке тұлғаның ақыл-ой білімі,

санасы жүйесіне енген «жеке тұлғаның лингвомәдени орны» артады және де тілдік білім берудегі қалыптасу объектісі ана тілі үшін «лингво-кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік», екінші тіл үшін «лингво-коммуникативтік құзыреттілік» және шеттілдік білім берудегі шетел тілі үшін «мәдениаралық-коммуникативтік құзыреттілік» болып табылады деп белгілейді. Сонымен қатар, ана тілі үшін «бастапқы тіл тұлғасын», екінші тіл үшін «қайталама тіл тұлғасын» және шетел тілі үшін «мәдениаралық коммуникация субъектісін» білім беру нәтижесі деп таниды [27].

Болашақ шетел тілі мұғалімдері белгілі бір әлеуметтік және мәдени жағдайларда тілді дұрыс пайдалануға назар аударуы өте маңызды, сондықтан кәсіптік оқыту үшін «ақпарат» және «білім» сияқты ұғымдарды бір-бірінен ажырата білу қажет. Ақпарат объективті түрде берілген таңбалы (семиотикалық) жүйені білдіреді, ал білімі «шындықты тану нәтижесі тексерілген практикамен, дәлірек айтқанда іс-қимылға басшылыққа алынған адамның оны көрсетуі» [28]. Ғалымдар «студенттерді таңбаларды немесе олардың жүйелерін жаттап алуға бағдарлай отырып, оның мағынасын (контексті) түсінбей, кәсіптік-бағытталған ойлауды қалыптастыру және оқу ақпаратын білімге, іскерлікке, дағдыға айналдыру мүмкін емес» деген пікірге келеді. Ақпарат білімге айналу үшін студент өз санасында белгіден (ақпараттан) ойға, ал одан іс-әрекетпен әрекетке екі есе ауысу керек [29].

Жалпы көптеген ғылыми еңбектерге сүйене келе, келесі қорытындыға келдік: тіл – мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ол күнделікті қарым-қатынас жасау, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, коммуникативтік және мәдени білім мен дағдыларға ие болуы керек. Жұмысымызда Н.Д. Гальскова, және Д. Бэнкстің зерттеулеріне сүйене отырып, мәдениаралық құзыреттіліктің ішінде қарым-қатынас жасау, шетел тілінің мәдениетін меңгеру және басқаларды түсінуге қабілетті болу деген ұғымдарға түсінік береміз. Өйткені әрбір ағылшын тілі сабағы ол тек грамматикамен тоқталмайды, әрбір ағылшын сөзі жаңа мәдениет, басқа елді түсіну болып табылады. Қорыта келе, мәдениаралық тиімді қарым-қатынас жасау үшін тілдік құралдарды таңдай білу, берілген мәдениетте қабылданған мінез-құлық нормаларын ұстану, әңгімені дұрыс бағытта жүргізе білу, өз ойларын анық білдіре білу және коммуниканттың ойын түсіне білу. Сонымен мәдениаралық құзыреттілік – болашақ мұғалімнің ағылшын тілінде сабақ жүргізе алу, диологтік өзара әрекетті тиімді ұйымдастыру және оны әмбебап коммуникацияға даярлау қабілетін білдіретін кешенді кәсіби сапа.

Мәтіндік әрекет. Кәсіби стандартта мұғалімнің мәтіндік қызметіне баса назар аударылады. Болашақ мұғалімдердің шеттілді білім берудегі кәсіптік даярлығы мазмұнның мемлекеттік бағдарламалармен «Педагог» кәсіптік стандартының талаптарына сәйкестігін анықтауды талап етеді, онда мұғалімнің сабақтың мазмұнында неғұрлым маңызды, негізгі идеяларды, ұғымдарды бөліп көрсете білу және оларға білім алушылардың назарын аудару қабілеті көрсетілген. Зерттеушілердің жұмыстарында динамикалық тәсіл тұрғысынан мәтін дәйекті сөйлеу әрекеттері түрінде ұсынылады және оның нақты қызмет жағдайларына байланысты сипатталады; мәтіндерді құру заңдылықтарының

коммуникативтік қарым-қатынас ережелері негізінде түсіндіріледі, ал оны талдау үшін коммуникативтік-прагматикалық бірліктер пайдаланылады. Мәтінді зерделеудің жүйелі және коммуникативтік тәсілдері тең құқықты және бір-бірін толықтырушы ретінде қарастырылады. Ғалымдардың пікірінше, мәтінге деген жүйелік және коммуникативтік тәсілдерді олардың баламалы қарсы қоюы емес, «тілмен сөйлеу құбылыстарына шынайы диалектикалық, біржақты емес тәсіл болып табылады». Адамның ақпараттық және мәдениаралық құзыреттерді иелену үдерісін модельдеуге мүмкіндік беретін қасиеттерге ие виртуалды білім беру ортасын құруды көздейтін білім беру үдерісін ұйымдастыру сипатына құндылық қатынасты іске асыру.

Жоғары оқу орнында болашақ шетел тілі мұғалімін даярлау оның инновациялық, шығармашылық типтегі ойлауын қалыптастыруды талап етеді. Мұндай ойлаудың басты сипаты коммуникативтік сөйлеу әрекеті барысында туындайтын тілдік өнімді жасай алу қабілеті.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің педагогикалық қызметінің шығармашылық бағыттылығы төмендегілерді көздейді:

– жаңа полилингвалды және полимәдени формациядағы педагог ретінде өз мүмкіндіктерін объективті бағалай білу, меңгерілетін мамандыққа қатысты өзінің күшті және әлсіз қырларын (өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бағалау ерекшеліктері, вербалды және бейвербалды көріністері, коммуникативтік-дидактикалық қабілеттері және т.б.) айқындау;

– ойлау, есте сақтау, қабылдау, зейін, қайта жаңғырту үдерістерін, сөйлеу этикеті мен мінез-құлық мәдениетін, педагогикалық қарым-қатынасты белсендіру арқылы зияткерлік іс-әрекеттің жалпы мәдениетін меңгеру;

– біртұтас әлемдік білім беру кеңістігі жағдайында жүзеге асырылып жатқан ауқымды жаһандану және интеграциялық үдерістерге бағдарлай алу, олардың мәні қазіргі білім берудің полимәдени сипаты мен болашақ шетел тілі мұғалімінің жан-жақты тілдік даярлығын қамтамасыз етуге негізделетінін түсіну.

Интерактивті грамматикалық жаттығуларды орындау, оқытушының әдістемелік нұсқауларымен қамтамасыз етілген, алынатын кәсіп үшін өзекті әртүрлі жанрдағы жарияланымдарды оқу, рефераттау және аннотациялау тілді шеттілді мәдениетпен тығыз байланыста меңгеруге мүмкіндік береді, білім алушылардың білімін жүйелеудің кешенді мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, адамды толыққанды ақпараттық-білім беру ортасы жағдайында бағдарлауға үйрету қажет, ол үшін ақпараттық құзыреттерді қоса алғанда, оқытушыларды оқытудың жаңа нысандарына даярлауға қабілетті үздіксіз білім берудің алғышарттарымен жағдайларын жасау қажет. Бұл үшін оқу материалын ұйымдастыру және бақылау, оқу-әдістемелік құралдармен электрондық кітапханалар қорларын пайдалану, жаһандық және жергілікті компьютерлік желілердің қазіргі заманғы есептеу ресурстарын қолдану, шеттілде оқыту ресурстарын оңтайлы пайдалануды жоспарлау қажет. Осының бәрі білім берудің мағынасын жаңаша түсінуге мүмкіндік береді, оның орталығында «мәдениет адамы», қызметпен ойлаудың қолма-қол нысандарына қосылып қана қоймай,

олардың негізін қайта құруға, түрлі мәдени мағыналарды үйлестіруге қабілетті адам болуы тиіс. Мұндай тәсіл оқу үдерісін ұйымдастыру нысандарын және оқыту әдістерін, сондай-ақ білім берудің мазмұнын өзгертуді талап етеді.

Т.М. Дридзе айтуынша интелектуалдық ойлау әрекеті – коммуникацияның әртүрлі салаларында қарым-қатынасты жүзеге асыруға бағытталған танымдық қызмет. Мәтіндік әрекетке қабылдау үдерісі тән, яғни когнитивтік қабылдау, түсіну механизмі коммуникацияның түрлі салаларында қарым-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында іске асырылады және де мәтін белгілі бір қарым-қатынас саласында тілдік жүйені іске асырудың коммуникативтік бағдарланған, тұжырымдамалық негізделген өнімі болып табылады, ол ақпараттық-мағыналық және прагматикалық мәнге ие [30].

Н.С. Болотнова пікірінше, дәл мәтіндік әрекет мәтінге ерекше назар аудартады: мәтінді оқу немесе тыңдау барысында оны қабылдау, түсіну және аналитикалық сипаттағы әрекеттер арқылы тереңірек ұғыну, сондай-ақ өнімді (шығармашылық) тапсырмаларды орындау үдерісінде өз мәтінін құрастыру жүзеге асырылады. Мәтіндік әрекеттің тепе-теңдігі мен өнімділігінің объективті көрсеткіші студенттің түсінген немесе өзі құрастырған мәтіні болып табылады. Әрине, мәтіндік әрекет – бұл сөйлеу әрекетінің бір түрі; ол арқылы мәтінге деген қатынас (оның барлық белгілерінің тұтастығында) жүйелі түрде көрініс табады. Сонымен қатар, ол мәтіннің пәндік-лингвистикалық және мазмұндық мәнін айқындайтын коммуникативтік сипатқа ие, сондықтан «мәтінмен диалог» тұралы айту орынды [31].

И. Сотова атап өткендей, оқу үдерісінде мәтіннің рөлінің үнемі арта түсуі мәтінмен жүргізілетін оқу-дамытушылық жұмысты, яғни мәтіндік әрекетті ұйымдастыруға, сондай-ақ ағылшын тілін оқытудағы жаңа педагогикалық шындықтарды білдіретін әдістемелік терминдерге ерекше назар аударуды талап етеді. Білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларында ұсынылатын оқу үдерісінің дамытушы модельдеріне қойылатын талаптар пәндік құралдар арқылы оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңартумен тығыз байланысты. Бұл өз кезегінде жаңа терминдердің, әсіресе «мәтін» түйінді сөзіне негізделген ұғымдардың пайда болуына әкеледі. Білім сапасын арттыру көп жағдайда мәтіннің орны мен рөліне, оның когнитивтік, аксиологиялық және метапәндік сипаттамаларына тәуелді [32].

О.Н. Левушкиннің айтуынша, мәтіндік әрекет аксиологиялық және мәтінцентрлік тұғырларды кіріктіре отырып, аксиологиялық мәтінцентризмді қалыптастырады және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ол оқу үдерісінің мәдениеттанымдық құрамдасын күшейтіп, үйлесімді білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді [33]. Сонымен қатар мәтіндік құзыреттілік, студенттің тек «гуманитарлық білімнің жиынтығын игергенін» ғана емес, сонымен қатар бұл білімді алу қабілеттерімен қаруланғанын да көрсетеді, бұл болашақ мұғалімнің «еркін өзін-өзі білімдендіру» үдерісі үшін аса маңызды. Сонымен меңгеру үшін шешуші рөл атқарады [34]. Студенттердің сөйлеу әрекетінің сапасы қанағаттанарлық деңгейде емес олардың дайындаған мәтіндері, баяндама, курстық жұмыстар мен

шығарма тапсырмалары бұны көрсетеді. Студенттер әлі де пікірталас жүргізу мәдениеті туралы шектеулі түсінікке ие және талқыланып отырған мәселе бойынша өз көзқарасын жеткізу барысында қиындықтарға тап болады.

Әртүрлі жазбаша сөйлеу деректерінен, мәтіндерден өзекті ақпаратты жеткілікті деңгейде алу және қолдану қабілетінің болмауы, мәтіннен алынған ақпаратты жеткізуге және оны шығармашылық түрде қайта өңдеуге қатысты сөйлеу репродуктивтік және өнімді дағдылардың қалыптасуы, оқылған мәтінге қатысты өз пікірін қалыптастыру қажеттілігі студенттердің мәтіндік әрекетінің жеткілікті деңгейде ұйымдастырудың жоқтығын айқын көрсетеді. Біз мәтіндік әрекетті ұйымдастыруды қазіргі талаптарға сәйкес деңгейде қамтамасыз ету тек мақсатты және жүйелі оқытудың нәтижесінде ғана мүмкін деп есептейміз. Мәтіндік әрекетті ұйымдастыруға арналған педагогикалық технологияны әзірлеу авторлық мәтінді жеткілікті деңгейде түсінуден өз мәтінін құрастыруға, сөйлеуді репродукциялаудан оны өнімді түрде жасауға біртіндеп көшуге бағытталған. Және бұл мәтіндік тапсырмалардың ойластырылған жағдаятқа сүйенеді: олардың кәсіби сәйкес келуі, құрастырған өзара әрекет жағдайының шынайылығы, студенттердің назарын аударып қана қоймай, қойылған міндетті шешуге нақты ынталандырушы фактор бола алу қабілеті қамтамасыз етіледі.

Шетел тілін кәсіптік бағытталған оқыту жүйесінің тұтастығы кәсіби қызметте өзін-өзі іске асыруға және жаңа жағдайларда бейімделуге қабілетті, өз бетінше білім алу дағдылары бар маманды даярлауды қамтамасыз ететін жүйелі тәсілмен байланысты. Шетел тілін кәсіптік бағытталған оқыту барлық білім беру үдерісіне құрылымдық айқындылықпен ашықтық береді. Белгілі болғандай, сөйлеу тәртібінің әрекетті себебі нақты жағдайға қосылу болып табылады. Шетел тілін меңгеру деңгейі, егер ол оқу объектісінен «шынайы және толыққанды қарым-қатынас құралына» өзгерген жағдайда артады. Бұл әлеуметтік тәжірибені игерудің қызмет теориясының бір бағыты, ол В.В. Давыдовтың пайымдауынша, кез келген оқу үдерісін оқу іс-әрекеті деп атауға болмайды. Оның сипаттамасына сәйкес, оқу іс-әрекеті студенттердің теориялық білімдерді меңгеру үдерісінде заманауи ғылыми-теориялық ойлауын дамытуға бағытталуы тиіс. Олардың мазмұнын қандай да бір нысанның пайда болуы, қалыптасуы және дамуы құрайды, бұл тиісті ұғымда немесе құндылықта көрініс табады. Оқу іс-әрекеті теориясының мәнін В.В. Давыдов төмендегі негізгі қағидалар арқылы тұжырымдайды:

– біріншіден, студенттердің теориялық білімдерін және оларға сәйкес білік-дағдыларды меңгеруі оқу міндеттерін шешу барысында жүзеге асады мұндай міндеттерді шешу студенттерге жалпыны оның жекелеген көріністерін меңгермей тұрып игеруге мүмкіндік береді.

– екіншіден, мектептегі оқытудың басты өзегі балаларды оқу міндеттері жағдаятына енгізу және оқу әрекеттерін ұйымдастыру әдісі болуы тиіс қысқаша айтқанда, студенттердің шешу әдісі.

– үшіншіден, бастапқы кезеңде мұғалім ұжымдық оқу іс-әрекетін оқытушы дискуссияларды ұйымдастыруы қажет, кейіннен оны біртіндеп жеке оқу іс-әрекетіне айналдыруға жағдай жасауы тиіс [35].

С.Л. Рубинштейн педагогтың міндеті әрбір даму кезеңінде білім алушы үшін неғұрлым барабар мотивтерді анықтау екенін атап көрсетеді; осыған сәйкес ол білім алушының алдына қоятын міндетті қайта құрып, оны жаңаша мәнде түсіндіруі тиіс. Сонымен қатар, ол адамның кез келген әрекеті белгілі бір мотивтерден туындайтынын және нақты бір мақсатқа бағытталғанын ерекше айқындайды [36].

Ағылшын тілі мұғалімінің мамандығын меңгеру – өте күрделі және қиын процесс. Басқаша айтқанда, бұл, ең алдымен, қызметті меңгеру болып табылады. Зерттеуші А.Н. Леоньевтің пікірінше, «Қызмет – бұл адамның қоршаған әлеммен (соның ішінде басқа адамдармен) белсенді және мақсатты өзара әрекеттесу формасы, ол осы әрекеттесуді тудырған қажеттілікке, яғни қандай да бір нәрсеге қажеттілік немесе «маңызды» сәйкес келеді. Қажеттілік қызметтің энергетикалық көзі болып табылады. Алайда, қажеттілік өзі қызметті анықтамайды, қызметті анықтайтын сол қажеттіліктің бағытталуы мен оның нысаны болып табылады» [37].

Контекстік оқыту теориясы «контекст» деген түйінді ұғымды қамтитынын атап өту қажет. Ғалымдардың еңбектерінде «контекст» адамның өмірімен қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларының жүйесі ретінде қарастырылады, ол оның нақты жағдайды қабылдауына, түсінуіне және өзгертуіне әсер етеді, осы жағдайға тұтастай және оның компоненттері ретінде мән береді, өзінің болашақ кәсібінің мәнімен әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, оған тұрақты қызығушылық танытады [38]. Алғаш рет контексттің рөлі М.М. Бахтин [39], В.С. Библер [40] сияқты белгілі философтардың еңбектерінде тұжырымдалған. Контекстік оқытудың негізгі идеясы теориялық білімді меңгеру және оларды кәсіби міндеттерді орындау тәсілдерін, олардың тиімділігімен сапасын бағалауды пайдалана отырып практикада қолдану болып табылады. Бұл үшін студенттердің оқу қызметінің әртүрлі нысандарындағы кәсіби қызметті біртіндеп және дәйектілікпен үлгілеу қажет. Ғылым тілінде және оқытудың барлық нысандарының, әдістерімен құралдарының (дәстүрлі және жаңа) көмегімен студенттердің болашақ кәсіптік қызметінің пәндік және әлеуметтік мазмұны дәйекті түрде үлгіленетін оқыту контекст болып табылады [41]. Контекст бойынша оқыту үдерісінде студенттің оқу іс-әрекеті кәсіби іс-әрекетке айналады және нәтижесінде қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, іс-әрекеттер, операциялар, құралдар, пәнмен нәтижелер біртіндеп ауысады. Контекстік оқытудың басты аспектісі студенттердің кәсіби функциялармен міндеттерді құзыретті түрде орындау қабілеті болып табылады. Контекстік оқытуда мақсат қоюдың дидактикалық шарттары студентті танымдық қызметке ынталандырады, тиісінше оқу үдерісінің өзі жеке мағынаға ие болады, ал ақпарат студенттің жеке біліміне айналады. Контекстік оқыту технологиясы дәстүрлі оқытуды толықтырады және кәсіби білім берудің бірқатар мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі:

– танымдық ғана емес, кәсіби мотивтермен мүдделерді де қалыптастыруға;

– маманның жүйелі ойлауын тәрбиелеу;

– кәсіптік қызмет және оның құрамдас бөліктері туралы біртұтас түсінік беру.

Контекстік оқыту теориясының үш көзі бар: қызметтік оқыту теориясы, проблемалық оқыту, студенттің кәсіби қызметі және оқу қызметінің нәтижелері.

Студенттің мақсаты тек қана білім мен дағдыларды меңгеру емес, сонымен қатар тұтас кәсіби қызметті игеру болып табылады. Қызмет мұғалімге студентке мамандық алуына көмектесуге мүмкіндік береді. Студентке мамандыққа бағдарлық негіз беру. Белсенді оқыту технологиялары пайда болды, оларға мәселелік лекция, жағдайларды талдау және ситуативтік тапсырмаларды шешу кіреді. Белсенді оқытудың өнімді тәжірибесін мамандық аясында талдау қажет, сол себепті контекстік оқытуға ішкі контекст кіреді, яғни білім, тәжірибе және психологиялық ерекшеліктер.

Ал сыртқы нысаналық, әлеуметтік-мәдени және кеңістіктік сипаттамалары студент әрекет ететін жағдайлардың ерекшеліктері болып табылады. Осылайша, контекст арқасында адам не күту керегін біледі: жағдайды қалай талдау, контекстік ақпаратты қалай жинау және оны қалай қабылдау керегін түсінеді. Контекстік оқыту – бұл адамның өмірі мен қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларының жүйесі, ол нақты жағдайды түсіну мен өзгертуге әсер етеді.

Егер біз ақпараттық модельдер мен оқу қызметінің формаларымен айналысатын болсақ, оқуды еңбекке қалай айналдыруға болады. Бұл сұраққа контекстік оқыту теориясы жауап береді. Ол студенттің оқу қызметін кәсіби қызметке айналдыру үшін педагогикалық және әдістемелік жағдайларды жасау қажеттігін көрсетеді, мотивациялар мен оқу нәтижелері біртіндеп өзгереді. Осы мақсатта маманның қызметін моделдеу қажет: пәндік-технологиялық тұрғыдан (пәндік контекст) және әлеуметтік құрамдас бөліктері арқылы (әлеуметтік контекст). Ал дәстүрлі оқытуда тек функциялардың моделі ретінде беріледі.

Басты мақсат ақпаратты жеткізу емес, осы функцияны орындау болып табылады, яғни проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау және тұтас кәсіби қызметті меңгеру.

Сондықтан басты міндет – пәндік және әлеуметтік кәсіби қызметпен біріктіру және жаңа элементтерді енгізу болып табылады. Олар:

– жүйелілік және пәнаралық байланыс;

– оқытудың динамикалық мазмұнын қолдану мүмкіндіктері;

– қызметтің сценарлық жоспары;

– лауазымдық функциялар мен міндеттер: педагогтің кәсіби стандартын білу.

– тәжірибе барысында рөлдік функцияны анықтауы және қолданыстағы мемлекеттік және мектеп бағдарламасын талдау.

Контекстік оқыту технологиясы проблемалық оқыту теориясымен әрекеттік тәсілдің негізгі заңдылықтарын ескере отырып әзірленген. Осы технологияның жүйе құрушы ұғымы «контекст», яғни мағыналық аяқталуы бар, оған кіретін жекелеген сөз үзінділерінің мағынасын анықтауға мүмкіндік беретін ауызша және жазбаша сөйлеу болып табылады. Контекстік оқытуда бұл термин әртүрлі деңгейлерде болатын психикалық процестерді түсіндіретін психологиялық санат

ретінде қарастырылады. Контекст бұл адамның мінез-құлқымен қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларының жүйесі, ол субъектінің нақты жағдайды қабылдауына, түсінуіне және өзгертуіне әсер етеді, бұл жағдайға тұтастай және оның компоненттеріне мән береді. Контекст технологиясында жеке тұлғаның дамуын кәсіби ынталандыруды қалыптастыруға басты назар аударылады. Сондықтан, студенттің оқу қызметінің мазмұны оқытылатын пәндердің логикасына ғана емес, сонымен қатар маманның моделіне, яғни болашақ кәсіби қызметтің логикасына сүйене отырып қалыптасады. Контекстік технологиясында адам мінез-құлқын ұйымдастырудың табиғи нысандарын имитациялайтын оқыту әдістері пайдаланылады.

Кәсіптік тәсіл әдістеме саласындағы салыстырмалы жаңа тұжырымдама болып саналатынына қарамастан, оның негізгі қағидалары бұрыннан шешілген. Студенттерді шынайы мәнмәтінде оқыту идеясы оқу қызметін ұйымдастыруға қойылатын психологиялық талаптармен дидактикалық қағидаларды ескере отырып, оқытудың әртүрлі нысандарымен әдістерін үйлестіреді.

С.С. Құнанбаеваның пікірінше, тілді оқыту әдістемесі оқыту мазмұнының үдемелі күрделілігін және сәйкесінше тұтас оқу үдерісінде контекстік оқыту нысандарын қамтамасыз етуді ескере отырып, өзгеруі тиіс. Студенттердің шетел тілін оқу кезінде алған білімі, іскерлігімен дағдылары олардың оқу қызметі шоғырландырылған оқу пәні емес, олар белгілі бір проблемалық жағдайды шешудің құралына айналуы тиіс [42]. Жалпы және кәсіби құзыреттерді игеру кезінде өндірістік жағдайларды талдауға және олардың арасында жағдайлардың алуан түрлілігі ерекшеленетін ахуалдық міндеттерді шешуге маңызды мән беріледі, олардың арасында жағдайлардың әртүрлілігі ерекшеленеді. Әдетте дәріс сабағы барысында қолданылатын микроситуациялар. Олардың сипаттамасы, әдетте, жағдайлардың өте схемалық белгіленуімен өте қысқаша; зерттелетін материалға өзіндік иллюстрациялық материал болып табылатын ахуал-иллюстрациялар. Бұл көбінесе оқиғалардың толық сипаттамасы. Осы мақсатта газеттен, журналдан, деректі фильмнен алынған мақала қызмет ете алады. Материал топта өз бетінше талдау және талқылау үшін қызмет етеді. Ол білімді нығайту және тереңдету, студенттер арасында білім және тәжірибе алмасуды жандандыру үшін пайдаланылады; ситуациалық бағалау сәтті (немесе керісінше, сәтсіз) нәтижеге әкелетін тәсілдерді, жолдарды түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл жерде пікірталас оқытушы қоятын сұрақтар төңірегінде өрбиді. Бұл сұрақтар жағдайды, білім алушылардың осы нақты жағдайдағы мінез-құлқын, олардың шешімдерін бағалауға, сондай-ақ жағдайдың дамуының ықтимал салдарларын бағалауға (болжауға) бағытталған. Бұл сұрақтар жағдайды, білім алушылардың осы нақты жағдайдағы мінез-құлқын, олардың шешімдерін бағалауға, сондай-ақ жағдайдың дамуының ықтимал салдарын бағалауға (болжауға) бағытталған; ситуациалық жаттығу белгілі бір ережелерді қолдануды, типтік, жиі қайталанатын міндеттерді шешуді үйренуге мүмкіндік береді; проблема-ахуал-бұл білім алушыларға қалыптасқан жағдайға талдау жасауға наемесе, сонымен қатар негізделген шешім қабылдау ұсынылатын

ахуал. Оны ахуалдық міндет деп атауға болады. Мұндай жағдайлар оқу үдерісінде кеңінен қолданылады, өйткені олар әрбір мұғалімнің ажырамас қасиеттерін талдау негізінде жағдайды талдау, бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл экономикалық ойлауды қалыптастыруға әкеледі. Бұл тәсілдің артықшылығы студенттің күш-жігері тек лингвистикалық бірліктерді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оларды кәсіби қарым-қатынас жағдайында қолдану дағдысын қалыптастыруға бағытталуында. Яғни, оқудың контекстік тәсілі студенттің таза оқу қызметінен оның болашақ кәсіби қызметіне «танымдық қажеттіліктермен уәждерді, мақсаттарды, іс-әрекеттермен құралдарды, пәндермен нәтижелерді кәсіби қызметке біртіндеп ауыстыра отырып» имитациялауға көшуге жағдай жасайды. А.А. Вербицкий контекстік тәсілмен дәстүрлі оқыту арасындағы кейбір айырмашылықтарды бөліп көрсетеді. Дәстүрлі оқыту – бұл тәжірибе негізінде нақты контекстен материалдар құрастыру емес, есте сақтаудың маңыздылығын баса көрсететін оқыту. Бұл бұрынғыдай студенттердің емес, мұғалімнің рөлін көрсетеді [43], ал контекстік нұсқаулық керісінше.

Кесте 1 – Дәстүрлі және контекстуалды тәсілдердің сипаттамасы

Дәстүрлі тәсіл		Контекстік тәсіл
1.	Механикалық жадыға сүйенеді	Кеңістіктік жадыға сүйенеді
2.	Әдетте бір затқа шоғырланады	Әдетте бірнеше заттарды біріктіреді
3.	Ақпараттың құндылығы студенттермен айқындалады	Ақпараттың құндылығы жеке қажеттіліктерге байланысты
4.	Студенттерді қажет болғанға дейін ақпарат қорларымен толтырады	Ақпаратты алдыңғы біліммен үйлестіреді
5.	Оқуды бағалау емтихан сияқты ресми академиялық іс-шаралар үшінғана жүргізіледі	Шынайы проблеманы практикалық қолдану немесе шешу арқылы дұрыс бағалау.

1-кестеде контекстік тәсілдің ерекшеліктерін Н.Б. Лаврентьева, өз жұмыстарында бұл тәсіл студенттің коммуникативтік мүмкіндіктерін жандандырады, оған кәсіби лексиканы жақсы меңгеруге мүмкіндік береді, оның өз көзқарасын жинақтау, түсіндіру, білдіру қабілеттерін дамытады, оған шетел тіліндегі қарым-қатынас жағдайларында рөлдік мінез-құлықты жақсы меңгеруге мүмкіндік береді деп сипаттады [44].

Оқытудың контекстік әдісінің артықшылықтары қандай?

Студенттер ынталандыру контекстінің арқасында тілдік ақпараттың үлкен көлемімен танысады. Бүкіл әлемде ақпаратты қарқынды өсу жағдайында тілді білу үлкен көлемді ақпаратты тіркеуді, сақтауды, өңдеуді және оған қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жалғыз тиімді құрал бола алады.

Студенттер оқытылатын тілге байланысты әртүрлі іс-шараларға қатысады.

Күрделі ақпарат студенттердің ішкі уәждемесіне әкелетін нақты өмір контекстінде беріледі.

Студенттердің мүдделеріне сәйкес оқу бағдарламалары бейімделуі мүмкін. Студенттер тілді нақты мақсатқа жету үшін пайдаланады және бұл оларды тәуелсіз және өзіне сенімді етеді. Олар әлем туралы кеңінен білім алады, бұл олардың жалпы білім беру дағдыларын дамытады.

Бұл әдіс студенттерге жазбалар жүргізу, мәтіндерден негізгі ақпаратты жинақтау және алу сияқты қажетті оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Әртүрлі дереккөздерден ақпарат ала отырып, студенттер құнды ойлау дағдыларын дамытады, өйткені бұл жерде осы ақпаратты қайта бағалау және қайта құрылымдау қажет және бұл дағды басқа пәндерге ауыстырылуы мүмкін. Топта жұмыс істей отырып, студенттер жобалармен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын игереді, бұл оларға одан әрі әлеуметтік қызметте пайдалы болуы мүмкін. Бұл әдістің әлеуетті проблемалары неде?

Бұл әдісті үйренуге бағытталмағандықтан, студенттерде өздерінің тілдік дағдылары жетілдірмейтіндей сезім пайда болуы мүмкін. Оқытушы материалдың лингвистикалық сипаттамаларына назар аударуға және сөздікті немесе күрделі грамматикалық ережелерді пысықтауға көмектесу үшін тілге бағытталған бір қатар жаттығуларды қосуға ықпал жасауы тиіс.

Контекстік оқыту әдетте «кәсіби оқыту» және «шетелдік кәсіби оқыту» сияқты нақтырақ ұғымдарды қамтиды. Кәсіби оқыту жүйесінің құрылымын қарастырсақ ол когнитивті, белсенділікке негізделген және жеке компоненттермен ұсынылған, олардың өзара әрекеттесуі мамандарды жоғары сапалы оқытуға және олардың кәсіби қызметке дайындығын дамытуға қол жеткізеді. Когнитивті компонент кәсіби қызмет үшін қажетті білімнің жиынтығын білдіреді, оның мазмұны студенттердің оқу бағдарламасының негізгі және талдау блоктарындағы пәндерді болуын болжайды. Белсенділікке негізделген компонент студенттердің кәсіби қызметке арналған дағдылар топтарының және қажетті құзыреттіліктердің дамуын көрсетеді [45].

Шетел тілінде ақпаратпен алмасу қиындықтар туғызуы мүмкін. Оқытушы оқытылатын тілді қолдану қажеттігін атап, оны пайдаланудың артықшылықтарын түсіндіруі тиіс. Студенттер өздерінің ақпараттарын алу үшін пайдаланатын бастапқы мәтіндерді сөзбе-сөз айта алады. Мұны болдырмау үшін студенттерден алынған ақпаратты бағалауды талап ететін, қорытынды шығару немесе тапсырманы орындау үшін оны қолдану үшін тапсырмаларды әзірлеу туралы ойлану керек. Егер дереккөздерде қарама-қайшы ақпарат болса, онда бұл студенттер үшін пайдалы болуы мүмкін, өйткені олар қандай ақпаратпен келісетінін және ақпаратты синтездеу үшін (біріктіру,ойлап табу, құрастыру, жасау) болашақта пайдаланатынын талдауы тиіс салыстырмалы сипаттама жүргізу (бағалау, талқылау).

Оқу материалының контекстік ақпараты студенттердің санасына толық енетін кезеңде олар автоматты түрде және күш-жігерсіз қолданатын болады, өнімді қызмет репродуктивті қызметтен басым болады.

Базалық ақпаратты схемалық ұсыну студенттің өз бетінше жұмыс істеуіне уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді, оның мақсаты:

– студенттің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жүйелеу және

бекіту, теориялық білімін тереңдету және кеңейту, анықтамалық құжаттамамен арнайы әдебиетті пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

– студенттің танымдық қабілеті мен белсенділігін, шығармашылық бастамашылығын дамыту.

Цифрлық технологияларды пайдалану.

Американдық ғалымдар (G. Rasko, E. Oborn, M. Barrett, H. Barr, J. Ford, R. Grey, N. Helm) айтқандай ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен болашақтың құзыреттілік аясы кеңеюде, олардың арасында цифрлық технологияларды иелену цифрлық әлемнің өзгермелі жағдайларына тез бейімделуге мүмкіндік береді [46].

Цифрлық құзыреттіліктер С. Карретеро, Р. Вуорикари, Ю. Пуни модельдерінде келтірілген. Авторлар бес біліктілік деңгейі және пайдалану мысалдары бар цифрлық құзыреттілік жүйесін ұсынады. Сонымен білім беру қызметін табысты жүзеге асыру үшін мұғалім талап ететін құзыреттердің бірінші тобына ақпараттық сауаттылыққа (digital fluency) байланысты құзыреттіліктерді жатқызуға болады: цифрлық ортада ақпарат пен мазмұнды табу, талдау, түсіндіру және сыни тұрғыдан бағалау мүмкіндігі. Екінші топқа цифрлық ортадағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың дағдылары жатады, бұл цифрлық технологиялар арқылы өзара әрекеттесу қабілеті және оларды пайдалану үдерісінде және цифрлық ортада қарым-қатынас жасау ережелері мен нормаларын білу, коммуникация стратегияларын белгілі бір аудиторияға бейімдеу, цифрлық ортадағы мәдени және ұрпақ әртүрлілігін ескерту. Үшінші құзыреттілік цифрлық мазмұнды әр түрлі форматта құру және редакциялау, ақпарат пен мазмұнның сапасын өзгерту және жақсарту мүмкіндігімен анықталады. Төртінші цифрлық құзыреттер тобында пайдаланушылардың физикалық және психологиялық денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, жеке деректерді, құрылғыларды және цифрлық мазмұнды қорғау дағдылары мен қабілеттерін ажыратуға болады. Бесінші топқа цифрлық құрылғылармен жұмыс жасау кезінде туындайтын техникалық мәселелерді анықтау және оларды шеше білуге байланысты құзыреттер кіреді [47].

Қазақстандық ғалым Ж. Акпарова «педагогтің коммуникативті сауаттылығы дегеніміз – қалыпты жағдайдағы қарым-қатынастан цифрлық коммуникацияның айырмашылығын түсінуі, қазіргі коммуникация құралдарын (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) қолдану білігі мен дағдысы, цифрлық ортада қарым-қатынас жасай білу этикасы мен нормаларын саналы түсіну. Сондай-ақ, педагогтің технологиялық инновацияларға қарым-қатынасы оның технологиялық трендтерді түсінуі, қазіргі технологиялармен (гаджеттер, қосымшалар) жұмыс жасауға дайындығы, технологиялық инновацияның қоғам дамуы мен өзін дамытудағы пайдасын түсінуі ретінде анықталады», – дейді [48].

Шетел тілі пәндерін оқытуда цифрландыруды енгізу. Мамандықтың пәндік саласына кәсіптік бағытталған шетел тілін енгізу мамандықтың ерекшелігін ескере отырып, адами қызметтің белгілі бір саласына қызмет ететін феномен болып табылады. Пәндік тілді материалды меңгеру негіздері оның кәсіби өзге тілдік көрінісінде базалық категориялы-ұғымдық аппаратпен байланысты.

Шетел тіліндегі кәсіби терминология материалды берілген кәсіби жағдайларда пайдалануға бағыттайды. Мамандық бойынша шетел тіліндегі пәндік сала мазмұнының сипаттамасы оның нақты қызметіне тән және кәсіби дағдыларды пайдалану қажеттілігінің алдына қоятын жағдайлармен, релеванттық жағдайлармен айқындалады. Сонда жаңа, неғұрлым тиімді, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін осындай платформалар қолданылады.

Веб-квест – бұл студенттер қандай да бір оқу тапсырмасын орындай отырып, жұмыс істейтін ғаламтордағы сайт. Оқу үдерісінде оқытудың әртүрлі деңгейлерінде әртүрлі оқу пәндеріне ғаламторды барынша ықпалдастыру үшін осындай веб-квесттер әзірленеді [49].

Canva – платформасы студентке интерактивті тапсырмалар жасауға мүмкіндік береді, оның барысында студенттер ми шабуылын пайдалана алады. Жоба әдісін пайдалана отырып, студенттер ақпаратпен және мәтінмен жұмыс істей білу, негізгі ойды бөліп көрсете білу, шынайы материалды іздей білу, ақпаратты талдай білу, қорытынды жасай білу, әртүрлі анықтамалық материалдармен жұмыс жасай білуді дамытады [50].

Flipgrid – платформасы дизайн жұмыстарының жүктемелерін видео түрінде алмасуға арналған. Бұл пайдаланушыларға YouTube немесе AiTube сияқты тараптарды жүктеу үшін сүйенбестен бейнелерді сақтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте барлық студенттер бір-бірінің жұмысын көріп, оған түсінік бере алады. Flipgrid кейс тапсырмасына бейнені немесе бейне жауапты орналастыру мүмкіндігін береді [51].

Slideshare – PowerPoint презентацияларын және Flash пішімін түрлендіруге мүмкіндік беретін және көрнекі материалдарды Ғаламтор негізінде сақтауға және одан әрі пайдалануға арналған әлеуметтік сервис.

Бұл сервис тек кілт сөздерді пайдалану арқылы басқа презентацияларды табуға болады. Тегтер жүйесі тақырып бойынша ұқсас көрмелерді табуға мүмкіндік береді. Сервис фото-слайдшоу, электрондық ашық хаттар жасау, мұражайларға, қалаларға, көрікті жерлерге виртуалды турлар ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Презентацияны ғаламторда жариялағаннан кейін, оны SlideShare сайтының өзіндеде, кірістіру мүмкіндіктерінің арқасында басқа сайттарда да көре алады [52].

Padlet – мәтіндерді, суреттерді, аудио-бейнематериалдарды және түсініктемелерді бекіту арқылы кейс-сценарийлерді сипаттау үшін пайдаланылады [53].

Сонымен, осы параграфта ашылған шеттілді білім беру үрдістерді атап өтейік.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіптік оқыту мәдениаралық оқыту теориясымен байланысты.

Болашақ мұғалімдердің шеттілді білім берудегі кәсіптік даярлығы контекстік тәсілге негізделген, олардың танымдық белсенділігін дамыту үдерісін базалық үлгілеумен, өз бетінше ойлау және оның кәсіби басқа тілді білдіру категориясы-түсінік аппаратының негізіндегі шығармашылық қабілетіне байланысты.

Болашақ мұғалімдердің шеттілді білім берудегі кәсіптік даярлығы түсіндірілетін материалдың ғылыми, қолжетімділігі, негізділігі және оқу материалының өмірмен байланысты қағидаттарын ескеруді талап етеді, сондықтан контекстік оқытуды тарихи, географиялық, экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени және әлеуметтік сипаттағы мәліметтер пайдаланылады.

Шетел тілі пәндерін оқытуда цифрландыруды енгізу. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретті шетел тіліндегі мәтіндерді түсіндіруден, кәсіби мазмұндағы монологтық пікірлерді құрудан көрінеді. Кәсіптік шетел тіліне байланысты шетел тілін оқыту әдістемесімен педагогикаға жататын мамандық пәндеріне сүйенуді талап етеді.

1.2 Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттің мәні мен құрылымы

Бүгінгі таңда бір қоғамда жұмыс істейтін және өмір суретін адамдар арасындағы түрлі мәдениеттерді түсіну маңызды. Мәдениаралық коммуникация теориясында түрлі мәдениеттерге бейімделу және оң көзқарас ұғымы бар, соған сәйкес мәдениет адамның тіршілік ету ортасы ретінде қарым-қатынас арқылы құрылады және өзгереді. Сондықтан философтар мәдениаралық, субъектіаралық қатынастарды және олармен байланысты тілмен ойлау проблемаларын бөліп көрсетеді. Бұл мәдениаралық коммуникация түрлі ұлттық мәдениеттерге жататын коммуникация серіктестерінің өзара түсіністігімен өзара іс-қимылы ретінде түсініледі [54].

Педагогикалық қызметке қатысты «құзыреттілік» ұғымының мағынасын анықтай отырып, В.А. Сластенин мұғалімнің құзыреттілігі арқылы оның педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігін түсінуді ұсынады, оның пікірінше, бұл оның кәсібилігін сипаттайды. Мамандарды даярлаудағы құзыреттілік тәсілі білім беру поцесінің нәтижесіне пәнаралық ықпалдастырылған талаптарды басты орынға қоюды талап етеді. Зерттеушілер құзыреттілік тәсілінде бір базалық санат, құзыреттілік бар екенін дәлелдейді, ол әлемдік тәжірибеде оқыту үдерісінде алынған және кәсіпқойлықтың біріктіруші құрамдас бөлігі ретінде бірыңғай құзыреттілік бірлігі түрінде ресімделген білімді, дағдылармен іскерлікті бағалау тұрғысынан басым мәнге ие. Дәлелдеме ретінде келесі негіздемелер келтіріледі [55]:

біріншіден, құзыреттілік білімді (ақыл-ой) және оқытудың практикаға бағдарланған құрамдас бөліктерін біріктіреді;

екіншіден, құзыреттілік оқытудың мазмұнына байланысты оның мәнін түсіндіре отырып, білім берудің нәтижелі мазмұны болып табылады;

үшіншіден, негізгі құзыреттілік тек арнайығана емес, сонымен қатар мәдени және жалпы кәсіби дағдылармен іскерліктерді, аралас ғылымдармен кәсіптердің білімдерін біріктіреді. Заманауи білімнің конвергенттілігі-педагогикалық ғылымда ескерілуі тиіс негізгі ерекшелік.

И.А. Зимняяның пікірі бойынша, құзыреттер – бұл кейбір ішкі әлеуетті, жасырылған психологиялық жаңа білімдер (білімдер,түсініктер, іс-қимыл бағдарламалары, құндылықтармен қатынастар жүйелері), олар кейіннен адамның құзыретінде өзекті, қызметтік көріністер ретінде айқындалады [56].

Осы мәнмәтінде құзыреттілікті-оқыту ретінде, ал қабілеттілікті оқытылу қабілеті ретінде түсінуге болады, бірақ бұл ретте құзыреттілік оқу-жаттығулардың нәтижесі немесе қабілеттілік ұғымын (егер жетістіктің «бағасын» ескерсек) жабуы мүмкін [57]. Өзгеше айтқанда, әр құзыреттілік қабілеттілік емес, әр жетістік сияқты қабілеттілік көріністерінің айғағы.

Ғылыми-әдістемелік әдебиетте құзыреттің дәстүрлі сипаттамалары ерекшеленеді:

– кәсіптік қызметте және қоғамдық өмірде маңызды болып табылатын жазбаша және ауызша сөйлесуді меңгеруді айқындайтын құзыреттер (бірнеше тілді меңгеру) [58];

– ақпараттық қоғамның пайда болуына байланысты құзыреттер: жаңа технологияларды игеру, олардың күшімен әлсіздігін түсіну, БАҚ және Интернет арналары арқылы таратылатын ақпаратқа және жарнамаға сын тұрғысынан қарау қабілеті [59];

– өмір бойы оқу қабілетін кәсіби тұрғыданғана емес, сонымен бірге жеке және қоғамдық өмірде іске асыратын құзыреттер. Өзгеше айтқанда, құзыреттілік білім алушыны білім беру (кәсіптік) даярлауға қойылатын шеттетілген, алдынала қойылған талаптарды көздейді, ал құзыреттілік-қалыптасқан тұлғалық сапа (мінездеме) болып табылады [60].

Б. Спицберг мәдениаралық коммуникацияны «қарым-қатынастың нақты жағдайында мінез-құлықтың орындылығымен тиімділігін көрсету» ретінде айқындайды [61]. Осы тұрғыда британдық әдіскер М. Байрам мәдениаралық құзыретті «басқалармен қарым-қатынас жасау», өзгелердің пікірін қабылдау, түрлі пікірлер арасында делдал болу, айырмашылықтарды бағалауға мұқият қарау қабілеті» деп айқындады [62]. Неғұрлым дәл нұсқасын О.А. Леонтович берген, ол мәдениаралық құзыретті тілдік, коммуникативтік және мәдени құзыретті үш құрамдас «конгломерат» ретінде айқындайды. Бұл анықтама коммуникативтік жағдайды барабар бағалауға, интенцияларды ауызша және ауызша емес құралдарды болжамды таңдаумен сәйкестендіруге, коммуникативтік ниетті жүзеге асыруға және коммуникативтік актінің нәтижелерін кері байланыс көмегімен верификациялауға мүмкіндік беретін дағдылар кешенінің болуын көздейді» [63]. Г.В. Елизарованың пікірінше, мәдениаралық құзырет - бұл білім мен іскерлікке негізделген ерекше табиғи құзырет, коммуниканттар үшін ортақ болып жатқан нәрселерді құру арқылы мәдениаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті және нәтижесінде екі тарап үшінде оң нәтижеге қол жеткізу [64]. Яғни, мәдениаралық-когнитивтік құзырет ретінде қарастырылатын когнитивтік компонент пайда болады. Шетел тілдерін оқыту теориясымен әдістемесі саласындағы көптеген зерттеушілер (С.Г. Тер-Минасова, И.Л. Плужник және т.б.) мәдениаралық құзыретті айқындауда пән ретінде шетел тілін білуді енгізеді [65,66].

МКАҚ үш субқұзыреттен тұрады:

– мәдениаралық-когнитивтік;

– контекстік-топтастырушы;

– интерактивті-дидактикалық.

Мәдениаралық-когнитивтік субқұзырет шетел тілдерін үйрену бойынша мамандар даярлау міндеттерімен байланысты. Қазіргі қоғамға тек оқытушыларға наемесе, халықаралық және мәдениаралық қарым-қатынас бойынша мамандарда қажет. Е.И. Верещагин мен В.Г. Костомаров біртілді меңгерген адамдар бір-бірін әрқашан дұрыс түсіне алмайды деп санайды, өйткені көбінесе мәдениеттердің алшақтығы соның себебі болып табылады [67]. «Құзырет» және «кәсіби құзырет» ұғымдарын анықтау қажет, ол үшін кейбір ғалымдардың ұстанымдарын қарастырамыз. В.И. Жуковтың пікірінше, «құзырет құзыреттен-белгілі бір саладан, адам шешуге уәкілетті мәселелер шеңберінен ажырату керек» [68]. Кәсіби құзырет ол психикалық қасиеттердің үйлесімі ретінде айқындалады; дербес және жауапты әрекет етуге мүмкіндік беретін психикалық жай-күй (пәрменді құзыреттілік); белгілі бір еңбек функцияларын орындау қабілетімен білігінің болуы. Сондай-ақ, В.Н. Введенский кәсіби құзыреттілікті еңбек нәтижелілігін анықтайтын біліммен іскерліктің жиынтығы; міндеттерді орындау дағдыларының көлемі; жеке қасиеттерімен қабілеттер комбинациясы; білімдер және кәсіби мәні бар жеке қасиеттер кешені; кәсібилендіру векторы; еңбекке теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі; күрделі дақыл тәрізді іс-әрекеттерді жүзеге асыру қабілеті және т.б. ретінде қарастырады [69].

Мұндай даярлықтың өзі мәдениаралық коммуникация процестеріне белсенді түрде қатыса қоймай, студенттердің тиісті кәсіби және әлеуметтік құзыреттерін, олардың құндылықтарын, басқа мәдениетке қызығушылығын, тұлға аралық өзара іс-қимыл үдерісінде төзімді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыратын педагогикалық ЖЖОКБҰ студенттері үшін ерекше маңызы бар. Е.П. Непочатых әртүрлі кәсіби топтар өкілдерінде мәдениаралық құзыреттің көрініс беру ерекшелігін қарастыра отырып, кәсіби педагогикалық іс-әрекетке жататын «адам-адам» типіндегі кәсіптердің өкілдерінде мәдениаралық құзыретті ерекше маңыздылығын атап көрсетеді. Және де біздің зерттеуіміз үшін маңызды нәрсе, ол автор мәдениаралық құзыреттілікті жеке тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады, ол өзінің және басқада этникалық топтар туралы жүйелі білімдіғана емес, сондай-ақ этносаралық өзара үйлесімді іс-қимыл жасау үшін қажетті іскерліктермен дағдылардыда қамтиды [70]. Педагогикалық ЖЖОКБҰ-ның қазіргі заманғы оқытушысы, оның ішінде педагогикалық қызметтің құндылықты-мақсатты функцияларының өзгеруіне негізделген серпінді өзгеріп жатқан білім беру шынайылығы жағдайында тұр.

Біздің ойымызша, тілдік және мәдени құзырет қарым-қатынас тиімділігін арттыру үшін қажетті шеттілдік, мәдениаралық-когнитивтік субқұзыретке қатысты болады. Когнитивті құраушы мәдениаралық қарым-қатынас үшін қажетті біліммен дағдының өзегін білдіреді. Біздің түсінуімізше, мәдениаралық-когнитивтік субқұзырет қарым-қатынас жасайтын тараптар арасындағы өзара қарым-қатынаспен өзара түсіністікке әсер ететін, коммуникативтік мінез-құлықпен ойлаудың үйлеспейтін ұлттық стереотиптері шеңберінде жүзеге асырылатын мәдениеттер диалогының үдерісі болып табылады. Мәдениет коммуниканттардың ұлттық ерекше компоненттерін білмеу мәдениаралық қарым-қатынас үдерісін едәуір қиындатуы мүмкін. Бұл бойынша шетел тілін

оқытудың маңызды міндеттерінің бірі білім алушылардың қажетті сөйлеу дағдыларын тәрбиелеу және оларды қолданыстағы тілдік нормалармен таныстыру сондай-ақ шетел тіліне оң көзқарасты тәрбиелеу болып табылады [71].

Мәдениаралық-когнитивтік субқұзырет біліммен іскерлік терминдерінде сипатталуы мүмкін. Кәсіби құзыретті қалыптастыру үдерісінде оқыту мазмұнының мәдениаралық аспектісі мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды білуді және шеттілдік әріптестермен қарым-қатынас үдерісінде қиындықтарды еңсеру үшін қажетті білімді ғана емес, сондай-ақ «мәдениеттердің өзара іс-әрекеті» шеңберінде өзін-өзі дамыту үшін берік негіз құруға қабілетті білімді қамтуы тиіс. Мұндай білім, сөзсіз, студенттің ашық нәтижелі диалогқа дайындығын; мадениаралық қарым-қатынасқа сезімталдығын; өз ұстанымын қайта бағалау, мадениаралық қарым-қатынас үдерісінде шеттілді және туған мәдениетті, сондай-ақ өзін оның өкілі ретінде үздіксіз рефлексиялық түсіну қабілетін дамытуы тиіс. Білімдер жалпы мәдени және кәсіби таңбаланған құрамдас бөліктерден тұруы тиіс. Жалпы мәдени құрамдас бөлікке келесі құбылыстар кіруі мүмкін: әртүрлі мәдениеттердің стереотиптері және оларды еңсеру жолдары туралы түсініктер; мәдениет түрлері туралы түсініктер; мәдени табу және олардың коммуникация нәтижесіне әсері; әртүрлі халықтардың лингвомәдениетіндегі ауызша қарым-қатынас жасаудағы интонацияның мәні; мәдени сауаттылық. Көрсетілген білім мәдениаралық құзыреттілікті сипаттау үшін пайдаланылатын ықпалдасқан кәсіби шеберліктің негізінде жатыр. Шетел тілін оқыту мақсаттарының құрылымында мадениаралық-когнитивтік субқұзырет негізінде кәсіби және жалпы мәдени құрамдас бөліктер жатқан біріктірілген кәсіби біліктілікті білдіруге тиіс [72]. Сондықтан да мәдениаралық когнитивтік субқұзыреттіңде қалыптасу деңгейі келесі дескрипторлармен бағалануы мүмкін: кәсіби қарым-қатынастың мәдениаралық және мәдени аспектілерін анықтай білу; кәсіби салада мәдениаралық қарым-қатынас үдерісінде туындайтын қиындықтарды болжау, түсіну және білу; мәдениеттер нәтижелі диалогын жүргізе білу; ашық пікір алмаса білу; өз позицияларын қайта бағалай білу; қолайлы шешімдерді таба білу; өзін-өзі бақылау жүргізе білу; өз мәдениетімен ана тілін түсінуге, сондай-ақ азаматтылық сезімін арттыруға; мәдениаралық қарым-қатынас үдерісінде басқа елдің мәдениетінің құндылықтарын үздіксіз тани білу; басқа елдердің мәдениет нормаларына сәйкес мәдениаралық қарым-қатынас жағдайларында өзін барабар көрсете білу. Тілдік мамандықтардың студенттерінде мәдениаралық-когнитивтік субқұзыретті қалыптастыру лингводидактикада коммуникативтік және мәдениаралық тәсілдер арасында шеттілдерін оқытуды мақсат тұтуда пәндік-мамандандырылған коммуникацияны талап етеді.

Келесі контексті-топтастырушы субқұзырет А.А. Вербицкий контекстік оқыту теориясы мен технологиясының үш көзін бөліп көрсетеді. Контекстік оқытудың көздері: әлеуметтік тәжірибені меңгерудің қызметтік теориясы; «белсенді оқытудың» практикалық тәжірибесін теориялық жалпылау; студенттің болашақ кәсіби қызметінің пәндік және әлеуметтік мәнмәтінінің процеске және

оның оқу қызметінің нәтижелеріне әсерін көрсететін мағынаны құрайтын «мәнмәтін» санаты. А.А. Вербицкийдің анықтауы бойынша, контекст – бұл адамның санасымен психикасында оның өмірінің, мінез-құлқының және қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларының көрініс тапқан жүйесі, ол субъектінің нақты жағдайды қабылдауына, түсінуіне және өзгертуіне әсер етеді, бұл жағдайға тұтастай және оның компоненттері ретінде мағынасымен мәнін береді. Тиісінше, адамның жеке-психологиялық ерекшеліктері, білімімен тәжірибесі ішкі мәнмәтін болып табылады; сыртқы санада және психикада көрініс тапқан пәндік, әлеуметтік-мәдени, кеңістіктік-уақыттық және ол әрекет ететін жағдайлардың өзгеде сипаттамалары.

А.А. Вербицкийдің зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, контекстік оқытуда студенттер қызметінің үш негізгі нысаны және бір базалық формадан екіншісіне өтпелі көптеген аралық нысандар бөлінген. Базалық формаға келесі жатады: үлгісі ақпараттық лекция болып табылатын академиялық үлгідегі оқу қызметі; проблемалық дәрісте немесе пікірталас семинарында кәсіби қызметтің пәндік және әлеуметтік контексті белгіленеді: теориялық мәселелерді мамандардың іс-қимылы үлгіленеді; оқу үдерісінің жағдайын, мазмұнымен динамикасын, онда жұмыс істейтін адамдардың қарым-қатынасын шоғырландыратын квази кәсіптік қызмет, мысалы, іскерлік ойында. Контекстік-топтастырушы субқұзырет студенттің нақты зерттеу (СОЗЖ, СҒЗЖ, дипломдық жұмысты дайындау) немесе практикалық (өндірістік практика) функцияларын орындайтын оқу, кәсіби қызметтен тұрады. Бұл жерде оқу қызметін кәсіптік қызметке жинақтау үдерісі аяқталады. Студенттер қызметінің бір базалық нысанының екіншісіне кезең-кезеңмен шоғырлануын қамтамасыз ететін кез келген нысандар аралық бола алады: проблемалық дәрістер, пікірталас семинарлары, топтық практикалық сабақтар, нақты өндірістік жағдайларды талдау, әртүрлі тренингтер, арнайы курстар, арнайы семинарлар және т.б. [73].

Контекстік-топтастырушы субқұзырет білім алушылардың бірлескен іс-әрекеті нысанында жүзеге асырылатын таным тәсіліне негізделеді: білім беру үдерісінің барлық қатысушылары бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды, ақпаратпен алмасады, туындаған мәселелерді бірлесіп шешеді, жағдайларды үлгілейді. Мұнда интерактивтілік қосылады, соның арқасында білім алушылар әріптестерінің іс-әрекеттерін және өз мінез-құлқын бағалайды, мәселелерді шешу бойынша іскерлік ынтымақтастықтың нақты атмосферасына батады. Шетел тілдерін оқытуға арналған контекстік-топтастырушы субқұзырет негізгі әдістемелік қағидаттарының ішінде келесіні атап көрсетеді:

– оқытушының оқу үдерісіндегі дәстүрлі рөлін өзгерту, қарым-қатынастың демократиялық стиліне көшу;

– барлық қатысушылар үшін бірдей қызықты, барлығы үшін маңызды жағдайда түп нұсқалық ақпаратты қабылдау және өндіру мақсатында шетел тілінде өзара қарым-қатынас;

– ақпарат өндірушінің, ақпарат алушының және ахуалдық контекст сияқты үш объектінің өзара байланысымен сипатталатын бірлескен қызмет;

– оқытудың рефлективтілігі, оқытушы тарапынанда, студенттер тарапынанда әрекетті, оның уәждерін, сапасымен нәтижелерін саналы және сыни тұрғыдан пайымдау.

Контекстік-топтастырушы субқұзыреттің мәні оқыту материалын студенттерге білім беру үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін белсенді оқыту форматына айналдырудан тұрады. Контекстік-топтастырушы субқұзырет студенттерді алған білімдерін өз бетінше зерделеуге, талқылауға, талдауға және қолдануға ынталандыруға бағытталған. Оқу үдерісі міндеттерді шешуді, топтық жұмысты, рөлдік ойындарды, зерттеулермен эксперименттерді қамтуы мүмкін, бұл студенттерге нақты өмірлік жағдай контекстінде жаңа біліммен білік алуға мүмкіндік береді. Білім алушыларды ынталандыратын осындай жаңа технологиялардың бірі сабақтың дәстүрлі барысын әртараптандыру мүмкіндігі болып табылады, бұл оқу қызметін тұлғалық маңызы бар ете отырып, студенттердің оқуға қызығушылығын арттыруға, жаңа біліммен іскерлік алу үдерісін едәуір жеңілдетуге ықпал етеді.

Интерактивті-дидактикалық субқұзырет оқытуға ақпараттық тәсіл арқылы қалыптасады, дидактиканың, атап айтқанда, лингводидактиканың алдына дидактикалық процесте білімді ұсынатын құралдарымен нысандарын, ақпаратты қайта өңдеу әдістерін, яғни оқу-танымдық операцияларды, оқыту және оқыту әдістерін іздеумен байланысты проблемалардың кең ауқымын қояды.

Интерактивті-дидактикалық субқұзырет:

– динамикалық сипаттама, яғни АКТ құрамына кіретін инновациялық іскерліктер дами алады, сондай-ақ формациялық қызметтің мақсатына байланысты МКАҚ құрауыштарының құрамы өзгеруі мүмкін;

– имплициттік сипаттама, яғни МКАҚ ақпараттық қызмет кезінде көрінетін және оның шегінен тыс пассивті болуы мүмкін ақпараттық қабілеттердің болуын болжайды;

– кешенді сипат, яғни МКАҚ құрамына МКАҚ құрылымы айқындалатын әртүрлі бағыттағы компоненттер кіреді;

– МКАҚ-тың мәдени байланысты сипаттамасы даусыз, өйткені кез келген ақпарат белгілі бір мәдениетке тиесілі және мәдени негізделген;

– релятивтік (салыстырмалы) сипаттама, өйткені ақпарат көлемі шексіз және ақпараттық технологиялардың үнемі дамуымен өзара іс-әрекеттер тәсілдеріне байланысты МКАҚ компоненттерінің іскерлік құрамы толық белгіленуі мүмкін емес.

Кәсіптік білім беру сапасын арттырудың маңызды алғышарты білім беру үдерісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдана отырып, жоғары білім беру мекемелерінде тиімді ақпараттық-коммуникациялық орта (АКО) құру болып табылады. Мұндай оқыту ортасы студенттің өзін-өзі басқаратын оқу қызметінде тәуелсіздік деңгейін арттыруға, оқытушымен икемді кері байланыс орнатуға, электрондық оқу материалдарының мазмұнын жасауға, үздіксіз жаңартуға және оларға неғұрлым жылдам қол жеткізуге, оқытудың жеке нысандары үшін мүмкіндіктердің үлкен шеңберін ұсынуға ықпал ететін болады. Ақпараттық-коммуникативтің ортаның тиімділігі студенттердің,

оқытушылардың арасындағы тікелей қарым-қатынасты, топтардағы жұмыстың бірлескен нысандарын жоққа шығармайтынын, керісінше болжайтынын, сондай-ақ компьютер жанама түрде шынайы мәдениаралық қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететінін атап өту қажет.

Интерактивті-дидактикалық субқұзырет үшін ақпаратпен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуде креативті тәсіл қағидатын басшылыққа алу маңызды деп санаймыз. Бұл креативті ойлауды, шығармашылық шеберлікті дамытуды көздейді. Студент ақпараттық қызметті жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды қолдануды үйренеді. Бұдан басқа, осы қағидат шеттілді дидактикалық материалдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай білуді жетілдіруге және шетел тілі сабақтарында инновациялық қызметтің өзіндік стилін қалыптастыруға көмектеседі. Біз болашақ мұғалім үшін шетел тілін оқыту үшін ақпаратпен және әртүрлі ақпарат көздерімен белсенді, дербес өзара іс-қимыл жасау қағидатын пайдалануды ұсынамыз. Ол студенттердің ақпараттық және лингводидактикалық қызметті жүзеге асыру үдерісінің белсенді қатысушылары ретінде өздерін сезінуі арқылы іске асырылады. Кәсіптік тұжырымдаманың интеграциялық моделін іске асыратын модульдер әзірленуде, олар тілдік даярлықпен кәсіби дағдылардың ықпалдасуын айқындайды, яғни студенттердің нақты кәсіби-иммерсивті кейстерді іске асыруы үшін контексті жасаудың инновациялық құралы ретінде кәсіптік тұжырымдама пайдаланылады.

Бұл білім беру үдерісін кәсіптік қызмет талаптарына бейімдеуге және кәсіптік даярлау шеңберінде студенттердің шетел тілін үйренуге ынтасын және тартылуын арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайда педагогикалық ЖЖОКБҰ-ның оқытушысының өзін-өзі іске асыруға бағдарлану, студенттерді дамытумен педагогикалық қолдаудың қажеттілігі, инновациялық педагогикалық қызметті қарқындатуға саналы түрде қарау, этникалық, әлеуметтік, жастық, кәсіби, гендерлік нормалармен ережелердің әртүрлілігімен сипатталатын көп мәдени білім беру ортасында жеке-кәсіби даму құзыреттерін дамыту сияқты ізгілік құндылықтары ерекше маңызға ие болады. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің құрылымы креативті, бағалау, әлеуметтік, технологиялық, прагматикалық компоненттерді қамтиды, ал компоненттер құрамына ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларының жиынтығы жатады. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында білім беру үдерісі тіл курстары тыңдаушыларының ересек аудиториясының психофизиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаға бағдарланған оқыту және коммуникативтік-когнитивтік, құзыреттілік, қызметтік және мәдениаралық тәсілдер қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Е.В. Корсакова шетел тілі ақпараттық құзыретті қалыптастыру қағидаттарын белгілейді және келесі факторларды ескереді: 1) оқу үдерісінің мақсатқа жетуге бағытталуы: білім алушылардың ақпараттық шеттілді құзыреттілігін қалыптастыру; 2) тілдік курстарда оқыту шарттарының ерекшеліктері; 3) білім беру үдерісінің субъектісі ретінде оқытылатын ересектердің ерекшеліктері. Дидактикалық мақсаттар үшін ескеріледі [74]:

1) ақпараттың мәдени бағдарлану қағидаты-мәдениеттер диалогы контексінде оқу үдерісін құруды айқындайды және МКАҚ түрлі компоненттерінің шеберлігін құру үдерісінде іске асырылатын;

2) ақпаратқа прагматикалық көз қарас қағидаты ол ақпараттың тұлғалық маңыздылығын және оны нақты тіршілік әрекеті үдерісінде одан әрі қолдану мүмкіндігін саналы бағалауды болжайды;

3) ақпаратты сыни тұрғысынан бағалау қағидаты МКАҚ бағалау компонентінің шеберлігін мақсатты түрде қалыптастыру арқылы іске асырылады және ақпаратқа сын тұрғысынан қарау қажеттігін түсінуді, шынайы фактілерді салыстыра және бөліп көрсете білуді, заттардың шынайы жағдайын түсінуге ұмтылуды болжайды.

Өзінің білім беру және ақпараттық қызметін рефлексиялық бағалау қағидаты өзінің білім беру және ақпараттық қызметіне рефлексияны жүзеге асыруды көздейді.

Бұл бейімделуді, интербелсенділікті және пәнаралық ықпалдасуды ескеруді талап етеді, ол білім беру үдерісінде жүйелі тәсілге алып келеді. Бұл сыни және аналитикалық ойлауды дамытуға назар аударуға мүмкіндік береді, бұл студенттердің серпінді кәсіби әлемнің сын-қатерлеріне дайындығын арттырады және кәсіп тұрғысынан шетел тілін неғұрлым тиімді меңгеруге ықпал етеді. Ақпараттық қоғамда толық қанды өмір сүрудің алғы шарты мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттің жеткілікті дәрежеде қалыптасуы және адамдардың ақпараттың үнемі келуімен өмірлік жағдайлардың өзгеруі жағдайында бейімделуіне мүмкіндік беретін қалыптасқан ақпараттық іскерліктің, жаңа білімді өз бетінше іздеу және проблемалардың кең ауқымын шешу үшін алынған ақпаратты практикалық тыныс-тіршілікте қолдану іскерлігінің болуы болып табылады. Ғылымды қажет ететін жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың ұтымды тәсілі, сыни ойлау қабілеті, шығармашылық ойлау қабілеті, ақпаратпен жұмыс істей білу «табысты ересектердің» өзін-өзі бекітудің айқындаушы критерийлері болып табылады. Дербестік, байланысқа бейімділік, жан-жақты дамуға ұмтылу бейбітшілік орналасқан ақпараттық қоғамның белсенді субъектісін сипаттайды [75].

1.3 Шетел тілі сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына сәйкес басым бағыт ретінде халықтың оның жемісін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдыларының болуын талап ететін білім беру жүйесі белгіленген. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім Министрлігі компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыру үшін шаралар қолдануда [76]. Орта білім беру мазмұнын креативті ойлаумен техникалық дағдыларды дамыту арқылы қайта қарау бастауыш сыныптарда «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін енгізуге алып келді, ол қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды оқумен күнделікті өмірде тиімді пайдалану үшін олармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беруде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні таңдаған кәсібі бойынша міндеттерді іске асыру үшін АКТ пайдалануға бағытталған. Цифрландыру барлық мамандардың цифрлық дағдыларын дамыту арқылы білім берудің барлық деңгейлерінің мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Қазақстандық білім беру контексінде цифрландыру шеттілді кәсіптік білім берудің сапасымен тиімділігін арттыру үшін негізгі құрал ретінде пайдаланылады. Сондай-ақ, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» бағдарламасында цифрлық технологиялардың көмегімен жаңа индустрияларды құруға назар аударылады, бұл ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) білім беру бағдарламаларына ықпалдастыру қажеттігін растайды.

Жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеумен және оқу үдерісіне енгізумен Қ. Кенжеханованың пікірінше, цифрлық оқыту ұғымы дәстүрлі оқыту құралдарын визуалды-коммуникативтік форматқа бейімдеу ғана емес, сонымен қатар цифрлық кеңістікке оқыту мазмұнын, құрылымын, әдісін, формасын, бағалау жүйесін жүйелі түрде ғылыми-педагогикалық негізде ұйымдастыруды білдіреді. Бұл процесте жобалау – нақты мақсатқа бағытталған, педагогикалық жүйенің элементтерін өзара байланыстыра отырып, студент тұлғасына бағытталған оқыту ортасын құрудың ғылыми тәсілі болып табылады [77].

Зерттеуші, А.В. Уваровтың айтуынша, цифрлық оқыту – бұл білім беру контентін құрылымдау, визуалдау, және студентке ыңғайлы етіп ұсынудың жүйелі тәсілі. Ол дизайнды безендіру емес, сонымен бірге білімді меңгеру тиімділігін арттыратын дидактикалық құрал ретінде сипаттайды [78].

Р.Е. Майэрдің пайымдауынша, визуалды ақпаратты пайдалану оқу материалын меңгеру тиімділігін арттырады. Бұл дерек студенттердің оқу үдерісінде цифрлық дизайн элементтерін комикс, инфографика, анимация слайд, иллюстрация жүйелі қолданудың қажеттілігін дәлелдейді. Цифрлық дизайн арқылы студент тек ақпарат алып қана қоймай, оны жинақтап, талдап, көркем түрде қайта ұсынуға да үйренеді. Бұл өз кезегінде студенттердің шығармашылық қабілетін, бейнелі ойлауын және цифрлық сауаттылығын қалыптастырады [79].

Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану оқу үдерісін жетілдірумен оңтайландырудың, жұмыс нысандарын әртараптандыруға және сабақты студенттер үшін қызықты әрі есте қаларлық етуге мүмкіндік беретін әдістемелік құралдармен тәсілдердің арсеналын байытудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Қазіргі жағдайда мұғалімнен цифрлық сауаттылықты қалыптастыратын әдістерді қолдану талап етіледі. Оқытудың топтық нысанының әдістері ерекше маңызды, бірақ ақпараттық технологиялардың пайда болуы оқытуды курсты өту қарқынымен тереңдігі бойынша дараландыруға мүмкіндік береді. Бұл үлкен оң нәтиже береді, өйткені әрбір студенттің табысты қызметі үшін жағдай жасайды, студенттердің бойында жағымды эмоциялар тудырады және осылайша олардың оқу мотивациясына әсер етеді.

Оқытудың интерактивті нысандарын пайдаланған кезде студент негізгі әрекет ететін тұлғаға айналады және білімді меңгеруге жол ашады. Бұл жағдайда

мұғалім оқу үдерісінің білім беру және тәрбиелік міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған графикалық, мәтіндік, сандық, сөйлеу, музыкалық ақпаратты қамтитын ақпараттық дереккөзді білдіретін цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануда оқу үдерісін ұйымдастыруда және ынталандыруда белсенді көмекші ретінде әрекет етеді. Олардың дефинициясы бойынша, ЦББТ-қазіргі заманғы мұғалім қызметінің барлық бағыттарының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол оқу және сабақтан тыс қызметті оңтайландыруға және ықпалдастыруға ықпал етеді. ЦББТ ақпарат ұсыну арсеналын кеңейтетіндіктен, барлық қабылдау арналары іске қосылған [80] : мәтін-дыбыс-бейне-түс, оның көмегімен ағылшын тілі сабағында мұғалім бір қатар міндеттерді шешеді: жаңа оқу материалын бейне арқылы түсіндіреді, өткен лексикалық материалды қайталайды және бекітеді, білімді меңгеруге аралық және қорытынды бақылау жүргізеді, сонымен қатар шынайыға барынша жақын ойын оқу жағдайларын жасайды. Осының бәрі болашақ мұғалімнен компьютермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеріп алуды талап етеді. Университетте ағылшын тілі сабақтарында АКТ көмегімен біз цифрлық құзыреттерді қалыптастырамыз: жаһандық желі материалдарында оқу дағдыларымен ептіліктері; студенттердің жазбаша сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, білім алушылардың сөздік қорын толықтыру, студенттердің ағылшын тілін үйренуге ынтасын арттыру. Бұдан басқа, студенттердің ой-өрісін кеңейту, ағылшын тілді елдердің өкілдерімен іскерлік қарым-қатынаспен байланыстарды ретке келтіру және қолдау үшін интернет-технологияларды зерделеу мүмкіндігі бар. Д.В. Воробьев пен А.А. Сироткина атап өткендей, цифрландыру қашықтықтан және дәстүрлі оқытудың баламалы формалары үшін түрлі бағдарламалар, қосымшалармен ресурстарды кеңінен пайдалануды білдіреді, бұл білім беру үдерісінің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді [81].

Цифрлық құзыреттер лексиканы оқыту сияқты шетел тілі сабақтарында компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс жасау нысандарымен байланысты; айтуды пысықтау, диалогтік және монологтық сөйлеуді үйрету, жазуға үйрету, грамматикалық құбылыстарды пысықтау.

Сондықтан біз ағылшын тілін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын оқу үдерісін жетілдіру және оңтайландыру, жұмыс нысандарын әртараптандыруға және соңғы мақсаты мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілік болып табылатын студенттер үшін сабақты қызықты әрі есте қаларлық етуге мүмкіндік беретін әдістемелік құралдармен тәсілдердің арсеналын байыту үшін пайдаланамыз.

Цифрлық білім беру технологиялары цифрлық технологияларға негізделген қазіргі заманғы білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі болып табылады. Технологиялар оқыту үдерісінің 4 негізгі компонентін қолдауы тиіс: белсенді қатысу, топтарда жұмыс істеу, сарапшылармен өзара іс-әрекет және керібайланыс орнату [82, 416]. Ағылшын тіліндегі цифрлық коммуникация көп мәдениетті ортада өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің көптеген бөлігі жасанды интеллект (ЖИ) үлгілерін, цифрлық платформалармен қосымшаларды, сондай-ақ виртуалды, ойын және кейс симуляцияларын

пайдалануды қоса алғанда, технологиялық деңгейде оқу үдерісін ұйымдастыру құралы ретінде оқытуды сандық қолдау қажеттігін атап көрсетеді.

Білім беру цифрлық технологиялары жалпы білім беру жүйесінде жаңа әдістемелік мүмкіндіктер ашады, өйткені мультимедиялық көрнекілікті сабақтарда пайдалану мұғалімге де, оқушыға да пәнді меңгеруге көмектеседі.

Демонстрациялық әдіс – педагогикалық процесте оқу материалын визуалды, көрнекі немесе практикалық түрде көрсету арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс. Бұл әдістің негізгі мақсаты – теориялық ақпаратты нақты көрініспен немесе үлгімен ұсыну арқылы студенттердің түсінуін жеңілдету, материалды меңгеру үдерісін жеделдету және есте сақтауды нығайту. Демонстрациялық әдіс студенттердің қабылдау, талдау және салыстыру қабілеттерін дамытумен қатар, олардың практикалық әрекет дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл әдіс күрделі ұғымдар мен процестерді көрнекі көрсету арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттырады және контекстік оқытудың интегративті элементі ретінде қолданылады.

Иллюстративтік әдіс – оқу материалын түсіндіру және студенттердің танымдық белсенділігін арттыру мақсатында көрнекі суреттер, схемалар, диаграммалар, кестелер немесе басқа визуалды құралдарды қолдану әдісі. Бұл әдістің негізгі функциясы – күрделі ұғымдарды нақты бейнелер арқылы көрсету, ақпаратты жүйелеу және есте сақтау. Бұл әдіс студенттердің визуалды қабылдау қабілеттерін дамытады, оқу материалын талдау және салыстыру дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, ол практикалық тапсырмаларды түсіндіруде, контекстік жағдайларды модельдеуде және мәдеиаралық құзыреттілікті дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі студенттер ақпаратты көрнекі түрде қабылдай отырып, оны кәсіби іс-әрекетке тиімді интеграциялай алады.

Анимациялық әдіс – студенттердің визуалды және кинестетикалық қабылдау қабілеттерін дамытады, оқу материалын динамикалық модельдер арқылы талдауға мүмкіндік береді және практикалық дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл әдіс контекстік оқыту мен мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті дамытуда тиімді

құрал болып табылады, себебі студенттер материалды нақты немесе модельдік жағдайларда көріп, өз әрекеттерін ақпараттық ортада үйлестіре алады.

Интерактивті әдіс – студенттердің қарқынды ойлау және құндылық-бағдарлау қызметін ұйымдастыруға, тұлғааралық өзара іс-қимыл дағдыларын дамытуға және кері байланысты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Интерактивті білім беру технологияларының негізгі ерекшелігі жеке бастаманы дамыту, студенттердің жаңа білім мен іскерлікке ұмтылысын қалыптастыру болып табылады. Интерактивті білім беру технологияларын қолдану нәтижесінде нақты жағдайларды талдауға үйрету, маңыздыны екінші дәрежеден бөлу дағдыларын қалыптастыру және мәселені тұжырымдау сияқты міндеттер шешіледі, еркін ойлауға мүмкіндік береді, жан-жақты ізденушілігін арттырады, ақыл-ойын, тіл байлығын дамытады. Интерактивті және үнемі жетілдірілетін ақпараттық педагогикалық технологиялар мен құралдардың көмегімен кәсіби құзыреттіліктің өсуіне ұмтылу мәселенің барлық аспектілерін қамту үшін аса күрделі жағдайларды үлгілеуге жәрдемдеседі, сондай-ақ білімді белсенді, терең, жеке меңгеруді қамтамасыз етеді.

Коммуникативті әдіс – сөйлеуге үйретуге арналған және шетел тілін үйренудегі тілдік және психологиялық кедергілерді жоюға көмектеседі. Сонымен қатар тіл үйрету үдерісінде студенттерге тек грамматикалық ережелер мен лексиканы үйретумен ғана шектелмей сонымен қатар оларды шынайы өмірде тіл арқылы қарым-қатынас жасауға үйретеді. Коммуникативтік жаттығулар тілдік дағдыларды және шетел тілін практикалық меңгеруді қалыптастыруға ықпал ететін, әртүрлі контекстерде тілдік құрылымдарды талдаудың рефлексивтік дағдыларын қалыптастыруға бағдарланатын шығармашылық жаттығулардың түрі. Коммуникативтік жаттығулар рөлдік диалогтар арқылы шеттілінде қарым-қатынас және өзара іс-қимыл дағдыларын дамытуға ықпал ететін жағдайлар жасауға бағытталған. Диалогқа қатысу – бұл сипаттаумен немесе баяндаумен тығыз байланыста талқылау нысанында бірқатар пікірлер ретінде өз пікірлерін білдіретін екі субъектінің әрдайым өзара іс-қимылы. Біз иммерсивті және коммуникативті жаттығуларды біріктіргенде, студенттердің кәсіби-маңызды контекске белсене енуіне жағдай жасай отырып, коммуникативті-цифрлық технологияларды іске асырамыз.

Кейс-стади интерактивті білім беру технологияларының бір түрі болып табылады. Білім алушылардың проблемалық жағдайды сипаттау түріндегі міндеттерді шешу жөніндегі жұмысын білдіреді. Кейс-технологияны іске асыру білім алушылардың кәсіби, практикалық міндеттерді шешуде кешенді тәсілді қолдана білуін қалыптастыруға мүмкіндік береді, білім алушылардың сыни, талдамалық, шығармашылық ойлауын, soft skills дамытуын ынталандырады. Нақты жағдайлар әдісі шетел тілін оқыту проблемаларын зерттеу үшін қолданылды, соның негізінде жағдайды талдаудың келесі түрлері бөлінген: ұсынымдық, себеп-ахуалдық, проблемалық, тергеу, болжамдық, прагматикалық, бағдарламалық-нысаналы, аксиологиялық.

Рөлдік ойын – ситуациялық жағдайға орай білім алушылар рөлдік образдарға кіріп алынатын оқыту әдісі. Оқытушы ойын барысын бақылап, сабақ

соңында бағасын береді. Ойын әдісі студенттердің көңіл-күйін көтнріп, ойлау қабілетін арттыратын үрдіс. Бұндай әдістің көмегімен студенттердің іскерлік қабілеттері артып, кез келген жағдайдан шығуына көмектеседі. Рөлдік ойынның мәні: а) болашақ маманның өзін-өзі ұстай білу қабілетін дамытады; б)қажетті сөздерді неғұрлым көп меңгерсем, дұрыс жауап берсем деген ойды туғызады; в) ойын барысында тілдік қатынастар ерекше маңызға ие болады; г) сөйлеу мәдениетін дамытуға өз септігін тигізеді.

Миға шабуыл (ағыл. brainstorming) – студенттердің шығармашылық белсенділігін ынталандыратын интерактивті білім беру технологиясы, ол білім алушылардың пайда болуына қарай олардың еркін алмасу жағдайында әртүрлі нұсқаларды/идеяларды іздеу және дамыту арқылы проблемаларды/міндеттерді шешуге бағытталған. Технология оқытушының шешімі жоқ мәселені/міндетті іріктеуінен тұрады. Студенттерге белгіленген мерзімде оларды кейіннен талдау, талқылау және қойылған міндет жағдайында неғұрлым оңтайлы таңдау арқылы шешудің мүмкіндігінше көп нұсқаларын білдіру ұсынылады.

Веб-квест – бұл өз бетінше зерттеу жұмыстары үшін интернет-ресурстарды (гиперсілтемелерді) пайдалануға негізделген білім беру технологиясы немесе мәселеге негізделген тапсырма, сыни ойлау және ақпаратты өңдеу дағдыларын дамытады, мұнда қатысушылар көбінесе рөлдік ойын түрінде қойылған сұрақтарға сандық түрде жауап іздейді, талдайды және ұсынады. Технологияның артықшылықтары: а) студенттердің дербестігін қамтамасыз етеді, коммуникативтік құзыреттілігін дамытады; б) жеке тәсілге мүмкіндік береді, студенттерді жаңа тілдік білім мен лингвистикалық және мәдени ақпаратты алуға және қолдануға ынталандырады; в) көп мөлшерде өзекті, шынайы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, сыни және проблемаларды шешуге бағытталған ойлауды дамытады.

Интерактивті-цифрлық технологиялар әлдеқайда ұзақ мерзімді әсерге ие болуы мүмкін, өйткені белсенді, эмоционалды талқылау жаңа білімді ұғынуға әкеледі, өз ұстанымдары туралы ойлануға мәжбүрлейді. Шетел тілінің болашақ мұғалімдерін шеттілдік кәсіптік-бағдарланған оқыту контексінде цифрландыру негізгі рөл атқарады, өйткені ол білім беру үдерісінің сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар оны білім алушының қажеттіліктеріне неғұрлым мақсатты және бейімделуге де мүмкіндік береді. Ағылшын тілінде цифрлық коммуникация көпмәдениетті ортада өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің басым бөлігі жасанды интеллект (ЖИ) үлгілерін, цифрлық платформалар мен қосымшаларды, сондай-ақ виртуалды, ойын және кейс симуляцияларын пайдалануды қоса алғанда, технологиялық деңгейде оқу үдерісін ұйымдастыру құралы ретінде оқытуды цифрлық қолдау қажеттігін атап көрсетеді.

Жаттығулар жүйесі – бұл дидактиканың жүйелілік, бірізділік, қолжетімділік және саналылық қағидаларына сүйенеді. Сонымен қатар ол коммуникативтік және құзыреттілікке негізделген оқыту теорияларымен тығыз байланысты. Жүйелі ұйымдастырылған жаттығулар білім алушының когнитивтік, тілдік және коммуникативтік қабілеттерін кешенді түрде дамытады. Біз контексті-

стратегиялық және иммерсивті-коммуникативтік жаттығуларды қолдандық. Бұл жаттығулар жүйесі коммуникативтік-әрекеттік және құзыреттілікке негізделген тәсілге сүйенетінін көрсетеді және тілдік бірліктерді (лексика, грамматика, құрылым) нақты жағдаяттық немесе мәтіндік ортада меңгеруге бағытталған тапсырмалар жүйесі.

Контексті-стратегиялық жаттығулар – бұл терминдері кәсіби қызметке жақындатылған оқу қызметімен байланысты мәтіндерді қабылдау мен түсінуге бағытталған. Студенттің шетел тілінде сөйлеу туындыларын жасауы коммуникативтік мақсаттар мен ниеттерге байланысты. Бұл жаттығуларда болашақ шетел тілі мұғалімінің қызмет тәсілдерін меңгеру үшін вербалды-семантикалық деңгейде сөздер мен олардың мағыналары қарастырылады. Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби қызметіне сәйкес өзінің сөйлеу-ойлану қызметінің өнімін бағалау мүмкіндігі осылайша қамтамасыз етіледі. Мұндай оқытуда сөйлеу кедергісі еңсеріледі, барлық материал кәсіптік білім беру міндеттерін ұғынуға бағытталған, бұл үшін сабақтарда шетел тілі құралдарымен мотивациялық стратегиялар іске асырылады.

Иммерсивті-коммуникативтік жаттығулар – бұл сөйлеу әрекетінде және басқа адамдармен қарым-қатынаста және жасанды үлгідегі шындыққа тереңнен өзін көрсетуді талап ететін тапсырмалар. Мұнда сөйлеуге мәтіндерді генерациялауға арналған мультимодальды ЖИ құрал (NaturalReader) кейіпкерлерді, жанрды, стильді және мәтінді екпінді дыбыстауға арналған бағдарлама және әңгімелеуде D-ID жасанды интеллект бағдарламасы қолданылады. Иммерсивті-коммуникативтік жаттығулар екі түрден тұратын болғандықтан: иммерсивті және коммуникативтік жаттығулардан, онда олардың әрқайсысы жеке қалай әрекет ететінін қарастырайық. Иммерсивті оқыту құралдары білім беру үдерісін басқаруға, оқытуды бейімдеуге, нәтижелерге мониторинг жүргізу және білім беру ортасының қатысушылары арасындағы интерактивті өзара іс-қимылды ұйымдастыруға арналған әдістер, құралдар мен тәсілдер жүйесі ретінде пайдаланылады. Иммерсивтілік рөлдік ойындарға қатысу арқылы ақпараттандыру және лингвистикалық-педагогикалық ойлау стилін қалыптастыру арқылы оқытуды болжайды [129].

Иммерсивті жаттығулар симуляция технологиясы сияқты оқыту құралдары арқылы орындалады. Компьютерлік симуляциялар оқытылатын объектінің виртуалды моделімен оқушылардың жұмысын компьютер арқылы құбылысты білдіреді. Компьютерлік симуляциялар технологиясын қолдану білім алушыларға кәсіби қызметінде қажетті бағдарламалық пакеттермен жұмыс істеуді үйренуге, нақты объектілердің, құбылыстардың әртүрлі себептер бойынша (экономикалық, уақытша, қауіпсіздік тұрғысынан және т.б.) қол жетімсіздігі жағдайында теориялық білімді, практикалық (кәсіптік) дағдыларды дербес меңгеруге мүмкіндік береді. А.О. Девос және т.б. тіл дағдыларын меңгеруді жеделдететін және студенттердің ағылшын тілін меңгерудегі мотивациясын жақсартатын когнитивтік-лингвистикалық тәсілмен үйлестірілген дискурс, мәтін, тіл сияқты түрлі сөйлеу-ойлану феномендерін талдаудың практикалық тәжірибесінде симуляцияның тиімділігін атап көрсетеді

[130]. Симуляция түрлерінің типологиясында бірнеше аспектілер ерекшеленеді: кейстер негізіндегі симуляциялар, шешім қабылдау симуляциялары, рөлдік симуляциялар, ашық симуляциялар және ойын симуляциялары. Әрбір түр аналитикалық дағдыдан коммуникативтік және сыни ойлауға дейінгі түрлі дағдыларды дамытуға бағытталған. А. Велез және Р.К. Алонсо білім беру контекстінде симулятивті ойындарды іске асыру түсініксіз немесе белгісіз терминнің мағынасын түсінуге арналған жұмысты және оқушылардың командалық оқыту форматында өзара іс-қимылында арнайы тілді белсенді пайдалану үшін жұмысты көздейтінін атап көрсетеді, ол түрлі шынайы сценарийлерге қатысуды, стратегиялық негізделген шешімдер қабылдауды және олардың салдарын талдауды қамтиды [131].

Студенттерді шетел тілінде кәсіптік оқытуда виртуалды шынайылық симуляциясын пайдалану оқыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Виртуалды шынайылық (ВШ) технологиясына негізделген сүңгу тәсілі студенттерге шетел тілін үйренуге ғана емес, сондай-ақ шеттілді ортаның мәдениетімен белсенді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқытылатын тіл елінің виртуалды мәдениетіне енуі арқылы мүмкін, бұл болашақ мұғалімдерді оның мәдениетіне тартуға ықпал етеді, мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастырудағы негізгі элемент сыни пайымдауды және талдауды талап ететін тұтас бір ақпарат массиві болып табылады.

Кезеңдер оқу үдерісінде студенттің білімін, дағдыларын және кәсіби қызметін меңгеруін қамтамасыз ететін құрылымдылық бірліктер болып табылады. Әр кезең өзіне тән мақсаты, әдістемелік тәсілдері мен психологиялық-педагогикалық функцияларына ие: ұғымдық-танымдық кезең жаңа пәндік ұғымдарды игеруге, логикалық-тезаурысты кезең біліммен терминдерді жүйелеуге, прагматика-стратегиялық кезең практикалық және кәсіби қолдануды дамытуға бағытталған. Осы кезеңдердің үйлесімділігі студенттің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады:

– ұғымдық-танымдық кезеңде – бұл студенттің пәндік ұғымдарды игеруі, олардың мәнін түсінуі және когнитивтік қабілеттерін дамыту арқылы білімді жүйелеу мен ұғынуды қамтамасыз етуге арналған оқу үдерісі.

– логикалық-тезаурысты – бұл студенттің пәндік ұғымдар мен терминдерді логикалық жүйеге келтіріп, білімін тереңдету және кәсіби тілдік қорын қалыптастыру арқылы когнитивтік және семантикалық дағдыларын дамытуға бағытталған оқу үдерісінің кезеңі.

– прагматикалық кезең – бұл студенттің білімін, дағдыларын және кәсіби әрекетін нақты практикалық контекстерде мақсатты және стратегиялық түрде қолдануын қамтамасыз етуге арналған оқу үдерісі.

Келесі бағалау блогі моделдің теориялық негізділігін, құрылымдық тұтастығын және тәжірибелік тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан айқындауға бағытталады. Бағалау үдерісі модельдің мақсаттық индикаторлары мен күтілетін нәтижелерінің сәйкестігін кешенді талдау арқылы жүзеге асырылады. Бағалау блогінің негізгі мақсаты цифрлық білім беру ортасында шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу

деңгейін анықтау және модельдің нәтижелілігін дәлелдеу. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыратын бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізіледі: уәждемелік-ұйымдастырушылық, когнитивті-пәндік, рефлексивті-аналитикалық.

Уәждемелік-ұйымдастырушылық – студенттің іс-әрекетке деген ішкі уәжінің деңгейін және сол уәжді мақсатқа бағытталған, жүйелі ұйымдастырылған әрекетке айналдыру қабілетін сипаттайтын кешенді өлшем. Бұл критерий тұлғаның танымдық қажеттіліктерін, құндылықтық бағдарларын, кәсіби қызығушылығын, мақсат қоя білу дағдысын және өз әрекетін жоспарлау, реттеу, бақылау іскерліктерін біріктіреді. Ал ұйымдастырушылық компонентті мақсатты нақтылау, әрекеттерді кезеңдерге бөлу, уақытты тиімді пайдалану, ресурстарды үйлестіру және нәтижені талдау қабілеттерімен сипатталады. Бұл критерий тұлғаның оқу немесе кәсіби қызметтегі белсенділігін және өзін-өзі басқару мәдениетін бағалауда маңызды орын алады. Сондықтан уәждемелік-ұйымдастырушылық критерийі білім беру үдерісінің тиімділігін анықтайтын негізгі сапалық көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Когнитивті-пәндік – бұл критерий когнитивтік үдерістердің дамуын және пәндік мазмұнды меңгеру сапасын бағалауға бағытталады. Когнитивтік компонентті білім алушының ақпаратты қабылдау, түсіну, талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттерін қамтиды. Ал пәндік компоненті нақты оқу пәніне ұғымдар жүйесін, заңдылықтарды, теорияларды және әдістерді меңгеру деңгейін білдіреді. Бұл критерий білім алушының интелектуалдық даму деңгейін, оқу материалын саналы түрде меңгеруін және пәндік құзыретінің қалыптасу дәрежесін бағалауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан когнитивті-пәндік критерий оқу жетістіктерін кешенді талдаудың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Рефлексивті-аналитикалық критерий рефлексия үдерісінің (өз әрекетін, ойлауын, тәжірибесін пайымдау) және аналитикалық ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейін айқындайды. Рефлексивті компоненті білім алушының өз мүмкіндіктерін, жетістіктері мен қиындықтарын саралап, олардың себеп-салдарлық байланыстарын түсінуін қамтиды. Ал аналитикалық компоненті ақпаратты құрылымдау, салыстыру, жүйелеу, дәлелдеу және негізделген қорытынды жасау қабілеттерімен сипатталады. Бұл критерий тұлғаның сыни ойлау мәдениетін, дербестігін және үздіксіз скәсіби дамуға даярлығын бағалауда маңызды орын алады. Сондықтан рефлексивті-аналитикалық критерий білім беру нәтижелерін сапалы бағалаудың және тұлғалық өсу динамикасын айқындаудың маңызды көрсеткіштерінің ырі болып табылады.

Осы модельдің соңғы білім беру нәтижесі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасуынан тұрады. Бұл компоненттің құрылымына мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуын бағалайтын қалыптастырушы және қорытынды лингводидактикалық тестілеу нәтижелері, сондай-ақ шетел (ағылшын) тілін меңгеру үдерісінде цифрлық білім беру контентін пайдалану тиімділігін анықтайтын сауалнама деректері кіреді. Оқу нәтижелері бағалау

үдерісінде объективтілік пен ашықтықты қамтамасыз ететін студенттердің нақты тұжырымдалған қабілеттері дескрипторлары мен бағалау критерийлері негізінде алынды.

Модель деңгейлік сипатқа ие және болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің креативті, түсіндірме және бейімделу деңгейлерінде қалыптасуын сипаттайды.

5-кестеде субқұзыреттер және олардың әрқайсысын қалыптастыру деңгейлері көрсетілген: уәждемелік-ұйымдастырушылық, когнитивті-пәндік және функционалды-талдамалық деңгей

Кесте 2 – Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттің қалыптасу сипаттамалары

Субқұзырет	Уәждемелік-ұйымдастырушылық	Когнитивті-пәндік	Рефлексивті-аналитикалық
1	2	3	4
Мәдениетаралық когнитивтік	қарым-қатынасқа әсер етуі мүмкін негізгі мәдени айырмашылықтар, мысалы, әртүрлі мәдениеттердің мінез құлық нормалары, құндылықтары, әдет-ғұрыптары және дәстүрлері; Өз әңгімесінде шеттілді мәдениаралық қоғамның ерекше мәдени ерекшкліктерің ұсынуға қызығушылық танытады.	– мәдени контекстке байланысты қарым қатынас стиліңізді бейімдеңіз. – әңгімелесушіңізді белсенді түрде тыңдаңыз, оның пікірлерін түсініп, құрметтеңіз, сондай-ақ жақсырақ түсіну үшін нақтылау сұрақтарын қоюыңыз мүмкін; Мәдени ерекшелікті сақтау және әңгімелер арқылы тарату үшін технологияны пайдаланады; – мәдени аспектілерді сандық шығармаларда подкасттар, бейнелер, блогтар көрсетеді.	– мәдени айырмашылықтар мен тиісті мәнмәтіндерді құрметтеудің маңыздылығын мойындай отырып, мәдениаралық диалогты бастау және қолдау. – мәдениаралық қақтығыстарды шешуге сындарлы көзқараспен қарау, ымыраға келу және түсініспеушіліктерді жеңу үшін тиімді стратегияларды қолдану; – алынған кері байланысты талдайды, рефлексияны дамытады, мәдени және тілдік қажеттіліктерді ескере отырып, тиісті мазмұнды өзгертеді және ұйымдастырады.
Контекстік-топтастырушы	– күнделікті қарым-қатынасқа арналған кәсіби сөздік қор және сөз тіркестері; –кәсіби контексте	– ауызша және жазбаша түрде мамандандырылған терминологияны қолдану;	– өз салаларындағы тақырыптарды тиісті терминологияны қолдана отырып түсіндіру; – жаңа терминдердің

2-кестенің жалғасы

	мамандандырылған терминдерді қолдану; – ағылшын тіліндегі негізгі грамматикалық ережелер мен сөйлем құрастыру. – мәтіннің негізгі құрылымдарын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) және әртүрлі мәтін жанрларын (баяндамалар, нұсқаулар, сипаттамалар) тани алады. Интерактивті-дидактикалық әңгімелеудің өзін өзі көрсету және қарым қатынас құралы ретіндегі құндылығын мойындайды;	– кәсіби мәтіндерді дұрыс түсіндіру және талдау; – грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану; – контекстке байланысты тиісті лексикалық бірліктерді таңдау және қарым-қатынас тәсіліне байланысты өзгеріп отыру. – қарапайым байланыстырушы сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, ақпаратты логикалық ретпен ұйымдастырып, ұсыну. Олар негізгі идеяларды жеткізу үшін қысқаша диаграммалар мен жоспарлар жасай алады. Интерактивті-дидактикалық сандық әңгімелеу технологиясын пайдаланады және интерактивті қосымшалардың көмегімен:Canva, WordWall	мағынасын табу және түсіндіру; – жазбаша және ауызша тапсырмалардағы өздерінің грамматикалық қателерін танып, түзету; – таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін түсіндіру және қайталау. – кәсіби тақырыптар бойынша әңгіме жүргізу. – деректерді құрылымдау және қажетті ақпаратты бөліп көрсету қабілетін көрсете отырып, таныс тақырыптар бойынша қысқаша презентациялар немесе есептер дайындау. Интерактивті-дидактикалық кәсіби жағдайға сәйкес дереккөздерді таңдайды , тиісті ақпаратты таңдайды қорытынды жасайды; Логикалық, дәлелдеу және сенімді әңгіме құру үшін
Интерактивті-дидактикалық	-Дайын әңгімелерді қабылдауға ғана емес, сонымен қатар студенттің өзі үшін маңызды құндылықтарды, идеяларды және мағыналарды аша алатын жаңа әңгімелерді белсенді түрде жасауға деген ұмтылысты білдіреді.	Шығармашылық әлеуеті мен когнитивтік процестерін дамыта отырып, өзіндік әңгімелерін дамытады; -әңгімелеу техникасының элементтері бар тапсырмаларды орындау үшін интернет платформаларының kahoot, quizlet мүмкіндіктерін пайдаланады.	Дағдылар мен ойлау икемділігін талдау, сыни ойлау және жобалауды қолданады.

Әрбір субқұзырет үшін әрбір деңгей үшін қажетті дағдылардың даму дәрежесін сипаттайтын дескрипторлардың болуы ұсынылған деңгейлер жүйесін студенттердің өзін-өзі бағалау құралына айналдырады, бұл оларға мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттің жеке даму дәрежесін өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Бағалау көрсеткіштері

Субқұзырет	Жоғары	Орташа	Төмен
1	2	3	4
Мәдениаралық когнитивтік	Қарым-қатынас стилін бейімдеу үшін мәдени білімді тиімді пайдалану; мәдениаралық диалогты бастайды және қолдайды, қақтығыстарды шешеді	Негізгі мәдени айырмашылықтарды түсінеді, бірақ білімін әрқашан дұрыс қолдана бермейді; жақсы түсіну үшін нақтылау сұрақтарын қоя алады.	Мәдени айырмашылықтарды түсінбейді және қарым-қатынас стильдерін бейімдеуде қиындықтарға тап болады; мәдениаралық жағдайларда жиі түсініспеушіліктер тудырады.
Контекстік топтастырушы	Арнайы терминологияны ауызша және жазбаша түрде еркін қолдану; грамматикалық құрылымдарды қолдана отырып, күрделі сөйлемдер құра білу; кәсіби мәтіндерді түсіндіруде жоғары дәлдік деңгейі.	Арнайы терминдерді қолданады, бірақ кейде қателіктер жібереді; қарапайым сөйлемдер құрастырады және негізгі грамматикалық құрылымдарды қолдана алады; қосымша түсіндірмелердің көмегімен кәсіби мәтіндерді түсінеді.	Арнайы терминологияны қолдануда қиындықтар; қарым-қатынасты қиындататын қате грамматикалық құрылымдарды жиі қолданады; кәсіби мәтіндерді түсіндіре алмайды.
Интерактивті дидактикалық	Ақпаратты анық ұйымдастыру және мәтінді логикалық тұрғыдан құрылымдау мүмкіндігі; анық құрылымы бар (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) презентациялар, бейнелер және т.б. жасайды.	Ақпаратты ұсына алады, бірақ логикасы шектеулі, құрылымында қарапайым қателіктер жібереді.	Ақпаратты ұйымдастыра алмау; құрылымдар көбінесе жетіспейді, бұл түсінуді қиындатады.

Бағалау блогі мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің дамуын бағалау критерийлерін анықтайды: уәждемелік-ұйымдастырушылық, когнитивті-пәндік, функционалды-талдамалық.

Сонымен қатар біз мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің дамытудың үш деңгейін анықтадық: төмен, орташа және жоғары. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін дамытудың әрбір деңгейі студент сол кезеңде игеруі тиіс дағдылардың өсіп келе жатқан жиынтығын қамтиды. Бұл деңгейлерді анықтау білім беру үдерісінсін егжей-тегжейлі жоспарлауға, студенттің жетістіктеріне негізделген қажетті білім беру мазмұнын таңдауға және мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің дамыту әдістерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Келесі нәтиже блогы қол жеткізілетін нақты нәтижені көрсетеді: болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін дамыту. Бұл қалаған нәтиже сандық өрнегі бар көрсеткіштермен сапалық және сандық тұрғыдан анықталады.

Келесі суретте болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін дамыту моделі көрсетілген.



Сурет 2 – Кәсіби концепт интеграциясы негізінде қалыптастыру моделі.

Осылайша, біз әзірлеген модель мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін дамыту үдерісінің практикалық жүзеге асырылуын білдіреді. Бұл әдіснамалық модельдің дидактикалық тиімділігі эксперименталды түрде тексеріледі.

2.2 Білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде шетел тілдерін кәсіби оқыту технологиялары

Бұл тарауда біз шетел тілін оқыту технологиясын және ағылшын тілі сабақтарында шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру үшін цифрландыруды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырамыз. Қазақстандағы білім беру реформасының бағыты мен мәнмәтінін айқындайтын стратегиялық құжаттарға негізделген. Цифрлық трансформация, АКТ саласын дамыту және 2023-2029 жылдарға арналған киберқауіпсіздік тұжырымдамасы бар. Біз осы талапқа сай ақпараттық қауіпсіздік терминологиясын және кәсіби коммуникацияны меңгеру, сыни ойлау қабілетін дамыту, кәсіби есеп жазуға, ағылшын тіліндегі жаңалықтарды талдау және халықаралық стандарттармен танысуға арналған жаттығулар ұсынамыз.

Бұл білім беру үдерісін цифрландыруға, білім берудің сапасы мен қолжетімділігіне, сондай-ақ табысты жұмысқа орналасу үшін қажетті дағдыларды дамыту қажеттілігіне бағытталған [132].

Зерттеу аясында біз цифрландыру мәнмәтінінде шеттілді білім беру мүмкіндігін барынша толық көрсететін үш лингводидактикалық шартты анықтадық: бірінші шарт – цифрландыру контексінде болашақ шетел тілі мұғалімін даярлауын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқу материалын ықпалдастыру; екінші шарт – болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің ақпараттық бағыттылығы контекстінде лингводидактикалық тапсырмаларды қамтамасыз ету; үшінші шарт – болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу. Әр шарт белгілі бір оқыту әдістері, нысандары және құралдары арқылы іске асырылады. Бірінші шартты іске асыру үшін оқытудың келесі нысандары айқындалған: кейс-стади, дәрістер-визуализациялау, ал оқыту құралдары ретінде мультимедиялық технологиялар, әдістемелік құралдар, көрнекі құралдар ұсынылады, осының арқасында цифрлық тұрғыдан болашақ шетел тілі мұғалімінің лингвистикалық-әдістемелік дағдысы ретінде мәдениаралық-когнитивтік субқұзырет қалыптасады. Біздің зерттеуімізде дискурсивті-когнитивті кезеңде осы шартты жүзеге асырамыз. Екінші шарт кәсіптік тұжырымдаманы іске асырудың келесі әдістерімен айқындалады: ауызша коммуникация, репродуктивті, иммерсивті-коммуникативтік, пәндерді ықпалдастыру сияқты оқыту нысандарын пайдаланатын зерттеу әдістері: а) мәдениаралық қарым-қатынас мәнмәтіндегі базалық ағылшын тілі; б) кәсіби бағытталған шетел тілі; в) ағылшын тілін оқыту әдістемесі, осылай үш пәннің ықпалдастырылған модулі құрылады. Коммуникативтік-репрезентативтік кезеңде екінші шарт бойынша оқыту құралдарына жатады: компьютерлік сынып, бағдарламалық құралдар:


платформалар, сайттар (LinguaLeo, LearnSpeakEnglish, Duolingo), тренажерлар (Anki, EnglishTrainer, ABBYY Lingvo, GPT, WordWall, CanvaBoneU), аударма бағдарламалары PROMT, STILUS, SOCRAT, MAGIC GUGGY), интерактивті қосымшалар (PuzzleEnglish), электрондық курстарды әзірлеу құралдары (ArticulateStoryline, CourseLab, SpringSuite, Ading obeCaptivate, Googledisc), әдістемелік, оқу-әдістемелік құралдар, көрнекі құралдар, зертханалық жұмыстарды орындауға арналған лингафондық және техникалық жабдықтар. Ықпалдастырылған модульмен бірге ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды алу интерактивті- дидактикалық субқұзыреттілікті қалыптастырады. Үшінші шарт білім беру үдерісінің тиімділігін бақылау әдістерін қамтиды: компьютерлік тестілеу, веб-квест, бақылау жұмыстары сияқты оқыту нысандарымен ауызша, жазбаша, зертханалық-практикалық бақылау, бұл үшін оқыту құралдары пысықталған: бақылау жұмыстарын орындауға әдістемелік нұсқаулар, тапсырмаларды орындауға арналған стратегиялық тапсырмалар, тест тапсырмаларын орындауға арналған дескрипторлар. Осылай рефлексивті деңгейде контекстік- топтастырушы субқұзырет қалыптасады.

Біз мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін құрайтын дағдылар мен субқұзыреттіліктерді дамыту технологиялардың интеграцияланған өзара әрекеттесуін қажет етді деген қорытындыға келдік. Бұл өзара әрекеттесу студенттердің шығармашылығын дамытады. Осылайша, өзара байланысты кезеңдердің жүйесі лексикалық жаттығу, дискурсивті-когнитивті, коммуникативтік-репрезентативтік, мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретке негізделген қарым-қатынасқа қабілеттілік пен дайындықты қамтамасыз ететін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Әрбір кезеңге негізделген дидактикалық процестің мақсаты мен мазмұны, сондай-ақ модельдің мақсатты, тұжырымдамалық, пәндік-мазмұндық, процессуалдық, бағалаушы және нәтижелік компоненттерінің синтезі жаттығулар жиынтығы және оларға ілеспе коммуникативтік тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.

Осы диссертациялық жұмыс шеңберінде қалыптастыру модулінің мазмұндық компоненті Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттерін эксперименттік-тәжірибелік оқытуды жүргізу кезінде іске асырылады. Әзірленген оқу материалы «Кәсіби бағытталғанған шетел тілі», «мәдениаралық қарым-қатынас мәнмәтіндегі базалық ағылшын тілі» және «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі» сияқты элективті курс шеңберінде сынақтан өтті, модуль осы пәндердің бес сағатына сәйкес келетін 15 тақырыптан тұрады және оқыту барысында үнемі толықтырылып, түзетіліп отырды.

Барлығы «Кәсіби бағытталған шетел тілі» элективті курсын оқығаны үшін, 3 курс, кредит 3ECTS (90 сағат), оның ішінде: практикалық сабақтар – 30 сағат, СОЖЖЖ – 15 сағат, СӨЖ – 45 сағат. Пәнді оқыту тілі – ағылшын тілі. Бақылау нысаны – курс аяқталғаннан кейін емтихан. «мәдениаралық коммуникация контексіндегі базалық ағылшын тілі» – 3 курс, 4 семестр, 4 ECTS кредит (120 сағат), оның ішінде: практикалық сабақтар – 30 сағат, СОЖЖЖ – 60 сағат, СӨЖ – 30 сағат. Пәнді оқыту тілі – ағылшын тілі. Бақылау нысаны- курс аяқталғаннан

кейін емтихан. «Шетел тілін оқыту әдістемесі» –3 курс, 6 семестр, 4 ECTS кредит (120 сағат), оның ішінде: практикалық сабақтар – 15 сағат, дәріс – 15 сағат, СОЖЖЖ – 30 сағат, СӨЖ – 60 сағат. Пәнді оқыту тілі – ағылшын тілі. Бақылау нысаны – курс аяқталғаннан кейін емтихан.



Сурет 3 – Кәсіптік модуль – цифрлық шарттар

Л.С. Выготский ана және шетел тілдерін меңгерудің түрлі тәсілдерін анықтап, оларды ана тілі үшін «төменнен жоғары», ал шетел тілі үшін «жоғарыдан төмен» деп сипаттады. «Шетел тілін меңгеру ана тілін дамытумен тікелей қарама-қарсы жолмен жүреді деп айтуға болады. Бала ана тілін санасыз және қасақана меңгереді, ал шетел тілін ұғыну мен ниеттен бастап меңгереді. Сондықтан ана тілін дамыту төменнен жоғары қарай жүреді, ал шетел тілін дамыту жоғарыдан төмен қарай жүреді деп айтуға болады» [133]. Шетел тілін үйрену кезінде білім алушыларда есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеті жақсарады, бұдан басқа есту және көру қабілеттері дамиды және жақсарады, пәндік-мағыналық мазмұнға сүйене отырып ұйымдастырылатын зияткерлік міндеттерді шешуге арналған когнитивтік процестер қалыптасады және дамиды; белсенді ойлау тілдік процестерді ынталандырады және белсенді сөйлеу ойлау қызметі шетел тілінің дамушы мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар әртүрлі мультимедиялық және интерактивті аутентикалық ресурстардың арқасында шетел тілін оқыту үдерісін қарқындатуға ықпал етеді, олар тілдік қызметтің әртүрлі түрлерін оқыту үдерісінде білім алушылардың жұмыс қарқынын жандандырады. Нәтижесінде танымдық белсенділік пен мотивация артады, студенттердің лингвистикалық және коммуникативтік дағдылары қалыптасады. Білімді цифрландырумен айналысатын қазақстандық ғалым Д.М. Джусубалиеваның айтуынша, соңғы жылдары білім беруде цифрлық технологияларды пайдалануға баса назар аударылуда, соның көмегімен электрондық оқулықтарды, мәтінді, графиканы, дыбыс пен бейнені біріктіретін интерактивті ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы студенттердің оқуға ынтасы артады [134].

Технологияның қарқынды дамуына байланысты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы (ЖЖОКБҰ) цифрлық технологиялармен бетпе-бет келіп отыр.

Заман талабына сай студенттер сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын, топпен жұмыс жасауды және мәселені тиімді шешуді, ЖИ технологияларын тиімді пайдалануды меңгеріп келеді. Меллона университетінің профессоры Джон Андерсон Карнеги когнитивті психология және ЖИ қызметтерін зерттеумен айналысқан ғалым. Оның еңбектері студенттердің қажеттіліктеріне бейімделетін және олардың проблемаларды шешу және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жақсартуға көмектесетін «Cognitive Tutor» сияқты интеллектуалды оқыту жүйелерін дамытуға бағытталған.

Шетел тілдерін оқытудың интерактивті ресурстарының арасында оқу үдерісінде пайдалану үшін оқытатын интерактивті модульдерді қолдануды көздейтін LearningApps.org ерекше назар аударуға тұрарлық. Осы интерактивті қосымша шетел тілін меңгерудің кез келген деңгейі үшін күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қамтиды. Біз жеке топтардағы My classes қосындысы арқылы білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырамыз. Шетел тілдерін оқытуда мобильді нұсқалары бар компьютерлік бағдарламалар қолданылады, бұл мобильді құрылғылардан сервисті пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл

Mobile Assisted Language Learning (MALL) «Мобильді технологиялардың көмегімен шетел тілдерін үйрену» деп аталады, ол әрбір білім алушы үшін тұлғалық маңызы бар жағдайларды жасау және тілді үйрену қарқындылығын таңдау мүмкіндігінің арқасында оқу үдерісін өзін-өзі реттеу арқылы оқытуды дараландыруға, тікелей кері байланысты жүзеге асыруға, бұл ретте қателерді талдап, түзетуге мүмкіндік береді [135].

Шетел тілі мұғалімі үшін мобильді қосымшалардың мультимедиалығымен гипертекстілігі сияқты ерекшеліктері маңызды, олар шетел тілін үйрену үдерісін жеделдетуге және жақсартуға, тұрақты тілдік үлгілерді, қарым-қатынас дағдыларын, ағылшын тілі грамматикасының ережелерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Мобильдік сөздіктер, транскрипция мен грамматикалық мақалалардан басқа, дыбыстау және лексикалық бірліктерді дауыстық енгізуді тану функциясымен жабдықталған. Сонымен, мобильдік технологиялар (немесе мобильдік қосымшалар) автономды немесе дербес оқытуды, сондай-ақ мобильдік форматтарда әзірленген оқу курстары бар топтарда оқытуды ең жақсы түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді; өздеріне таныс техникалық құралдарды пайдалану есебінен білім алушылардың уәждемесін арттыруға ықпал етеді.

Е.С. Полаттың пікірінше, оқытудың жобалық технологиясы оқыту технологиясы ынтымақтастықта оқыту тұжырымдамасын одан әрі дамытумен түсіндіріледі және сабақ барысында оқу тобындағы әлеуметтік өзара іс-қимылды модельдеуге негізделеді [136]. Бұл ретте студенттер әртүрлі әлеуметтік рөлдерді қабылдайды және нақты өзара іс-қимыл жағдайларында проблемалық міндеттерді шешу үдерісінде оларды орындауға дайындалады. Жобалық технологияның танымалдығы ең алдымен студенттің орындауы тиіс жобалық тапсырманың тілді меңгеру үдерісін белгілі бір пәндік білімді игерумен және осы білімді нақты пайдалану мүмкіндігімен тікелей байланысты.

Студенттік орталықтандырылған оқыту әдісі (student-centredapproach) қазіргі заманғы оқыту технологияларының нұсқаларының бірі. Бұл ресейлік психолог С.Л. Рубинштейн және басқалар негізін қалаған тұлғалық-қызметтік тәсіл. Осылайша, бұл ғалымдар Болон реформаларынан әлдеқайда бұрын жеке тұлғаны қызмет сипатын өзі анықтайтын қызмет субъектісі ретінде қарастырды [137].

Аралас оқыту (blended learning) веб-технологиялар әдістерінің, педагогикалық тәсілдердің, оқыту технологиялары мен нақты жұмыс тапсырмаларының үйлесімділігі нысанын қабылдай алатынын түсіндіреді. Т.И. Краснова аралас оқыту дәстүрлі оқыту моделінің ең қисынды және табиғи эволюциясы болып табылады. Әдіс атауын негізге ала отырып, дәстүрлі модель мен электронды оқытуды біріктіру туралы айту керек деп белгілейді. Бұл технология «электрондық оқытудың инновациялық техникалық жетістіктерін және аудиториялық сабақтар шеңберінде студенттермен оқытушылардың дәстүрлі өзара іс-қимылының жылдар бойы тексерілген тәжірибесін» үйлестіреді» [138]. Оқытудың аралас әдістері студенттерге өздерінің танымдық жұмыс істеу деңгейлерінде оқуға көмектеседі. Студенттер курсты үйден ала алады және өз қарқынымен оқиалады, ал оқу пәнінің теориялық материалын

табысты меңгерген студенттер аудиторияда оқытушының жетекшілігімен машықтана алады [139].

Т.Ю. Бугакованың пікірінше, микро (шағын) оқыту технологиясы оқу материалын шағын бөліктермен (блоктармен) беру және әрбір бөлікті микро түсірулердің көмегімен бірден бекіту [140]. Микро (шағын) оқыту – бұл оқыту мен білім беру аспектілерін қамтитын «оқыту нысаны, онда негізгі назар микро деңгейге, атап айтқанда микро контенттерге немесе микромедиаға (микро өлшемдегі медиа ресурстар) аударылады. Микро (шағын) оқыту салыстырмалы түрде шағын оқу бірліктеріне және қысқа мерзімді білім беру қызметіне қатысты».

Мобильді оқыту негізгі ерекшеліктері – ұтқырлық, желіге қосылу мүмкіндігі, икемділік, итерактивтілік, контекстік сезімталдық, жекелік және қолжетімділік. Мобильді оқыту – электронды оқытудың танымал жаңа буыны. Мобильді құрылғылар мотивацияны арттырады, оқу үдерісін аудитория үшін тартымды етеді, студенттерге жағымды атмосфера жасайды және оқуды күшейтеді.



Сурет 3 – Мобильді оқыту ресурстары

Ойын технологиясы – бір жағынан тілдік кедергіні жоюға, екінші жағынан оқыту үдерісін қарқындатуға, оны белсенді, жемісті және ана тіліндегі табиғи коммуникация үдерісіне жақындатуға қабілетті педагогикалық құрал. В.В. Давыдов «толыққанды еңбек қызметін тек ойын және оқу негізінде, ал оқу қызметін – ойын негізінде қалыптастыруға болады, өйткені оқу, атап айтқанда,

баланың ойында қалыптасатын қиялымен символдық функциясының болуын болжайтын абстракциялармен қорытуларды меңгеруге бағытталған», - деп санайды [141].

Автор 1) білім алушыға жанама әсер ететін интерактивті ойындарды (ребустар, кроссвордтар); 2) білім алушыға тікелей әсер ететін интерактивті ойындарды (сюжеттік-рөлдік ойындар); 3) белсенді емес ойындарды (жеке ойын тапсырмалары) бөліп көрсеткен. Осы зерттеуші ойынды импровизация дәрежесі бойынша жіктейді: 1) рөлдермен және сюжетпен ойнау (импровизацияланған); 2) анық каноникалық сюжетпен ойнау (каноникалық); 3) сюжетсіз ойындар (кроссвордтар) [142].

Кесте 4 – Шетел тілінде қарым-қатынасқа үйрету жаттығуларының ұғымдары

Ғалымдар	Ұғымды анықтау
1	2
Г.К.Селевко, Д.Б. Эльконин, Д.Н.Узнадзе, Л.С.Выготский	Қоғамдық тәжірибе мен мінез-құлықты қалпына келтіруге және меңгеруге бағытталған іс-әрекет
М.Ф.Стронин	Нақты сөйлеу қатынасына барынша жақын жағдайларда сөйлеу үлгісін бірнеше рет қайталау үшін ситуациялық-вариативтік жаттығу

4-кестенің жалғасы

1	2
Е.И. Пассов, Н.Д.Гальскова	Белгілі бір дағдылар мен іскерліктерді, қабілеттер мен психикалық функцияларды қалыптастыру және дамыту құралы
А.П. Садохина	Қажетті білім, дағдылар және өзара іс-қимыл тәжірибесі, өзіне деген сенімділікті, икемді өзара қарым-қатынастарға қабілеттілікті дамытады
Т.В. Парфёнова	Басқа мәдениет әлеміне кіру, осы мәдениетті қабылдау қажеттілігі, белгілі бір әлеуметтік рөлді орындау және осы әлемде өз орнын табу

«Шетел тілді қарым-қатынасқа үйрету ойындары» ұғымын анықтаудың барлық тәсілдерін бір нәрсе біріктіреді, бұл технология оқытуды оңай қабылданатын және икемді форматта жедел жүргізуге мүмкіндік береді. Осылайша, ойын технологиялары сабақты жарқын, позитивті етуге және барлық студенттерді тартуға, ынталандыруға және бейнеге кіруге мүмкіндік береді. Цифрлық білім беру технологиялары цифрлық технологияларға негізделген қазіргі заманғы білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі болып табылады. Технологияларды оқыту процесінде 4 негізгі компоненті болуы тиіс: белсенді қатысу, топпен жұмыс істеу, өзара іс-қимылды және сарапшылармен кері байланыс. Бүгінгі таңда ең өзекті технология Virtual reality (VR) технологиясы болып саналады. Бүгінде виртуалды шындық – тез дамып келе жатқан компьютерлік технология. Виртуалды шынайылық технологиялары оқытуды анағұрлым көрнекі етеді, білім алушыларды белсендетуге, оларды оқу үдерісіне толығырақ тартуға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар қашықтықтағы адамдардың бірлескен жұмысын жеңілдетеді. Мысалы, әріптестер

толықтырылған шынайылық құралдарының көмегімен кездесіп, бірлескен құжаттарды дайындап, жобаларды жүргізе алады және басқа да көптеген жұмыстарды нақты әлемдегі жеке байланыстар сияқты тиімді атқара алады [143].

Контексттік-стратегиялық жаттығуларда ұғымдық-танымдық кезеңді жүзеге асыру, жазу және оқуға үйрету үшін келесі технологияларды қолдандық.

Цифрлық-ақпараттық технологиялардың көмегімен жазуға үйрету. Жазу дағдысы сөйлеу әрекетінің түрі ретінде ғаламтор пайдаланушылардың өсуіне байланысты ең проблемалы түрлерге жатады. Студенттерге жазуды үйренуге көмектесетін блогтарды қарастырдық оның ішінде «Википедия» немесе әлеуметтік медиа платформалары және т.б. Студенттерден сауалнама алып, олардың ғаламтордан үнемі жазатындарын көрдік және талдадық. Шетел тілі мұғалімі үшін күрделі міндеттердің бірі студенттерге олардың «ана тілінен тыс әлем ғаламторын» кеңейтуге көмектесетін жаттығуларды бердік. Және бұл мәселені шешу тәсілі ғаламторды тілді үйрену мүмкіндігі ретінде пайдаландық. Блогтар шетел тілін үйренудің тағы бір құралы болып табылады. Сондықтан біз ұжымдық жұмысты технологияларды пайдалану арқылы өттік. Бұл үшін ең қолайлы құрал – «Википедия» ол оңай өңделетін мазмұнымен қарапайым веб-сайт. Студенттермен электронды құралдарды талдаған кезде, осындай шешімге келді: электрондық хабарламалар, чаттар мен блогтар көбінесе бейресми және жеке деректер алмасуға назар аударса, вики-беттердің жазылуы неғұрлым формальды және белгілі бір тақырыпқа назар аударады. «Википедиядан» басқа, болашақ мұғалімдер ағылшын тілін үйретуге бағытталған «Қарапайым Ағылшын Википедиясы». Мұндай жобадағы ынтымақтастық кейбір студенттер үшін өте ынталы болды. Әлеуметтік желілердегі хаттар назардан тыс қалмайтын тағы бір сала деп көрсетті. Олардың ойынша Фейсбук немесе Твиттер сияқты әлеуметтік желілер көптеген студенттердің өмірінің ажырамас бөлігіне айналды және оқытушылар олардың кейбір студенттері осы сайттарда басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үшін шетел тілін қолданып жатқанын байқайды. Бұл жағдайда, әлеуметтік желілерді пайдалану өте танымал деп атады.

Describe the picture/Compare two pictures, т.б.). Осы интерактивті қосымша шетел тілін меңгерудің кез келген деңгейі үшін күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қамтиды. Біз сабақтарда білім алушылардың жазбаша жұмыстарын электрондық портфолиоға жинауды тәжірибеден өткіздік. Бұл білім алушының жеке ортасын құруға мүмкіндік береді. Әдеттегі жазу дағдыларынан басқа, студенттерге цифрлық сауаттылық дағдылары қажет, сондықтан бұл цифрлық құралдарды пайдаланудық. Біз өз сабақтарымызда цифрлық мәтіндердің мультимодальдығын іске асырудамыз, оларға жатады: мәтін мен суретті араластыру, әртүрлі цифрлық контексте жазу, мысалы, мобильді мәтіндік хабарламаларды немесе SMS-ті пайдалану, сондай-ақ шрифтерді пайдалану және дизайнның басқа да ерекшеліктері және мобильді сөздіктер ABBYY, Lingvo Dictionaries, SlovoEd, Multitran, автоматты аудармашылар WorldLens, Google Translate, iTranslate және т.б. [149].

Лексикалық жаттығу кезеңін жүзеге асыру үшін және лексикамен грамматиканы оқыту үшін келесі технологияларды қолдандық.

Цифрлық ақпараттық технологиялардың көмегімен лексиканы оқыту.

Өздеріңіз білетіндей, лексиканы оқыту айтарлықтай күрделі болуы мүмкін. Білім алушылар көптеген сөздерді үйреніп қана қоймай, оларды есте сақтау және тәжірибеде пайдалану алдында контексте бірнеше рет байқауы тиіс. Жекелеген сөздерден басқа, студенттер көптеген сөз тіркестерін қолданды. Көптеген тілдік курстардан студенттерге қажет болатын барлық лексиканы үйретуге алдық, сондықтан LearningApps платформасында электронды форматтағы материалдарды планшет құрылғылар арқылы студенттер кез келген уақытта қолдана алады. Бұл оқытудағы икемділікті қамтамасыз етеді. Осы факторлардың барлығын ескере отырып, болашақ мұғалімдерді алдын ала таңдалған сөздер мен сөз тіркестерін үйретуге ғана емес, сонымен қатар студенттердің өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыта отырып, студенттерді лексиканы тиімді оқыту стратегиясымен таныстырдық. Лексикалық дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға арналған қосымшалар (Easyten, Upmind, Memrise, WebQuest, Quizlet және т.б.). АКТ құралдары сөздік, лексикалық дағдыларды қалыптастыруға және жетілдіруге, сондай-ақ сөйлеу қызметінің барлық түрлерін дамыту үшін қолдандық. Ақпараттық технологиялар студенттерге сөздерді үйренуге көмектесті, олар қызықты нысанда берілді, сөздер мен сөйлемдер студенттерді эмоциялық тұрғыдан қозғады, жақсы меңгерілді. Осылайша, аталған электрондық технологиялар оқытушыға сөздік қорын болашақ мұғалімдерге енгізудің әртүрлі, кейде күлкілі тәсілдерін табуға көмектесті және өздерінің тәжірибесінде қолданатын болады. «Сөздегі пазлдар» тапсырмасы болашақ мұғалімдерге берілді. Лексиканы жаттықтырудың бір нұсқасы ретінде біз Quizlet онлайн-білім беру сервисін пайдаландық, ол бес оқу режимінің көмегімен жаңа сөздерді жаттауға көмектеседі (флеш-карточкалар, жаттау, жазу, емлені жазу және тестілеу), сондай-ақ ойынның екі түрі (гравитация және іріктеу), бұл сөздерді тез есте сақтауға және оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етіп қана қоймай, студенттердің оқу үдерісіне тартылуын және олардың шетел тілін үйренуге қызығушылығын қамтамасыз етеді. Лексикалық дағдыларды үйрету үшін біз кең ауқымды жаттығуларды пайдаландық: рұқсатнамаларды толтыру жаттығулары; кроссвордтар түріндегі жаттығулар; сөйлемдер жасауға арналған ойын түріндегі жаттығулар. Қазіргі уақытта оқытушының міндеті студенттерді қазіргі заманғы білімдермен жарықтандыру ғана емес, студенттерді осы білімді өз бетінше алуға үйрету, оларды оқып-үйренгендеріне сүйене отырып, игере білу болып табылады. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін мектептегі және жоғары оқу орындарындағы оқыту практикасында қолданылатын Веб-квест (WebQuest) технологиясы қызмет етеді. О.Ю. Пестрецова білім беру веб-квестін (webquest) ЖЖОКБҰ-да шетел тілі сабақтарында рөлдік ойын элементтерімен проблемалық тапсырма ретінде қолданады, оны орындау үшін ғаламтордың ақпараттық ресурстары пайдаланылады [144]. А.В. Исаева студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру формасы ретінде веб-квестті қолдануды зерделейді [145]. Ж.И. Садовская веб-квест технологиясын студенттердің мотивациялық қызметін арттыру тәсілі ретінде пайдаланады [146]. А.А. Драгунова сабақтарда қолдануға болатын жаттығулардың сипаттамасын, сондай-ақ веб-квестпен

жұмыс ұйымдастыруға болатын тақырыптардың мысалдарын келтіреді; вебквестпен жұмыс істеу кезінде қалыптасатын және дамитын студенттердің дағдылары мен біліктерін анықтайды [147]. «Веб-квест дидактикалық құрылым, оның аясында Ғаламтор мен басқа да ақпарат құралдарының көмегімен студенттің қызықты іздестіру қызметі жоспарлануда». Г.А. Воробьев өз жұмысында веб-квест технологиясын студенттердің шеттілдегі әлеуметтік-мәдени құзыретін дамыту құралы ретінде қарастырады. Автор веб-квесттерді оқыту жобаларының жеке санаты ретінде саралайды. Веб-квест (webquest) – бұл тапсырмалар қою арқылы материалдарды берудің белгілі бір түрі, бұл ретте қойылған міндеттерді шешу немесе сұрақтарға жауаптар білімалушылар ғаламтордың әртүрлі сайттарынан алады [148]. Автор өз жұмысында технологиялардың веб-квестін студенттердің шеттілдегі әлеуметтік-мәдени құзыретін дамыту құралы ретінде пайдалануды қарастырады, веб-квесттің анықтамасын береді, оның құрылымын және технологиялардың веб-квестті пайдаланудың артықшылықтарын, оқыту үдерісінде веб-квесттер технологияларының функцияларын сипаттайды, веб-квесттермен жұмыс істеудің әртүрлі нысандарын ұсынады. Автор студенттердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін және оларды пайдалану әдістемесін дамыту үшін веб-квесттер жасады және оларды шетел тілдері мен мәдениеттерді оқытуда қолдану жөнінде бірқатар ұсынымдар әзірледі.

Цифрлық ақпараттық технологиялардың көмегімен грамматиканы оқыту. Біз сабақтарда мамандық бойынша өз мәтіндерімізді шетел тілінде қолданамыз, алдымен оларды мазмұны бойынша пысықтаймыз. Содан кейін мәтіндерді өңдеу бағдарламаларына (орфография мен грамматиканы тексеру бағдарламалары) орнатылған мәтіндер мен құралдарды автоматты түрде аударатын сайттарды табамыз, нәтижелерді Google-да Google fight деп аталатын веб парақпен салыстырамыз және грамматикалық дағдыларды жетілдіруге арналған қосымшалар (English Phrasal Verbs, Filpand Learn, Color Verbs және т.б.). АКТ кез келген грамматикалық тақырыпты зерделеу кезінде де пайдаландық. Коммуникациялық міндеттерді шешу үшін және когнитивтік қабілеттерді дамытуға, шетел мәдениеті тұралы білімдерін кеңейтуге. Дұрыс орналасу, сәтті түспен безендіру, схемалар мен кестелерді пайдалану, дауыспен сүйемелдеу (мысалдарды шетел тілінде айту) кезінде материалды студенттер жеңіл және жылдам қабылдайтын болады, себебі рецепторлардың басым бөлігі іске қосылады. Сабаққа кететін уақыт да азаяды, материалды тақтаға жазу қажеттілігі жойылады. АКТ көмегімен тест бағдарламалары негізінде грамматикалық дағдылардың қалыптасу деңгейін бақылауды және грамматика бойынша автоматтандырылған анықтамалықтар мен морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде грамматикалық қателерді көрсету жүйесі арқылы анықтамалық ақпараттық қолдау жүргіздік. Бұл технологиялар тілді үйрену үдерісінде де, күнделікті өмірде де пайдалы болғандықтан біз оны жүзеге асырдық.

Цифрлық-ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқуға үйрету.

Оқу – сөйлеу әрекетінің түрі, күрделі және көп қырлы дағды болып табылады. Ғаламтордың танымалдығы арта түскен сайын болашақ

Одан кейінгі жұмыс WordWall платформасында жүзеге асырылды, оған сілтемені студенттер QR код арқылы ашады және келесі сұрақтарға жазбаша түрде жауап берді.

1. QR аббревиатурасы нені білдіреді?

2. QR арқылы не истеуге болады?

QR (Quick Response) қысқартуы, бұл «жылдам жауап беру» дегенді білдіреді. QR-код өзінің көлеміне қарамастан көптеген деректерді сыйдыра алады. Бірақ бұл ең бастысы емес. QR кодын сканерлеу арқылы сіз осы деректерге бірден қол жеткізе аласыз.

Suggestopedia әдісі бойынша 3-жаттығуда студенттерге сугестопедия не екенін және осы әдістеменің авторы кім екенін анықтау үшін 5 минут берілді және оны ауызша талқыладық. Одан әрі сілтеме бойынша QR кодының көмегімен студенттер жаттығуды ашып оны жеке орындады. Алдымен YouTube каналында ән тыңдап және QR коды бойынша тапсырмалар орындады. WordWall платформасында викторина түріндегі сұрақтарды ұсынуға және құрастыруға жеке тапсырма берілді.

Үшінші кезеңде студенттерге интерактивті-дидактикалық субқұзырет қалыптастыруға келесі технологияларды ұсынылды: тұлғаға бағдарланған, цифрландырудың интегративті табиғаты, имитациялық ойын үлгілеу.


Бірінші жаттығуда ЭГ студенттеріне Warm up activity: What is BBC? Жұпта онлайн жаңалықтар, BBC веб-сайты, сүйікті жаңалықтар веб-сайты, BBC... туралы айтыңыз.

Бұдан әрі ЭГ студенттерімен интерактивті тақтада Kahoot платформасында онлайн ойын тапсырмасын орындадық, студенттер төрт нұсқаның дұрыс жауабын таңдады. Студенттер өз гаджеттерін пайдаланды (бұл жеке ойын).

Kahoot платформасындағы «Аббревиатура» ойыны, қысқартудың дұрыс нұсқасын тауып, оның мағынасын түсіндіріңі: «BBC», «CNN», «MTV», «ABC», «NBC», «AP», «WWW», «NASA», «UN», «WHO», «WTO» және т.б

Kahoot платформасын қолдана отырып, «Media in Education» тақырыбында 20 сұрақтан тұратын викторина түріндегі тапсырманы орындадық.

Сондай-ақ қорытынды цифрлық тест жүргіздік. Бағдарлама соңында студенттердің жалпы оқу жетістіктерін бағалау үшін қорытынды бақылау тесті алынды. Бұл цифрлық Kahoot платформасы арқылы тест түрінде өткізілді. Тест сұрақтары курс барысында өткен негізгі ұғымдарды қамтиды. Kahoot сияқты ойын форматындағы тест платформалары студенттердің белсенділігін ерекше арттырып, білім тексеру үдерісін көңілді және динамикалық етеді. Цифрлық тест нәтижелері дереу талданып, студенттерге өз қатесін көруге мүмкіндік берді.



Сурет 17 – Kahoot платформасындағы жаттығу

Екінші жаттығу ретінде студенттерге жасанды интеллектпен жұмыс істеу тапсырылды, мұнда студенттер ақпарат табуға үйренді. Describing a book or Tvshow.

Жасанды интеллекте (GPT) ең танымал теледидар шоуын және «Media around the world» туралы бестселлер кітабын табып, жұптасып талқыладық. Бұдан әрі келесі сипаттағы тапсырманы орындадық: басқа топтың студенттеріне «Менің сүйікті кітабым және теледидар шоу» тақырыбында сұхбат беріңіз, сұхбатты бейнеге түсіру қажет.

Warm up activity:


1. What features does ChatGPT offer?
2. How do you use it dur3ng your lesson?
3. Does it always provide accurate information?
4. Should you check the information in ChatGPT?

ChatGPT (*англ.*тілінде *Generative Pre-trained Transformer* «алдын ала оқытылған генеративті трансформер») диалогтық режимде жұмыс істей алатын, табиғи тілдердегі сұрауларды қолдайтын OpenAI компаниясымен әзірленген генеративті жасанды интеллектті чат-бот. Жүйе сұрақтарға жауап беруге, әртүрлі тілдердегі, соның ішінде әртүрлі пәндік салаларға жататын ағылшын тіліндегі мәтіндерді генерациялауға тапсырма берілді. Сұраныс бойынша әртүрлі тілдерінде бағдарламаларды генерациялауға тапсырма берілді:

ChatGPT пайдалану үшін, ең алдымен оның веб-сайтына өтіңіз немесе смартфоныңызға бағдарламаны жүктеңіз. Сіз жүйеге кірмей сөйлесуді бастай аласыз, жай ғана мәтінді енгізіп, «жіберу» түймешігін басыңыз. Чат боты бірнеше секунд ішінде жауап береді.

Студенттер ЖИ арқылы өздеріне рөл таңдап, сол рөлде бір-бірімен ағылшын тілінде ангімелеседі. Ал ЖИ олардың диалогтарын бағалайды.

Келесі жаттығуда VR технологиясы бойынша 360-тық бейнематериалды көреді. Мәтінге тақырып қойып, теңеу, қайталау арқылы студенттер өз сезімін білдіреді.



Сурет 18 – ChatGPT платформасын қолдану жолдары

Екінші жаттығу. Студенттер YouTube каналында бейнені көреді.

Making recommendation

Watch the video on YOUTUBE and write on comments How many phrases do you remember from the lesson? (YouTube арнасындағы бейнені көріңіз және түсініктемелерде қанша сөз тіркесін есте сақтағаныңызды жазыңыз). Бейнеге сілтеме https://www.youtube.com/watch?v=7wT7BzAoyj0

https://www.youtube.com/watch?v=Sse2FKrC_DE this video will teach you to make a questions. Watch the video and make a dialogue (бейнені қарап, диалог жасаңыз).

Үшінші жаттығу

Grammar task: Expressing preferences love, like, don't mind, don't like, hate, enjoy and prefer.

Kahoot платформасында онлайн грамматикалық тақырып бойынша викторина өткізіп өзара жарысты.

Студенттер Prezi.com бұлтты сервисінде мысалдары бар грамматика бойынша презентация дайындап, оны сабақта түсіндірді.

Prezi – бұл интерактивті презентациялар жасауға арналған бұлтты сервис. Бұл құралды пайдалануды бастау үшін студент// prezi.com сайтына кіріп, тіркеуді орындады. Ол мұны өзінің электрондық пошта мекенжайын пайдалана отырып, жасай алды. Бұл бағдарлама суреттерді, графиканы, мәтінді, аудио, бейне және анимацияны реттеуге, сондай-ақ оларды аудиторияға жеке немесе қашықтықтан ұсынуға мүмкіндік берді. Презентацияны жасау үшін студент жоғарыдағы «Шаблоннан жасау» түймешігін басады және жаңа редактордың қалқымалы терезесі пайда болады, содан кейін өз тақырыбын орнатады.

Білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби- ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген жаттығулардың тиімділігі диссертациялық зерттеудің келесі тарауында эксперименттік зерттеу барысында айқындалады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Диссертацияның екінші бөлімінде мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті дамытудың әдіснамалық моделі әзірленіп, ұсынылған. Оның құрылымы келесі компоненттерден тұрады: мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық, бағалау және нәтижелік блоктар. Шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің болашақ кәсіби және практикалық қызметімен байланысты мәдениаралық және кәсіби-контекстік жағдайларды модельдеу сияқты мәселелерді шешу, дербестік, интерактивтілік қағидаттарына негізделген арнайы әзірленген инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кейс-жаттығулар немесе жағдайлық талдау технологиялары; жоба әдісі; контекстік оқыту технологиялары; модельдеу технологиялары; ассоциограммалар; ой картасын жасау; сыни ойлауды дамыту технологиялары және т.б. қолданылса студенттердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізіледі. Шетел тілін оқытудағы цифрландыру революциялық тронсформацияны білдіреді, бұл өз кезегінде білім беру процестерін оңтайландыруға бағытталған оқытудың жаңа жаттығулар мен тәсілдерін жасауға мүмкіндік берді. Бейімделгіш білім беру платформаларын, жасанды инлеллект құралдарын, интерактивті ойын және кейс модельдеуін, мультимедиалық құралдарды және виртуалды шындықты біріктіретін цифрлық білім беру мазмұны заманауи болашақ шетел тілі мұғалімдерді даярлаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Жасанды интеллект құралдарын шетел тілін оқытуға интеграциялау студенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделген тиімді оқу бағдарламаларын жасау арқылы жекелендірілген оқытуды жеңілдетеді, оларға кәсіби қызметі аясында шетел тілдерін жаттықтыруға, оқу бағдарламаларын түзетуге, жазбаша және ауызша жұмысты автоматтандырылған бағалауды қамтамасыз ететін оқу материалдарын, тесттерді және тапсырмаларды жасауға көмектеседі, мұғалімдердің жұмыс жүктемесін азайтады және кері байланыс үдерісін жеделдетеді.

Белсенді оқыту әдістері ретінде ойын және кейс модельдеуін, сондай-ақ виртуалды шындық элементтерін пайдалану болашақ мұғалімдерді шетел тілін оқыту ортасына терең енуіне ықпал етеді және оқу үдерісіне көрнекі, есту және кинестетикалық элементтерді біріктіре отырып, когнитивтік процестерді оңтайландырады. Реалистік модельдеуде болашақ мұғалімдер белгісіздік жағдайында белсенді қатысуды, талдауды және стратегия әзірлеуді қажет ететін әртүрлі тапсырмалар мен сценарийлерге тап болады. Болашақ мұғалімдер әртүрлі қарым-қатынас стильдеріне бейімделуді үйренеді, тілдік қорын кеңейтеді және өз дағдыларына деген сенімділікті арттырады. Сонымен қатар мультимедиалық құралдар көрнекі және аудиовизуалды элементтерді біріктіру арқылы оқу үдерісін байытады, оқуды одан әрі жақсартады және когнитивтік прцестерді белсендіреді. Цифрлық оқу ресурстарын таңдаудың ұсынылған қағидаттарына сүйене отырып, бұл диссертация болашақ шетел тілі мұғалімдерінің даярлау тиімділігін арттыру үшін әртүрлі цифрлық құралдар мен оларды пайдалану бойынша жаттығулар жүйесі ұсынылады.

3 ЦИФРЛАНДЫРУ МӘНМӘТІНІНДЕ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КӘСІБИ-АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Эксперименттік жұмыстың диагностикасы

Бұл бөлім Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің педагогикалық шетел тілдері кафедрасының Филология факультетінің «5В011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 3 курс студенттерінің қатысуымен бір семестр жүргізілген эксперименттік жұмысты сипаттауға арналған. Экспериментке ағылшын тілін оқитын 100 студент қатысты.

Эксперименттік зерттеу үш негізгі кезеңде жүргізілді: ұғымдық-танымдық, логикалық-тезаурыстық және прагматика-стратегиялық:

I. Бастапқы (2020-2021 жж.);

II. Қалыптастырушы (практикалық) кезең (2021-2022 жж.);

III. Ілгері деңгейдегі (мониторингтік) кезең (2022-2023 ж.).

Әр кезең материалды үнемі жинақтаумен және студенттердің оқуға ынтасын арттырумен байланысты болды.

Бастапқы кезеңде келесі қамтитын жұмыстар орындалды: білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін диагностикалау үшін материалдар әзірлеу (сауалнама, диагностикалық тестілер мен тапсырмалар); эксперименттік және бақылау топтарын айқындау; білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілінің болашақ мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасуының бастапқы деңгейін айқындауға диагностикалық кесімді жүргізу.

Тәжірибелік оқытудың қалыптастырушы кезеңінде білім беруді цифрландыру жағдайында «мәдениаралық қарым-қатынас мәнмәтініндегі базалық ағылшын тілі», шетел тілін оқыту әдістемесі және кәсіби бағытталған шетел тілі» пәндерін ықпалдастыру негізінде қалыптастырудың әзірленген моделінің тиімділігін тексеру және негіздеу жүзеге асырылды, сондай-ақ «Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын іске асырудың кәсіптік тұжырымдамасы» модулі түрінде оны әдістемелік қамтамасыз ету жағдайында эксперименттік зерттеу бағдарламасы жасалды.

Ілгері кезеңде эксперименттік зерттеу қорытындылары шығарылды, студенттерді эксперименттік-тәжірибелік оқыту нәтижелерін өңдеу және талдау жүргізілді, қорытындылар мен ұсыныстар тұжырымдалды.

Эксперименттік-тәжірибелік оқыту және мәдениаралық қарым-қатынас мәнмәтініндегі базалық ағылшын тілілін, шетел тілін оқыту әдістемесін және кәсіби бағытталған шетел тілін ықпалдастыру негізінде қалыптастырудың әзірленген моделін сынақтан өткізу үшін білім беруді цифрландыру жағдайында эксперименттік және бақылау топтарын айқындалды. Эксперименттік-

тәжірибелік оқытуға барлығы 100 студент қатысты: 50 – эксперименттік топ (ЭТ), 50 – бақылау тобы (БТ) (3-курс)

Диагностика құрылымдық компоненттерге сәйкес іріктелген әдістемелер кешенінің көмегімен жүзеге асырылды. Диагностика бағдарламасы 1– кестеде берілген.

Кесте 7 – Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіптік даярлауды қалыптастыруды диагностикалау бағдарламасы

Критерийлер	Диагностика әдістемелері
Уәждемелік-ұйымдастырушылық	1. «Оқу қызметін уәждеу» анықтамасына тест 2. Уәждеме деңгейін анықтау әдістемесі (А.А. Реан, В.А. Якунин)
Когнитивті-пәндік	1.Сауалнама 1-бөлім «Педагогикалық үрдістегі технология» 2-бөлім«Ақпараттық-контекстік технологияларды (АКТ) пайдалану» 3-бөлім «Цифрландыру контекстінде болашақ мамандарды кәсіптік даярлауды қалыптастыру». 2.Шкала бойынша (Likert'sScale) (автор) (google form)
Рефлексивті-аналитикалық.	1.Тест тапсырмалары (авторлық тест) Сауалнама №1. «Ағылшын тілін үйренудегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың рөлі» Сауалнама №2. Жоғары оқу орнында шетел тілін оқыту әдістемесін оқыту. Сауалнама №3. Шетел тілі сабақтарында ағылшын тілі мен ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен ықпалдастыру. 2.0-100 баллдар шкаласы бойынша

Эмпирикалық зерттеудің негізгі әдістерімен анықталды: сауалнама жүргізу, Лайкерт шкаласы бойынша жиынтық бағалау әдісі, Н.Ц. Бадмаева модификациясында және 0-100 балл шкаласы бойынша А.А. Реан, В.А. Якуниннің мотивация деңгейін анықтау әдістемесі.

А. Яссауи атындағы ХҚТУ, филология факультетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» ББББ студенттерінің оқу уәждемесін (мотивациясын) диагностикалау деңгейін анықтау үшін 20 сұрақтан тұратын тесттер ұсынылды (А қосымшасын қара). Сауалнаманың электрондық нұсқасын дайындау. Сауалнама google form сервисінің көмегімен жасалады. Сауалнаманы студенттер онлайн-форматта келесі сілтеме бойынша толтырылды: экспериментке тек 3 курстың студенттері қатысты. Диагностикалық экспериментте эксперименттік топтың (ЭТ) 50 студенті, бақылау тобының (БТ) 50 студенті қатысты. Сауалнамаға нұсқау беру, респонденттерде сауалнамаға қатысуға уәждеме (мотивация) қалыптастыру мақсатында сауалнаманың тақырыбы, мақсаты, маңыздылығы туралы кіріспе ұйымдастырылды. Сұрау ұзақтығы уәждеменің (мотивация) түрлерін анықтау

үшін ұсынылатын жалпы санмен белгіленеді. Эксперимент А.А. Реан, В.А. Якунин әдістемесі бойынша жүргізілді және төрт уәждеме (мотивация) бойынша бағаланды, онда 1 балл уәждің ең төменгі мәніне, 5 балл максималды мәнге сәйкес келеді.

Студенттердің коммуникативтік уәждер бағасын анықтау көрсеткіштері келесі түрде берілген:

– эксперименттік топта коммуникативтік уәждердің маңыздылығының ең жоғары деңгейі 55,6% көрсетті, коммуникативтік уәждердің маңыздылығын бағалаудың ең төменгі деңгейі студенттердің 51,4% көрсетті.

– бақылау тобында коммуникативтік уәждердің маңыздылығын бағалаудың ең жоғары деңгейі 53,3% көрсетті, коммуникативтік уәждердің маңыздылығын бағалаудың ең төменгі деңгейін студенттердің 46,7% белгіледі.

1-кестеден көрініп тұрғандай, эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің көпшілігі педагогикалық қызметте коммуникативтік уәждердің маңыздылығы өте маңызды деп санайды.

Кәсіптік уәждің маңыздылығын бағалауды анықтау бойынша көрсеткіштер эксперименттік топта кәсіптік уәждің маңыздылығын барынша бағалаған білім алушылардың 50%, ең төмені студенттердің 50%. Бақылау тобында кәсіптік уәждің маңыздылығын 50,3%, ең төменгі бағаны студенттердің 45,7% бағалады.

1-кестеде көрініп тұрғандай, эксперименттік топта кәсіби уәждің болуының маңыздылығын 50% атап өтті және кәсіби уәждің жұмыста көрінісін маңызды деп санамайды. Бақылау тобында студенттер санының көбі болашақ жұмыс үшін маңызды көрсеткіш ретінде кәсіби уәждің жұмыс көрінісіне жатады.

Шығармашылық өзін-өзі іске асыру уәжінің маңыздылығын бағалауды айқындау бойынша көрсеткіштер:

– эксперименттік топта шығармашылық өзін-өзі іске асыру уәжі барынша маңызды деп санайды 55,7% респонденттер, шығармашылық өзін-өзі іске асыру уәжіне күмәнді деп санайтындар 49,3% студенттер.


– бақылау тобында шығармашылық өзін-өзі іске асыру уәжі барынша маңызды деп есептейді 55%, студенттердің шығармашылық өзін-өзі іске асыру уәжін жете бағаламау 48%. 1-кестеден көрініп тұрғандай, эксперименттік топта шығармашылық өзін-өзі іске асыру уәжі бақылау тобына қарағанда барынша маңызды болды деп санайды, пайыздық айырмашылықта аз.

Оқу-танымдық уәждің бағасын анықтау бойынша көрсеткіштер эксперименттік топта студенттердің 50,5%, ал оқу танымдық уәждемеге септикалық тұрғыдан қарайтындардың 39,5% ұсынылған. Бақылау тобында ең жоғары деңгейге студенттердің 47%, ал ең төменгі деңгейге студенттердің 33% жатқызылған.

Кесте 8 – Бақылау және эксперименттік топ студенттерін 4 уәж бойынша бөлу

Шкала	Уәждер (Мотивы)	Сыналушылардың іріктеу	Коммуникативтікуәждердібілуде ңгейлері	
			Максималды (5балл)	Минималды (1балл)
Шкала 1	Коммуникативтік уәж	Экспериментті к топ	55,6%	51,4%
		Бақылау топ	53,3%	46,7%
Шкала 2	Кәсіптік уәж	Экспериментті к топ	50	50
		Бақылау топ	50,3%	45,7%
Шкала 3	Шығармашылық өзін-өзі іске асыру себептері уәждер	Экспериментті к топ	55,7%	49,3%
		Бақылау топ	55%	48%
Шкала 4	Оқу-танымдық уәждер	Экспериментті к топ	50,5	39,5%
		Бақылау топ	47%	33%
Ескертпе – автормен жасалған				

Осы кестеде 4 уәжді бағалауды анықтау бойынша эксперименттік және бақылау топтарын тестілеу нәтижелері көрсетілген. Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері білім алушылардың жартысы өздері таңдаған мамандықты үйренуге және білуге жеткілікті уәждемесін көрсетпеді. Сондықтан, біз осы көрсеткіштерді ескере отырып, жұмысты ұйымдастыру қажет.



Сурет – 19 Эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің 4 уәж бен пайыздық орташа көрсеткіші

Диаграммада ЭТ мен БТ екі тобының 4 уәжі бойынша сұраудың жалпы нәтижелерінің пайыздық арақатынасы көрсетілген. Коммуникативтік уәждемені айқындауда бақылау тобындағы пайыздық көрсеткіштер эксперименттік топқа қарағанда 2% төмен, кәсіби уәждемені айқындауда пайыздық көрсеткіштер екі топта бірдей, ал шығармашылық өзін-өзі іске асыру уәждемесін айқындауда сұрау нәтижелері орташа көрсеткіште 4%-ға өзгерді және оқу-танымдық уәждемені соңғы айқындауда жауаптар3% орташа көрсеткіште ерекшеленеді.

Білім алушылардың педагогикалық процестегі цифрлық технологияларды зерделеуге деген қарым-қатынасын анықтау мақсатында, Қожа Ахмет Ясауиатындағы ХҚТУ филология факультетінің, педагогикалық шетел тілдері кафедрасының 3 курс студенттеріне мәдениаралық-когнитивтік суб құзыреттіліктің қалыптасуын тексеруге «Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау» № 2 сауалнамасы ұсынылды (В қосымшасы). Сауалнама Google Form платформасында онлайн форматта өткізілді. Аталған сауалнама студенттерге бакалавриат студенттерінің цифрландыру контекстінде шет тілін оқуға қоятын негізгі сұраныстары мен талаптарын анықтау мақсатында ұсынылды. Сауалнамаға 15 сұрақ енгізілді. Студенттерге Лайкерт (Likert 'sScale) шкаласы бойынша жиынтық бағалау әдісін 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, оған сәйкес 1 саны – «жоқ», 2 саны – «жоқ», 3 саны – «жауап беруге қиналамын», 4 саны – «иә», 5 саны – «иә».

Бұл сауалнама үш бөліктен тұрады:

Бірінші бөлім «Педагогикалық үрдістегі технология» 5 сұрақтан тұрады.

1. Педагогикалық үдерісте АКТ технологиясын меңгеру қиын ба?

2. Сізге шетел тілін оқыту және зерделеу үдерісінде мобильді технологияларды қолдануды үйренгіңіз келе ме?

3. Сіз шетел тілі сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалану сапалы нәтижені және оқуға ынталандыруды қамтамасыз етеді деп есептейсіз бе?

4. Сіз мобильді оқытуды пайдалану жүйелі болуы және технология ретінде дидактикалық құндылығы болуы тиіс деп есептейсіз бе?

5. Цифрлық технологияның көмегімен оқушылардың дербестігі мен сенімділік деңгейі артады деген тезистермен келісесіз бе?

– эксперименттік топта 1-сұраққа респонденттердің 80% «иә» деген оң жауабы алынды, және респонденттердің тек 20% ғана «жоқ» деп жауап берді, өйткені мобильдік қосымшалардың көмегімен шет тілін (ағылшын тілі) оқу тиімді емес.

Екінші сұраққа ЭТ респонденттерінің 60% «иә» деп жауап берді, яғни олар мобильді технологияларды пайдалану шет тілін тез меңгеруге және зерделеуге оң әсер етеді деп санайды. Респонденттердің 20% «иә» деп жауап берді, ал 20% «жоқ» деген пікірді ұстанады.

– үшінші сұраққа эксперименттік топта респонденттердің 50% оң жауап берді, олар шетел тілі сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалану сапалы нәтижені және оқуға ынталандыруды қамтамасыз ететініне келіседі, ал екінші жағынан, респонденттердің 30% шетел тілі сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалану оң нәтижелерге алып келетінін толығымен теріске шығарып, инновациялық технологиялар оқу үдерісінен алаңдатады деп атап өтті. Респонденттердің қалған 20% «иә» деген пікірді ұстанады, осылайша инновациялық технологияларды пайдалану ынталандырады деген пікірге келді.

Төртінші сұраққа білім алушылардың 60% шетел тілін оқыту үдерісінде мобильді оқытудың технология ретінде дидактикалық құндылығы бар екенін мойындай отырып, оң жауап берді, білім алушылардың 20% аталған сұраққа жауап бере алмады және 20% «жоқ» деп жауап берді, осылайша мобильді оқыту қазіргі заманғы білім беруде жүйелі болуы тиіс екенін жоққа шығарды.

Бесінші сұраққа респонденттердің 20% «иә» деп жауап берсе, 20% «жоқ» деп жауап берді. Оқушылардың қалған 60% цифрлық технологияның көмегімен оқушылардың дербестігі мен сенімділік деңгейі артады деген тезистермен келісе отырып, «иә» деп жауап берді.

– бақылау тобында 1-сұраққа респонденттердің 63% «иә», 15% «жоқ» және 22% «жоқ» деп жауап берді,

– бақылау тобында екінші сұраққа респонденттердің 55% «иә» деп жауап берсе, 30% «иә» деп жауап берсе, 15% «жоқ» деп теріс жауап берген;

– бақылау тобында үшінші сұраққа респонденттердің 50% оң жауап берді, респонденттердің 35% толығымен жоққа шығарды және респонденттердің 15% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді.

– бақылау тобында төртінші сұраққа респонденттердің 30% «иә» деп жауап берсе, респонденттердің 50% «жоқ» деп жауап берсе, ал респонденттердің 20% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді.

– бақылау тобында бесінші сұраққа студенттердің 40% «иә» деп жауап берсе, респонденттердің 30% «иә» деп жауап берсе, ал респонденттердің 30% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді.

«Ақпараттық-контекстік технологияларды (АКТ) пайдалану» сауалнамасының *екінші бөлігінде* 5 сұрақ бар:

1. АКТ– бұл дербестендірілген оқыту деп есептейсіз бе?

2. Мобильдік оқыту әлеуетін білім берудегі жаңа бағыт ретінде мақсатты түрде пайдалану қажет деп есептейсіз бе?

3. Цифрлық білім беруде білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес ұйым нысандарының барабарлығы принципін ескеру маңызды деп есептейсіз бе?

4. Шетел тілін оқытуға дәстүрлі және жаңа педагогикалық технологиялардың сабақтастығы принципін есепке алу негізінде цифрлық технологияларды толық енгізуге болады деп есептейсіз бе?

5. АКТ – бұл шетел тілін оқытудың жаңа ортасы деп есептейсіз бе?

Эксперименттік топта бірінші сұраққа білім алушылардың 80% АКТ дербестендірілген оқыту деп есептей отырып, «иә» деп оң жауап берді, ал 20% бұл сұраққа жауап бере алмады.

Екінші сұраққа ЭТ респонденттерінің 80% «иә» сияқты пікірін ұстанады және респонденттердің 20% ұтқыр оқыту әлеуетін білім берудің жаңа бағыты ретінде мақсатты түрде пайдалану қажеттігімен толық келіседі. Мұнда білім алушылардың 100% қазіргі заманғы білім берудегі тиімді және пайдалы жаңалық деп санайды.

Үшінші сұраққа эксперименттік топ респонденттердің 80% цифрлық білім беруде білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес ұйым нысандарының барабарлығы принципін ескеру маңызды деген «иә сияқты» пікірін ұстанады және респонденттердің 20% цифрлық білім беруді білім беру мазмұнының мақсаттарымен «жоқ сияқты» деген пікірмен салыстырмайды.

Төртінші мәселе бойынша ЭТ респонденттерінің 100% дәстүрлі және жаңа педагогикалық технологиялардың сабақтастығы принципін есепке алу негізінде цифрлық технологияларды толық қосуға болатындығымен келіседі.

– эксперименттік топта бесінші сұраққа респонденттердің 80% АКТ – бұл оқытудың жаңа ортасы екенін растай отырып, «иә» деген оң жауап берді. Ал респонденттердің 20% аталған сұраққа жауап бере алмады;

– бақылау тобында бірінші сұраққа білім алушылардың 50% оң, «иә» деп жауап берсе, білім алушылардың 50% осы сұраққа жауап бере алмады;

– екінші сұраққа БТ респонденттерінің 60% «иә» деп жауап берді, респонденттердің 30% «иә» сияқты деп жауап берді және респонденттердің 10% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді;

– бақылау тобында үшінші сұраққа респонденттердің 55% оң жауап берді, респонденттердің 25% «жауап беруге қиналамын» және респонденттердің 20% «жоқ сияқты» деп жауап берді;

– төртінші сұраққа БТ респонденттерінің 80% «иә» деп жауап берді, респонденттердің 15% «иә» сияқты деп жауап берді және респонденттердің 5% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді;

– бақылау тобында бесінші сұраққа студенттердің 70% «иә» деп жауап берсе, респонденттердің 28% «иә» сияқты деп жауап берсе, 2% «жоқ» деп жауап берген.

Сауалнаманың үшінші бөлігі «Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қалыптастыру» мәселелерін қамтиды**.**

1. Сіз ұтқыр оқыту әдістемесін меңгеру кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді деп есептейсіз бе?

2. Сіздің болашақ кәсіби қызметіңіздің мазмұны мобильді құрылғыларды пайдаланумен байланысты болады деп есептейсіз бе?

3. Сіз сабақ кезінде туындаған техникалық қиындықтар сабақ нәтижесіне әсер етуі мүмкін деп есептейсіз бе?

4. Сіз дидактикалық әдістерді АКТ-ның әртараптандырылған ресурстарымен ықпалдастыру кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді деп есептейсіз бе?

5. Сіз ақпараттық платформаларды пайдалану адам байланысы болмаған жағдайда шетел тілін оқыту мүмкіндігіне әкеп соқтырады деп есептейсіз бе?

– эксперименттік топта бірінші сұраққа респонденттердің 80% «иә» деп жауап берді, яғни олар мобильді оқыту әдістемесін меңгеру кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді деген тезисті растады, ал респонденттердің 20% «жоқ сияқты» деп жауап берді.

Екінші сұраққа ЭТ респонденттерінің 100% болашақ кәсіби қызметінің мазмұны мобильді құрылғыларды пайдаланумен байланысты болатынын растады.

– эксперименттік топта үшінші сұраққа респонденттердің 50% сабақ кезінде туындаған техникалық қиындықтар сабақ нәтижесіне әсер ете алмайды деп есептейді; 25% сабақ кезіндегі техникалық қиындықтар оның сәтсіздігіне алып келетініне сенімді; респонденттердің 25% аталған сұраққа толық жауап бере алмады.

Төртінші сұраққа эксперименттік топта оқитындардың 80% дидактикалық әдістерді АКТ-ның әртараптандырылған ресурстарымен ықпалдастыру кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді деп есептейді және респонденттердің 20% осы сұраққа жауап бере алмады.

Бесінші сұраққа ЭТ респонденттерінің 78% адам байланысы болмаған жағдайда шетел тілін оқыту мүмкіндігі туралы «жоқ» деп жауап берсе, респонденттердің 22% адам байланысы болмаған жағдайда шетел тілін зерттеуге болады деп санайды.

– бақылау тобында бірінші сұраққа респонденттердің 45% «жоқ» деп жауап берді, білім алушылардың 35% «жоқ» деп жауап берді, ал 20% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді;

– бақылау тобында екінші сұраққа респонденттердің 70% «жоқ» деп жауап берсе, респонденттердің 15% «иә» деп жауап берді, ал респонденттердің 15% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді;

– бақылау тобында үшінші сұраққа респонденттердің 85% оң жауап берді, респонденттердің 15% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді;

– төртінші сұраққа бақылау тобы респонденттерінің 58% «иә» деп жауап берді, респонденттердің 15% «жоқ сияқты» деп жауап берді және респонденттердің 27% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді.


– бақылау тобында бесінші сұраққа студенттердің 50% «иә сияқты» деп жауап берді және респонденттердің 50% «жоқ сияқты» деп жауап берді.

Кесте 9 – Болашақ мұғалімдердің даярлауға Эксперименттің 5 балдық шкала бойынша көрсеткіштері

ЭТ және БТ студенттерінің орташа көрсеткіші,%		
Шкала	ЭТ	БТ
1. «жоқ»	37%	25,5%
2. «жоқ сияқты»	20%	31,5%
3. «жауап беруге қиналамын»	20%	21%

4. «иә сияқты»	44%	41%
5. «иә»	60%	58%

Осы кестеде 5 балдық шкала бойынша пайыздық арақатынас көрсетілген. Кестеде орта есеппен ЭТ және БТ студенттерінің жауаптары бірдей.



Сурет – 20 Орташа мәндердің салыстырмалы талдауы

Деректерді талдау көрсеткендей, екі топтың сауалнама нәтижелері қорытынды пайыздық көрсеткіштердегі аздаған айырмашылықты көрсетті. Жалпы, осы сауалнама нәтижелері студенттердің шетел тілін оқыту үдерісінде ақпараттық-инновациялық технологияларды игерумен оқу үдерісін әлі де толық көлемде ұсынбайтынын көрсетті. Сауалнаманың деректері бойынша біз білім алушылардың басым бөлігін оқыту және оқыту үдерісіне тарту үшін цифрлық мобильді технологияларды қолдану арқылы жаттығуларды ықпалдастыру бағдарламасын дайындау қажет деген қорытындыға келдік.

Интерактивті-дидактикалық субқұзыреттің қалыптасуын тексеру үшін білім алушыларға әр субқұзыреттілікке тест тапсырмалары ұсынылып, олар үш деңгейге бөлінді: №1 Сауалнама «Ағылшын тілін үйрену кезінде АКТ рөлі», №2 Сауалнама «ЖЖОКБҰ-да шет тілін оқыту әдістемесін зерделеу», №3 Сауалнама «Шетел тілі сабақтарында ағылшын тілі мен АКТ ықпалдасуы» (С қосымшасы). Әр сауалнамада ЭТ және БТ топтарының студенттері үшін 10 тест сұрақтары мен тапсырмалары болды. Сауалнама жазбаша оффлайн форматта өткізілді және 0-100 баллға дейінгі шкала бойынша 100 баллдық жүйе бойынша бағаланды. 3-кестеде балдарды бөлу берілген.

Кесте 10 – Бақылау және эксперименттік топтың студенттерін пайыздық көрсеткішпен 100 балдық шкала бойнша бөлу.

Жауаптар	Пайыз	Балдар
20– 30	75– 100%	80– 100
10– 20	35– 75%	50– 79
0– 10	0– 35%	0– 40

Солай, мәдениаралық-когнитивтік субқұзыреттің қалыптасуына ағылшын тілін оқитын ЭТ және БТ-ның филология факультетінің педагогикалық шетел тілдері кафедрасының 3-курс студенттерінің жауаптары:

«Ағылшын тілін үйренудегі АКТ рөлі» № 1 сауалнамасының алғашқы 10 сұрағына:

– эксперименттік топтың студенттері орташа көрсеткіште студенттердің 48% сауалнаманың осы сұрақтарына жауап бере алды, бұл 14 дұрыс жауап, 55 балл.

– бақылау тобында студенттердің 42% осы сауалнаманың сұрақтарына жауап бере алды, бұл – 12 дұрыс жауап, 53 балл.

№ 2 сауалнамада контекстті-жинақтаушы суб құзыреттің қалыптасуын тексеруге жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымында шетел тілін оқыту әдістемесін зерделеу бойынша сұрақтар мен тапсырмалар берілді.


– эксперименттік топтың студенттері тапсырманы 30%-ға орындады, 6 дұрыс жауап, 35 балл.

– бақылау тобының студенттері эксперименттік топтың студенттері сияқты 30% пайыз көрсетті, 6 дұрыс жауап, 35 балл.

Интегративтік-дидактикалық субқұзыретті қалыптастыру үшін №3 сауалнамада шетел тілі сабақтарында ағылшын тілі мен АКТ ықпалдастыру бойынша сұрақтар мен тапсырмалар дайындалды.

– эксперименттік топ студенттерінің 25% сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орындады, қалған студенттер дұрыс жауап бере алмады, 4 дұрыс жауап, 20 балл.

– бақылау тобында студенттердің 22% жауап беріп, тапсырманы орындады, 5 дұрыс жауап, 33 балл.



Сурет 21 – Орташа мәндердің салыстырмалы талдауы

Тестілеу нәтижесінде диаграммаларда көрсетілгендей, ЭТ және БТ студенттерінің жауаптары пайыздық көрсеткіштерде аздаған айырмашылықты көрсетеді. Сауалнаманың екі жағдайында да контекстті топтастырушы субқұзыретте студенттер пайызбен бірдей көрсеткіштер көрсетті, ал мәдениаралық-когнитивтік және интерактивті-дидактикалық субқұзыретте сауалнама нәтижесінде ЭТ пен БТ арасында аздаған айырмашылық болды.

Кесте 11 – Бақылау және эксперименттік топ студенттерінің пайыздық көрсеткіші

Мәдениаралық-когнитивтік субқұзыреттілікті қалыптастыру критерийлері	Деңгейлер											
	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	студ. саны	% бен	студ. саны	% бен	студ. саны	% бен	студ. саны	% бен	студ. саны	% бен	студ. саны	% бен
Уәждемелік	24	47.55	22	43.35	24	49.5	23	47.25	27	52.95	26	51.4
Когнитивті-пәндік	8	15.5	12	22.46	18	36.2	17	35.4	38	77.46	28	55.4
Функционалды-талдамалық	15	30	14	28	33	65	33	65	43	85	38	75
Орташа көрсеткіш		**31**		**30**		**52**		**49**		**71**		**60**

Анықтау экспериментінің нәтижелерін сандық тұрғыдан талдау мақсатында Лайкерт шкаласы бойынша жиынтық бағалау әдісі, Н.Ц. Бадмаева модификациясында және 0 – 100 балл шкаласы бойынша А.А. Реан, В.А. Якуниннің мотивация деңгейін анықтау әдістемесі, критерийі қолданылды. Бұл әдіс екі тәуелсіз топтағы эксперименттік және бақылау студенттердің үлестірімдеріндегі айырмашылықтардың кездейсоқ па, әлде статистикалық тұрғыдан мәнді ме екенін тексеруге мүмкіндік береді. Осы міндеттерді шешу үшін мәдениаралық қарым-қатынас мәнмәтініндегі базалық ағылшын тілі, ағылшын тілін оқыту әдістемесі, кәсіби бағытталған шетел тілі интеграциялау модуліне цифрландыру пәндерін ықпалдастыру бойынша оқу бағдарламасын әзірлеу қабылданды.

3.2 Қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыру әдістемесі

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңі цифрлық іскерлік компоненттерін кезең-кезеңмен қалыптастыруға бағытталған эксперименттік топ студенттерінің қызметін ұйымдастыруға бағытталған. Қалыптастырушы эксперимент білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру Бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды, онда білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру кезеңдерімен шарттарын ескере отырып, жұмыстың міндеттері, нысандарымен әдістері көрсетілген (2.3 бөлімде ұсынылған). Эксперименттік топта мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі дидактикалық процесті модельдеу сатылығын қамтамасыз ететін білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілінің болашақ мұғалімдерінің әзірленген мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреті негізінде құрылған. Пайдаланылатын әдістемелік модель кезеңдерінің өзара байланысы түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағдарланған олардың мақсаттарының сабақтастығынан, атап айтқанда, шетел тілі мұғалімінің кәсіби қарым – қатынасы үдерісінде білім беруді цифрландыруды туғызуға қабілеті мен дайындығынан көрінеді. Бақылау тобында оқыту әзірленген әдістемені пайдаланбай өткізілді

Біздің зерттеуімізде білім беруді цифрландыру үдерісінде дағдыларды қалыптастыруға бағытталған үш жүйелі кезеңді бөліп алдық. Бірінші ұғымдық-танымдық кезеңде мәдениаралық-когнитивтік субқұзыреттілікті қалыптастырады, студенттер ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау үшін тілді белсенді қолданады, метаәлеуметтік дағдыларды меңгереді, өзге мәдениеттік тұжырымдамаларды қабылдайды және түсіндіреді, логикалық ойлауды дамытады, себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды, талдау, жіктеу және түсіндіру жүргізеді. Бұл кезеңде студенттер сөздерді түсініп қана қоймай, күрделі сөйлемдер құруға, әңгімелер айтуға, сұрақтар қоюға және ағылшын тілінде өз ойлары мен эмоцияларын білдіруге үйренеді. Шеттілде сөйлеуді үйрету үшін жаттығуларды ұйымдастырудың тиімді нысаны диалогтік сөйлеу болып табылады. Диалогтық жаттығулар және сөйлеу лексикалық-грамматикалық дағдыларын жетілдіру диалогтық сөйлеу дағдыларын

дамытудың құралы болып табылады. Ауызша кіріспе курстағы диалог мақсаты ғана емес, сонымен қатар шетелдік қарым-қатынасқа үйретудің негізгі құралы.

Монологтық сөйлеу студенттердің шығармашылық және бастамашыл сөйлеуін дамыту құралы болып табылады, онда тілді оқыту үдерісінің ауырлық орталығы, атап айтқанда, бастамашыл коммуникативтік қызмет ретінде ауызша сөйлеу, есте сақтау және студенттердың шығармашылық ойлауын пайдалануға үйрету үдерісімен біртіндеп ауысуы тиіс. Оқу үдерісінде шынайы қарым-қатынас ұйымдастырдық, өйткені ол еркін қарым-қатынас жасауға дайындайды. Сондықтан шетел тілі сабақтарында нақты қарым-қатынас жағдайын жасау өте маңызды, өйткені олардың қатысушылары басқа тілде сөйлесуге мәжбүр болады. Дәлірек айтқанда, осы нақты қарым-қатынас түрі коммуникативтік-сөйлеу сатысын дамытады.

Бұл кезеңде осындай нәтижеге ие болды:

– білім беру үдерісін ұйымдастырудың теориялық негіздері мен практикалық тәсілдерін меңгеруі

– оқыту мақсаттарына сәйкес әдістерді, формалар мен құралдарды негізді түрде таңдай алуы және цифрлық;

– маманның тұлғалық және кәсіби қалыптасуының қағидаттары мен заңдылықтарына сәйкес жеке және топтық жұмыс формаларын үйлестіре білуі;

– оқу нәтижелерін бағалау барысында неғұрлым тиімді тәсілдер мен бағалау шкалаларын қолдана алуы;

– оқытылатын пәндер бойынша қажетті оқу-әдістемелік материалдарды, соның ішінде әртүрлі электрондық ресурстарда орналастырылған материалдарды іздестіруі;

– оқу үдерісінде электрондық білім беру ортасын пайдаланудың педагогикалық мақсаттарын негіздей алуы;

– оқу-әдістемелік материалдарды электрондық форматта әзірлей алуы тиіс.

Task 1.

a) Warm up activity: Students work in pairs, they answers the following questions

– what foreign language would you like to learn and why?

– why is it important to learn foreign languages?

– what are the different ways to learn English?

– why do people learn English?

Бұл жаттығудың мақсаты: студенттерге сұрақтармен жауаптарды қалыптастыру арқылы ағылшын тілінде сөйлесуге көмектесу, сондай-ақ уақытша етістіктерді пайдалана отырып, сөйлемдер құруды үйретті.

b) Students are given 5 minutes to complete the following task. Introduce yourself in five sentences so everyone can remember you.

Example:

1. My name is Dayana
2. I like riding a bike
3. I am an only child in my family
4. I don’t eat pizza
5. I like drowing...

Бұл жаттығу әр студентке сұрақтарға жеке жауап беруге, сондай-ақ сөйлемді және оның грамматикалық безендірілуі барлығының есінде сақталуы үшін қалай дұрыс айту керектігін ойластыруға көмектеседі. Атап айтқанда, бұл жаттығу студенттерге сабақтарды қызықты түрде өткізуге мүмкілндік берді, ойлау қабілеттерін және хоббилерін, қызығушылықтарымен сабақтарын сипаттау дағдыларын дамытады, бұл мәдениаралық-бағдарланған оқытуда диалог құруға әкеледі.

c) Questions:


1. Do you have a pen pal?
2. Is he a real friend?
3. Are you happy that you have a good friend? Why?

Бұл жаттығуларды орындау бір қатар факторларды ескере отырып, студенттермен қарым-қатынасты ұйымдастыруды талап етеді. Студенттерді сұраққа жауап беруге мәжбүрлеуге болмайды; оларға өз пікірлерін айтуды ұсынған дұрыс. Сонымен қатар, реакция тек сөздің мазмұнынағана бағытталуы керек, сонымен қатар қателіктерде түзетіледі, олар дұрыс жауап ретінде. Егер студент жеткіліксіз мәнерлеп сөйлесе, онда оны: Сіздің міндетіңіз топты сендіру. Сендіруге тырысыңдар, ал ол үшін сеніммен айту керек. Бұл ретте достықты сақтау маңызды, студенттің дұрыс айтуы үшін дауысында қолдау болуы тиіс.

Task 2.

a) Exercises «Associations» For example, the teacher writes a word, and the students must express their associations with it, while explaining where such connections come from. This exercise helps students develop their thinking and express their thoughts.

Ex:



Сурет – 22 Association game тапсырмасы.

b) Picture difference. Students A and B: Look at your picture. Describe it to your partner. Listen to your partner talking about his/her picture. Find five differences between the pictures.

Card A	Card B
	

Сурет 23 – Picture difference тапсырмасы.

Жаттығулардың мақсаты: бірінші жаттығу «Ойын – қауымдастық» деп аталады. Бұл сөздік қорын жақсарту үшін өте пайдалы тапсырма, мұғалім «сөз» дейді және бұл әріпке студенттер сөздерді таңдауы керек. Одан әрі бекіту үшін осы сөздермен сөйлемдер құрастырылды. Бұл жаңа сөздерді есте сақтау дағдысын жақсартады, ойлау жылдамдығын дамытады және сөздік қорын нығайтады.

Екінші жаттығуда студенттер фотосуреттерді пайдалана отырып, суреттер және оның әрекеттер арасындағы айырмашылықты сипаттауы тиіс. Суреттерде жылдың әр мезгілімен әртүрлі іс-әрекеттер көрсетілгендіктен, қиындық мынада: екі сипаттамада әртүрлі сөздерді пайдалану керек, олар бірдей болмауы керек. Бұл әртүрлі сөздерді жаңа лексика терминдерін пайдалануға мүмкіндік береді, бұл күнделікті қарым-қатынаста қолданылмайды.

Task 3

a) Listen the dialogue and fill the gap. This exercise help the students remember the words and for listening comprehension and for grammar skills.
https://learnenglish.britishcouncil.org/skills/listening/a2– listening/four– conversations

A

Jon: How _____ it go?

Liza: Umm, I think it went quite well. I _____a lot of research and prepared a lot. I was in there for ... I _____ know ... half an hour?

Jon: And? What _____ they say?

Liza: Nothing much. At the end I ____ them, ‘What happens now?’, and the woman said,

‘We ____ call you back with news in three or four days.’

Jon: Really?

Liza: Yeah, I think I____ got the job. There weren’t a lot of other people there. I was the only interview that day, you know?

Jon: Well, good luck with it.

B

Jon: Anyway, you _____ saying ...

Liza: Oh, yeah, um ... let’s see. Yes, so I ___ in the museum and there were, I don’t know, a hundred people _____ to get into the room. Finally, I ____ in, and I tried to see the Mona Lisa but I couldn’t look at it.

Jon: Why not?

Liza: Because the room was ____ with people taking photographs of it!

Jon: Oh, right.

Liza: Yes! And selfies.

Jon: Wait a minute. You _____take photos while you’re in there?

Liza: Yes, but you can’t use flash. I don’t know ... Why do we take photos of everything we see when we travel?

Jon: I _____. And we never look at the photos after.

Liza: Exactly! I’m tired of always _____ photos. I don’t feel I’m enjoying things.

C

Jon: Who took this?

Liza: I can’t remember. Hmmm ...

Jon: What ____ I doing?

Liza: You____ sitting on the sofa, watching TV and eating chocolates. Nothing changes!

Jon: Ha! Very funny. You look very young, though.

Liza: I _____. Look at my hair – it was so long!

Jon: Mine too, look at me! Hey … I think I know who _____ this photo.

Liza: Umm … who? Was it Dad?

Jon: No, it _____ Dad or Mum. Do you remember Barry?

Liza: No.

Jon: Yes, YES! You do remember. Barry, your boyfriend at high school. You _____ seventeen and he _____ sixteen and he was so very polite: ‘Hello, I’m Barry. It’s very nice to meet you ...’

Liza: Stop it! He _____ nice.

Jon: Yeah, well, he _____ the photo.

Осы жаттығудың көмегімен студенттер тыңдаудың шетел тілді лексикасын қабылдауды үйренді. Бұл дұрыс айтуды есте сақтауға, буынға және интонацияға дұрыс екпін қоюға, сондай-ақ шетелдік дұрыс айтуды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұдан әрі білім алушылар күнделікті лексиканы пайдалана отырып, диалогты өз бетінше құрастырды.

Task 4

a) In this exercise cannot be any prepared correct answers. The students must independently select an option for these situations. As a result, the student must use a foreign language for communication. This is the process of transition of developed language models to the corresponding situations. With the help of communicative exercises, the student learns to use language structures and vocabulary in new situations.

1. What are your absorption? – *My interest is to...*
2. What are your plans for the future? – *My plan is to...*
3. What is your advice to youngest generation? – *You should...*
4. What is her responsibility? – *Her responsibility is to...*

b) Students should give the definition of next words… and write for five synonyms of these words for example: University – it is a place where adults study, they can choose the profession which they like, and after graduating they get diploma, also they study there for four or five years.

Synonym of word University – college, higher education, institution, varsity, alma mater.

University, library, dining room, student's house, motivation, freedom, network, scholarship, students exchange, party, conference, concert, competition and teacher's day.

c) https://youtu.be/idT98H8TK– U watch the cartoon This cartoon is about monster Dugles and his life. Who study with people in ordinary school. Listen carefully and write down five nouns, five verbs and five pronouns from the fragment of the cartoon.

Ex. Dugles, go, him and so on…

Бейнематериалда мәтінді ұсыну болашақ мұғалімдердің сөздік қорын кеңейтуге, сөйлеу белсенділігін арттыруға, коммуникативтік қызметті ынталандыруға көмектесті.

Сондай-ақ, бұл жаттығулар қиялды бейнелеуге, ойлау дағдыларын тереңдетуге және сөйлемдерді құрастыруда барлық жаңа терминдерді пайдалануға көмектесті. Тапсырманың мақсаты – қаралған бейнероликтегі етістерді, зат есімдерді және сын есімдерді жазып, өз әсерлерін айтып беру.

Task 5

a) Reflection point. Imagine that you are teachers, take 10–15 minutes to think about your philosophies and beliefs about teaching. Answer the questions…

1) What do you believe about your role in the classroom? (facilitator, guide, director, expert, friend, disciplinarian, mentor, authority?)

2) How do you want your students to behave towards you? (equal role, subordinate role, 'knowledgeable learner' role, 'empty vessel' role?)

3) What do you believe is the purpose of your students' language learning? (have fun, pass exams, increase knowledge about grammar, gain cultural sensitivity.

4) What kind of instructional techniques do you believe work best in your classrooms? (games, rote – learning, dialogues, role– plays, puzzles, quizzes, substitution drills, dictations, grammar tests, interactive tasks, translation?)

5)What kind of materials or resources do you consider to be the most effective? (course books, authentic texts, newspapers, websites, teacher – prepared handouts, CD/DVD/TV recordings, board games?)

b) Work in pairs, ask and answer the following questions.

1. How often do you practise English outside the classroom?
2. Which activity did you like best from today's lesson?
3. How old are you?
4. Identify five characteristics of a good teacher.
5. What is your highest level of qualification?
6. Which part of this exercise did you complete first?
7. What was the main aim of today's lesson?
8. How many years have you been learning English?
9. Did journal writing help you to improve your learning?
10. I have written a journal before.
11. How many students are in your speaking group?

c) Read the short story, and retell it to your partner, then make five questions from this text, then ask and answer from each other.

1. An airplane takes off from Los Angeles, on the way to New York, where it is expected to arrive 5 hours later. However, after the first hour in the air, the captain makes an announcement: "Hello. This is your captain speaking. I'm afraid one of the four engines has broken down. We can still get to New York with three engines, but it will take us 7 hours. I apologize for the inconvenience." After the second hour in the air, the captain makes another announcement: "This is your captain speaking. I'm afraid another engine has broken down. We can still get to New York with two engines, but it will take us 10 hours. I apologize for the inconvenience." After the third hour in the air, the captain makes another announcement: "I'm afraid another engine has broken down. We can still get to New York with one engine, but it will take us 18 hours. I apologize for the inconvenience." On board are two statisticians. One of them turns to the other and says "I hope the other engine doesn't break down, or we'll be up here for ever!"

Бұл жаттығулар студенттерге бір–бірін көбірек тануға және ағылшын тілінде сенімді сөйлесуге мүмкіндік берді. Сұрақтарды оқу және құрастыру, өз ойларын білдіру және әңгімелерді қайталау. «Мұғалімнің рөлі» жаттығуының ерекшелігі әрбір студентпен жұмыс істеу болып табылады, оларға мұғалімнің орнына өздерін қоюға тиіс сұрақтар жеке қойылады. Бұл студенттердің аудитория алдындағы шағын практикасы, ол өздерін сенімді сезінуге мүмкіндік береді, бұл ретте әркім өз әдістерін, оқытудағы өз тәсілдерін қолданады, бұл оларға болашақ жұмыста пайдалы болады.

Логикалық-тезаурысты кезеңде контекстік–топтастырушы субқұзыреттілік қалыптасады, студенттер ағылшын тілі сабақтарында цифрлық технологияларды қолдануды үйренеді. Бұл тек заманауи техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқыту үдерісіне жаңа көзқарас. Оқытудың мультимедиялық құралдарын пайдалану оқытуда тұлғаға бағдарланған тәсілді іске асыруға көмектеседі, студенттердің ерекшеліктерін,

олардың білім деңгейін, бейімділігін ескере отырып, оқытуды дараландыру мен саралауды қамтамасыз етеді.

Бұл кезеңде осындай нәтижеге ие болды:

– білім алушылармен нәтижелі ақпараттық өзара әрекеттестікті ұйымдастыра алу;

– білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану, оқу сабақтары барысында педагогикалық қағидаттарды жобалау және жүзеге асыру;

– оқытушылық қызмет нәтижелеріне рефлексивтік бағалау жүргізу;


– электрондық білім беру құралдары арқылы оқытудың әртүрлі сценарийлерін әзірлеу;

– педагогикалық тұрғыдан мақсатқа сай электрондық білім беру ресурстарын құрастыру.

Логикалық-тезаурысты кезеңде студенттер виртуалды әлемге 360 градустық (4к) онлайн түсірілімді пайдалана отырып, тіл үйреніп жатқан елдің мәдениетін, салт– дәстүрін, әдет– ғұрпын және әлемінің суретін түсірді. Сондай–ақ, студенттер ақпараттық–иммерсивті технологиялар арқылы мәдениаралық ортаға кірді. Яғни, цифрлық иммерсивті технологияларды, онлайн платформаларды пайдалана отырып, олар шет тілді әлемге сүңгіп шыға алды.

Task 6


а) «Мақалдар» тақырыбы бойынша теориялық материалды зерделеу үшін білімді автоматты түрде тексеретін викторина түріндегі https://create.kahoot.it/share/proverbs/3139813b–adfe–4f29–b2a6–e011e0748c15 интерактивті платформасы пайдаланылды, бұл когнитивтік қызметті жандандыруға және оқушылардың геймификация элементтері арқылы мотивациясын арттыруға ықпал етті.



Сурет 24 – Kahoot платформасындағы жаттығу

Одан кейін студенттер «Who wants to be a millionaire» онлайн ойын ойнап, елтану түріндегі сұрақтарға жауап берді. Студенттер екі командаға бөлініп, кім дұрыс жауап берсе, онда команда ұпай алады. Бұл ойын студенттерге ойлау жылдамдығы мен логиканы пайдалана отырып, тез шоғырлануға көмектесті.

Осы ойын арқылы студенттер ана тілінің мәдениетін оқып жатқан елдің мәдениетімен салыстыруға мүмкіндік алды.




Сурет 25 – «Who wants to be a millionaire» онлайн жаттығу

Task 7. Студенттер талдау арқылы эссенің идеялық мазмұнын және ерекшелігін ашады. Мәтінді үлгі ете отырып терминдерді терең талдайды.

Пәннің мазмұны шеңберінде студенттер виртуалды экскурсияларға, мұражайларға, көрмелерге шонғыды және кәсіби қызмет пәндерін талдады, бұл оларға нақты жағдайларды үлгілеуге мүмкіндік берді, мысалы: виртуалды экскурсия аяқталғаннан кейін студенттер алған тәжірибелерін талдамалық тұрғыдан ұғынуға назар аударатын бірқатар практикалық тапсырмаларды орындады:


Рефлексивті эссе (360Cities): «Трофальгар алаңы» рефлексивті эссе жазыңыз. Трофальгар алаңының көрікті жерлері туралы өз әсерлеріңізді сипаттаңыз. Жағалау маңындағы қалалардың мәдениетінің, дәстүрлерінің, қолөнерінің, сәулетінің қандай элементтері сізді 360Cities виртуалды экскурсияларда ерекше таң қалдырды (1– сурет).



Сурет 26 – 360 Cities виртуалды шындыққа иммерсия арқылы рефлексивті эссе жазу

Task 8 Цифрлық анимация арқылы мәтін мазмұнын тереңірек ұғынуға жағдай жасайды**.** Мәселен комикс анимация арқылы тапсырмаларды осындай платформалар жол ашады.

Салыстырмалы талдау (Art & Culture expedition): Сіз Art & Culture expedition (2–сурет) виртуалды экскурсиясы барысында зерттеген екі музей экспозициясына салыстырмалы талдау дайындаңыз. Осы лексикадан жаңа сөздер жазыңыз және екі түрлі мұражайдың әлемдік мәдениетінің бір бөлігін сақтау тәсілдерінің арасындағы айырмашылықты ауызша баяндаңыз. Сонымен қатар, студенттер еліміздің мәдениетін зерделеу барысында жаңа орындармен және жаңа беймәлім лексикамен танысты, жасанды интеллекттің көмегімен виртуалды әлемге шоғырланды.



Сурет 27 – Art &Culture expeditions виртуалды платформасының мұражай экспозициялары мен мәдени объектілері

Task 9 Студент цифрлық ортада өз ойын еркін жеткізе алады және шығармашыл әрі кәсіби тұлға ретінде қалыптасады.

а) «Media around the world» тақырыбындағы топтық пікірталас. Студенттер Қытайда «Media art festival» онлайн трансляциясын 360Cities платформасынан көрді. Бейнені көргеннен кейін студенттер тақырыпты талқылап, сұрақтарға ағылшын тілінде жауап берді. https://www.360cities.net/video/media– arts– festival– wkcd– hk

1. What media art festivals are there in Kazakhstan?
2. Do you like art festivals?
3. What do you know about media?
4. Do you know famous media news channels?
5. Have you ever been in books exhibition?



Сурет 28 – Media art festival in China

b) Студенттер жаңалықтарды «BBC Weather» жаңалықтар платформасынан көреді https://www.bbc.com/weather/1526384, Лондонмен Қазақстандағы ауа-райын талқылайды және салыстырады. Жаңа тақырыпты бекіту үшін жаңа лексиканы жазып, «Quzlet» платформасында карточкалармен жаттығу орындайд.

New vocabulary: Rainy, Cloudy, Snowy, Windy, Stormy, Foggy, Thunder, Lightning, Temperature, Forecast, Humidity, Drought, Hurricane.

c) Ойын Flashcard match. Студент өзі жасаған комикс немесе иллюстрация қолдана отырып мәтінге деген көзқарасын білдіреді және оны сипаттайды.
Студенттерге лексиканы бекіту үшін карточкалар беріледі: бір жағында ауа-райы жағдайлары бейнеленген сурет, ал екінші жағында оларға дефиниция берілген. Студенттер аудиторияның орталығына шығады және жаңа вакабулярды пайдалана отырып, дефинициялар бойынша суретті сипаттайды, ал қалған студенттер неге қатысты екенін анықтайды.

Task 10

a) Тақырып «Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияны ықпалдастыру». Оқушылардың цифрлық әлемге шонғу арқылы тілдік дағдыларды қалыптастыруға ынтасын арттырады.
Тапсырма кейсі:

1) Identify suitable technological tools for teaching English and analyze the benefits of using digitalization in English language lesson, so develop a plan to implement these tools in the classroom.

2) Your attitude to the using interactive platforms for vocabulary and grammar practice, also incorporate multimedia resources like videos, podcasts, and online exercises.

3) Make a questionary among the English faculty students how interesting and useful is learning language using artificial intelligence and discuss both side plus and minus. Then make a conclusion then write advice for younger learners about effectiveness of digitalization in English lesson.

Ақпараттық-цифрлық технологиялар – XXI ғасырда білім алушыларға арналған базалық ақпарат негізінде оқыту әлеуетіне ие, студенттерге тілдік материалды жақсы меңгеруге көмектесетін және оларды цифрлық технологиялар арқылы тіл үйренуге ынталандыратын жаңалықтар. АКТ және

иммерсивті технологиялардың көмегімен білім алушылар виртуалды жағдайларды көреді, қабылдайды, тыңдайды және оқиды. Сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрі бір арнада іске қосылса, ақпарат бірнеше есе жылдам қабылданады. Бұл студенттерді оқытудың өзгеше тәсілі.

«Kahoot» платформасының көмегімен студенттер топтар арасында жарысып, жылдам жауап берді. Бұл ойында студенттер барлық қойылған міндеттерге жедел шешімдер қабылдады. Бұл көшбасшылық қасиеттерді, көрнекі жадты және сөздік қорды дамытуға көмектесті.

3D бейне көмегімен студенттер виртуалды әлемге шомылды, бұл оларға эссе жазу кезінде әртараптандыруға көмектесті. Олар көргендерін әлдеқайда әдемі баяндады, жұмысты тексергенде олардың қуанышы мен қызығушылығын сезінуге болады.

Виртуалды технологияның көмегімен жаңа лексиканы зерделеу оны игеру тиімділігіне әсер етті. Осы әдісті пайдалана отырып, студенттер қойылған міндеттерді нақты орындады, бұл оларға материалды тез меңгеруге, сөйлеу қателіктерін түзетуге, терминологияны пайдалана отырып, дұрыс ұсыныстар жасауға көмектесті. Қорытынды бағалау-рефлексиялық сатысында жеке, топтық рефлексия мен өзін-өзі талдауды қамтамасыз ететін рефлексивтік тапсырмалар мен технологиялардың көмегімен интерактивті-дидактикалық субқұзырет қалыптастырылады.

Task 11

Digital Storytelling Студент цифрлық визуализация арқылы мәтінге қатысты шығармашылық тапсырма орындай алады.

Chose one of the following fairy tales and created a digital Storytelling.

1. The Frog Prince
2. King Midas
3. The Elf of the Rose
4. The Ridiculous Wishes
5. The Snow Queen

– role – plays the selected fairy tale;
– records the role – playing game on video using video recording equipment;
– shows the recorded videos during the lesson;
– write down the glossary.

Digital Storytelling it is effective way to develop reading, writing and digital skills, in the English language lessons. For Digital Story telling students use digital instruments like Vimeo and Screencastomatic.

Үшінші прагматика-стратегиялық кезеңде интерактивті-дидактикалық субқұзыретті қалыптастырдық. Бұл кезеңде студенттерге жобалық жұмыстар, глоссарий, brainstorming және Mind map тапсырмалары тапсырылды. Бұл жаттығулар студенттерге жеке жұмыс істеуге және кері байланыс жасауға көмектесті. Студенттердің жұмысын тексеру жоғарыда аталған әдістерді пайдалана отырып, студенттер өз жобаларын орындап, жобаның міндеттерін шешудің сауатты тәсілін құруда нақты көрініс көрсеткенін дәлелдеді. Сондай-ақ, осы жаттығуларды орындау кезінде студенттер жаңа лексиканы,

грамматиканы, сөздерден тұратын глоссарийді оқыды, бұл олардың сөйлеген сөздерінде көрініс тапты.

Үшінші кезеңде осындай нәтижнге ие болды.

– тұлғаға бағдарланған, цифрландырудың интегративті табиғаты, имитациялық ойын үлгілеу.

– жоспарланған нәтижеге қол жеткізу үшін электрондық оқыту құралдары мен әдістерін іріктей алу;

– білім беру үдерісін өзінің субъектілік ұстанымы тұрғысынан жүйелей және реттей алу;

– алдыңғы тәжірибе мен рефлексия негізінде педагогикалық қызметіндегі оң кәсіби тәжірибені саралап, іріктей білу;

– мақсатқа бағытталған әрі нәтижелі оқыту технологияларын таңдай алу;

– білім беру үдерісінің субъектілерімен өзара әрекеттестіктің алуан түрлі құралдарын, әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ кәсіби коммуникацияны оқыту тетіктерін қолдана алу;

– шеберлік сыныптарын, ашық сабақтарды, оқыту семинарлары мен тренингтерді өткізу барысында жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі тиіс.

Task 12

Бұдан әрі студенттердің жобалық қызметінің мысалдарын қарастыруды ұсынамыз.

Студенттер жеке жұмыс істеп, өз жұмыстарын аудиторияда таныстырды. Бұл жұмыс студенттерге ойлау тереңдігін дамыту дағдысын береді және логиканы дамытады, сондай-ақ бір– бірінің жұмысын бағалауға көмектеседі.

Жоба 1. English language in the modern world. Analyze the role of English language as an international language, of its use in business, science and culture

Жоба 2. Learning English grammar through games and exercises. Develop interactive tasks for learning certain grammar rules.

Жоба 3.Learning English idiom and slang through movies and books. Choose examples from the movies or books and explain their meaning.

Жоба4.Travelling to the English speaking countries. Make virtual excursion or presentation about Great Britain, USA and Australia.

Жоба5. Create your own English dialogue. Write down short script for dialogue in English language.

Task 13. Brainstorming questions: Students should individually complete the questions.

1) My practice could be improved by...

2) I would like to know...

3) The most important thing about teaching is...

4) I need to learn how to...

5) The best learning environment for students is...

Next brainstorm questions about assessing and how to explain new theme and how to motivate them to learn language.

1. How should I assess the students who never active at the lesson or never do home task and what measures should I take to motivate them?

2. How should I implement the time management at the lesson in order to ask all students?

3. What kind of activities or methods should I implement to explain new program in order to be understandable to the students and get feedback?


Task 14

a) Project work: Create a mental card Mind map

1) How can I improve my students' spelling strategies

2) A new teaching idea in your classroom

3) What will make you a more effective teacher?



Сурет 29 – Mind map тапсырмасы.

b) Create a story with the verb – get. Read the beginning of story, which is given and think about your own continuation, using description, explanation, exposition, argumentation.

Use the given phrasal verbs: get up, get on with, get over, get by, get around, get through, get away, get out of, get along.

Once upon a time, there lived a little girl named Rosa. Once morning she get up and...also she gets on with lot of friends. Her friends...

Task 15

a) Individually answer the given daily evaluation questions and reflect on your results after the lesson:

1. What was the most effective part of today's lesson?

2. Which teaching strategies or activities worked well?

3. What challenges did you encounter during the lesson?

4. How effectively did you participate in classroom interactions?

5. What would you change or improve in today's lesson?

Рефлексивті есептер студенттердің өткізілген сабақтар туралы жазбаша жазбаларын жүзеге асыруды көздейді, студенттердің ойланатын және белгілі бір қорытындыға келетін сәттерімен проблемалық жағдайлары сипатталады.

b) Write your lesson plan in accordance with the following steps:

– plan your future lesson plan. Explain the purpose of the reflective report: to evaluate your learning, growth, and the experience gained.

– highlight key responsibilities and specific lessons you worked on. Pay attention to the use of linguistic means and grammar constructions.

– what kind of materials or resources do you consider to be the most effective.

– what do you believe is the purpose of your students' language learning?

Келесі жаттығуда студенттер мәтінден жұмысты декомпозициялап әр қимылды жеке тақырыпша етіп оқиды, мысалы мақалды табу, дәлелдеу (анимация, комикс және инфографика), түрлендіру (ағылшын қазақ) тілінде қарастыру. Цифрлық дизайн арқылы мақалдарды меңгеруге қызығушылық туады. Мақалды визуалды түрде таныту үшін интерактивті платформа Canva Арқылы мазмұн жасайды.

Кесте 12 – Proverbs about friendship – *достық* басты сөзі бар ағылшын және қазақ тіліндегі мақалдар

	Ағылшын мақалдары	Қазақша баламасы
1	Books and friends should be few but good.	Кітаппен дос аз, бірақ сапалы болсын
2	The best mirror is an old friend.	Ең жақсы айна – ескі дос
3	A friend in need is a friend indeed.	Дос басыңа іс түскенде танылады
4	A friend to all is a friend to none.	Бәріне дос болған – ешкімге дос емес
5	Count your age with friends but not with years.	Жасыңызды достарыңызбен санаңыз, жылдармен емес
6	Reconciled friendship is a wound ill salved.	Татуласқан достық жараның жазылуы
7	All are not friends that speak us fair.	Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады
8	When good cheer is lacking, our friends will be packing	Достық тамақта емес сабырда
9	Old friends and old wine are best.	Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі
10	A hedge between keeps friendship green.	Аралық болса, араздық болмас
11	A friend's frown is better than a foe's smile.	Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады
12	A man is known by the company he keeps.	Ағаш тамырымен, адам досымен мықты

Кесте 13 – In English about *knowledge* – *білім* басты сөзі бар ағылшын мақалдары. Choose the words and complete the sentences... Mind, learn, power, pain

1) Better late than never...

2) Money spent on the brain is never spent in...

3) So many men, so many...

4) Live and...

5) Knowledge is...

Осымен, эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің бірінші кесіндісін орындау үдерісінде ағылшын тілін меңгеруге байланысты педагогикалық бейіндегі студенттердің қиындықтарын еңсерілды және болашақ мұғалімдердің кәсіптік бағдарланған тілдің құрамдас бөліктерін түсінуге деген уәждемесімен қызығушылығын дамыту сияқты ұйымдастырушылық мазмұнды педагогикалық жағдайлар іске асырылды.

Екінші шағын кезеңді іске асыру барысында тапсырма күрделендіріліп, оны орындау барысында ЭТ студенттеріне болашақ мұғалімдерге игерілген негізгі сөздермен грамматикалық конструкцияларды пайдалана отырып, карточкадағы бейнелерді сипаттау ұсынылды. Бұдан әрі білім алушыларға келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылды: қандай жүйелік құрылыммен орын бейнеленген, түсінбеушілік неден туындаған болуы мүмкін, түсінбеушілікті жою немесе түсінуді қолдау үшін не істеу керек. Бұл тапсырманы орындау қызу пікірталас тудырды, себебі әр ЭТ студенті өз пікірін, ұстанымын және көзқарасын ағылшын тілінде білдіруге тырысты. Бұл эксперименттің қалыптастырушы кезеңі барысында оқу жағдайында кәсіби ортаның элементтерін қайта құруға және ағылшын тіліндегі көрнекі материалды пайдалана отырып, білім алушыларға кәсіби пікірталас құруға көмектесу мүмкіндігінің дәлелі болды. Осы тапсырманы орындаудың нәтижесі кәсіптік қызметті имитациялайтын арнайы ұйымдастырылған ағылшын тіліндегі кеңістік құру және кәсіп тілін кезең–кезеңмен қалыптастыруды қамтамасыз ететін кәсіптік бағдарланған тапсырмалар кешенін енгізу сияқты ұйымдық мазмұнды педагогикалық жағдайларды іске асыру негізінде мәдениаралық–когнитивтік субқұзыреттілік қалыптастыру болды.

Кейіннен, сыналатын эксперименттік топпен бірге болашақ кәсіби жұмыста орын алатын бірқатар басқа да маңызды проблемалық мәселелер бөлінді. Мысалы, мұғалімнің жұмысында сөздікті пайдалану арқылы дидактикалық операциялар маңызды орын алады. Осы мақсатта білім алушылармен өзара іс–қимыл үдерісінде шетел тілі құралдарымен таңбалы материалды визуалды қабылдау технологиясы әзірленді. Жақсы меңгеру үшін мақалдардың суреттері ұсынылды. Мысалы, егер оң қол көтерілсе, достық туралы мақал айту керек, екі қол жоғары көтерілсе. білім туралы мақал және өзіңнің түсіндіруіңді, оң қол төмен түсірілген болса, жұмыс сапасы туралы мақал айту керек. Бұдан басқа сөздікпен жұмыс істеу кезінде жобалаушының көмегімен көрнекі қатар берілді, онда мақал-мақал немесе фразеологизмдерді таңдау қажет болатын бейнелер

анық көрінді. Материалды бекіту үшін практикадан өткен ЭТ студенттерінің біріне сөздермен жұмысты көрсету үшін оқу аудиториясының ортасына шығу ұсынылды. Осы кезеңде орындалатын іс-қимылдардың шынайылығы мен күрделілігі көрсетілді, өйткені сөздің дұрыс айтылуы сөздің дұрыс табылуына және оны қарым-қатынаста пайдалануға әсер етеді. Сабақтың бұл элементі шетел тілін меңгеруді ескере отырып, контекстік-топтастырушы субқұзыретті қалыптасуына ықпал етті (тапсырма төменде 3.3 кестеде берілген). Сабақта студенттерге ассоциативтік терминдер қатарын жалғастыру үшін негізгі сөздер ұсынылды, осылайша студенттер ментальдық картаны қайта жасады. Осы тапсырманы орындау нәтижелері оқытушы мен студенттердің мынадай іс-қимыл реттілігін қамтыды. Бірінші қадам: студенттер аудиожазбаны бірнеше рет тыңдады, осылайша аудиовизуалды әдіс қолданылды. Екінші қадам: бірінші тыңдаудан кейін ұсынылған жағдайдың жалпы мәнін анықтау. Үшінші қадам: жағдайдың терең мағынасын түсінуге негіз болған түйінді сөз тұжырымдамаларды бөлу. Төртінші қадам: бөлінген сөз-тұжырымдамаларға сүйене отырып, қайта тыңдаудан кейін мақалдарды түсіндіруге байланысты жағдайды қайта құру. Бесінші қадам: 50 студенттің санасында бейнелер тудырған сөз-белгілер негізінде ағылшын тіліндегі ақпаратты қабылдау және түсіндіру. Бұл бейнелерді бірізділіктен құра отырып, студенттер мақал-мәтел негізінде семантикалық кеңістік құрды.

Эксперименттің қалыптастырушы үшінші кезеңінің практикалық кесіндісін орындау үдерісінде міндет қойылды: менталдық картада негізгі кәсіби терминдер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды қадағалау. Терминдер тек жеке лексикалық бірліктер ғана емес, сонымен қатар бір мағынадан екінші мағынаға ауыса отырып, бір-бірімен себеп-салдарлық байланыстармен де өзара байланыста болған. Сонымен, белгілі бір тұжырымдамаға енгізілген тірек ұғымдар мен категорялардың мағыналық анықтамасы қалыптасты. Бұл тапсырма ЭТ студенттері тарапынан ерекше қызығушылық пен уәждеме тудырды, өйткені оларға бұрын осындай тапсырмаларды орындауға мүмкіндік болмаған. Білім беру үдерісінде материалды ментальдық карта түрінде ұсынудың маңыздылығы жүйе деңгейінде объектілерге қатысты қатынастар жүйесін көрсететін әлемнің семантикалық көрінісі қамтылады. Бұл жүйенің қорытынды деңгейі семантикалық қабаттың объектілерін терең түсінуді және талдауды көздейтін әлем бейнесі болып табылады.

3.3 Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастыру бойынша педагогикалық оқытудың нәтижелері

Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген моделінің құрылымында ізденіп отырған субқұзыреттіліктің қалыптасуының мәдениаралық-когнитивтік, контекстік-топтастырушылық, интегративтік-дидактикалық көрсеткіштері бөлініп көрсетілген. Эксперименттік-тәжірибелік оқыту басталғанға дейін МҚҚМБАТ интеграцияланған курстарының

бағдарламасы, ағылшын тілі әдістемесі және КБШТ шеңберінде студенттердің білімін мәдениаралық-когнитивтік, контекстік-топтастырушы, интерактивтік-дидактикалық субқұзыреттер бойынша цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейіне бастапқы диагностика жүргізілді. Солай, бастапқы диагностикадан алынған нәтижелер эксперименттік топтағы және бақылау топтағы білім алушылар санынан % арақатынаста осы диссертацияның 3.1 бөлімінде ұсынылған. Білім беруді цифрландыру жағдайында эксперименттік топтағы және бақылау топтағы студенттерде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру серпінін анықтау мақсатында қорытынды диагностика жүргізілді, оның барысында білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін айқындауға қатысты сауалнамалар мен тапсырмалар пайдаланылды. Диссертацияның осы бөлімінде білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби- ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін қорытынды диагностикалау нәтижелері ұсынылған. Эксперименттік-тәжірибелік оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны аудиториялық сабақтар болды. Эксперименттік жұмыстың (эксперименттік-тәжірибелік оқыту) табысты болуының басты көрсеткіші білімді цифрландыру жағдайында студенттердің болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің төмендегіден жоғарыға, осы зерттеу шеңберінде бастапқы деңгейден озық деңгейге қарай тұрақты өзгеруі болып табылады. Білім беруді цифрландыру жағдайында студенттердің болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қорытынды диагностикасын жүргізу кезінде үш көрсеткіштің әрқайсысы бойынша (мәдениаралық-когнитивтік, контекстік-топтастырушы, интерактивті-дидактикалық) бастапқы диагностика барысында секілді белгілі бір түзетулер мен қосымша әзірлемерді енгізе отырып, диагностика жасау үшін ұқсас тапсырмалар мен материалдар пайдаланылды.

Эксперименттік және бақылау тобының студенттерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру серпінін анықтау мақсатында қорытынды диагностика жүргізілді. Эксперименттен кейінгі қорытынды диагностика қалыптастырушы эксперименттің соңында жүргізілді. Қорытынды диагностиканың міндеті болып табылады:

1. жүргізілген эксперимент нәтижесінде біз әзірлеген критерийлер бойынша мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау;
2. мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуының өсуін анықтау.

Кесте 14 – Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерінің шкаласы

Деңгейі	Балдар
Төмен	0– 69
Орташа	70– 89
Жоғары	90– 100

Математикалық аппараты қолдану арқылы алынған сандық деректерді өңдеу үшін формула қолданылды:

$$y = x \cdot \frac{p}{100} \quad (1)$$

Саннан пайыздарды есептеуге арналған формула

Эксперименттік оқытуды жүргізгеннен кейін алынған ЭТ және БТ мәдениаралық-когнитивтік субқұзыретін қалыптасу деңгейі бойынша жиынтық деректер 1-кестеде берілген.


Кесте 15 – ЭТ және БТ студенттерінің мәдениаралық-когнитивтік субқұзыреттің қорытынды деңгейінің қалыптасуы.

Мәдениаралық-когнитивтік субқұзыреттің қалыптасу критерийлері	Деңгейлер											
	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	В %	Студ. саны	%	Студ. саны	%	Студ. саны	%	Студ. саны	%	Студ. саны	%
Уәждемелік-ұйымдастырушылық	10	20	17	34	23	46	27	55	47	95	31	62
Когнитивті-пәндік	7	14	9	18	28	56	19	38	49	98	28	57
Рефлексивті-аналитикалық	8	16	21	42	33	66	22	44	42	85	25	50
Орташа көрсеткіш		**17**		**31**		**56**		**46.3**		**92**		**56**


Бұл кестеде мәдениаралық-когнитивтік субқұзыреттің қорытынды тестілеу нәтижелері көрсетілген. Олар төмен, орташа және жоғары болып үш деңгейге бөлінген.

Уәждемелік-талдамалық, когнитивті-пәндік және рефлексивті-аналитикалық критерийлерінде ЭТ және БТ төмен деңгейде тестілеу нәтижесінде студенттердің қорытынды тестілеу жауаптарының орташа көрсеткіші ЭТ – к17% және БТ– 31% белгіленді.

Ал орташа деңгейдегі эксперименттік топтағы студенттердің 56% тестілеу сұрақтарына дұрыс жауап берсе, бақылау топта 46.3% құрады. Жоғары деңгейде ЭТ және БТ жауаптар 92% және 56% құрады. Бұдан әрі бұл көрсеткіштер пайызбен төменде диаграммада көрсетілген.



Сурет 30 – Эксперименттік топтағы студенттердің мәдениаралық– когнитивтік субқұзыретінің қорытынды деңгейі




Сурет 31 – Бақылау тобының студенттері мәдениаралық-когнитивтік субқұзыретінің қорытынды деңгейі

Эксперименттік оқытуды жүргізгеннен кейін алынған ЭТ және БТ контекстік-топтастырушы субқұзыретінің қалыптасу деңгейі бойынша жиынтық деректер 2-кестеде берілген.


Кесте 16 – ЭТ және БТ студенттерінің контекстік-топтастырушы субқұзыретінің қорытынды деңгейінің қалыптасуы

Контекстік-топтастырушы Суб құзыреттің қалыптасу критерийлері	Деңгейлер											
	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%	Студ. саны	%	Студ. саны	%	Студ. саны	%	Студ. саны	%	Студ. саны	%
Уәждемелік-ұйымдастырушылық	8	16	12	24	24	46	28	56	42	84	32	64
Когнитивті-пәндік	5	10	15	30	26	50	22	44	39	78	29	58
Рефлексивті-аналитикалық	13	26	16	32	22	43	33	66	46	93	33	66
Орташа көрсеткіш		**17.3**		**28.6**		**46.3**		**55**		**85**		**62**

Бұл кестеде контекстік-топтастырушы субқұзыретінің нәтижелері де төмен, орташа және жоғары болып үш еңгейге бөлінген. ЭТ және БТ орташа көрсеткіші 17.3% және 28.6% құрайды. Орташа деңгейде ЭТ және БТ студенттерінің жауаптары 46.3% және 55% құрады. ЭТ және БТ жоғары деңгейі 85% және 62% көрсетті.



Сурет 32 – Эксперименттік топ студенттерінің контекстік-топтастырушы субқұзыретінің қалыптасуының қорытынды деңгейі



Сурет 33 – Бақылау тобының студенттері контекстік-топтастырушы субқұзыретінің қалыптасуының қорытынды деңгейі

Эксперименттік оқытудан кейін алынған ЭТ және БТ интерактивті-дидактикалық субқұзыретінің қалыптасу деңгейі бойынша жиынтық деректер 17-кестеде берілген.


Кесте 17 – ЭТ және БТ студенттерінің интерактивті-дидактикалық субқұзыретінің қорытынды деңгейінің қалыптасуы

Интерактивті-дидактикалық субқұзыретінің қалыптасу критерийлері	Деңгейлер											
	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	студ. саны	%	студ. саны	%	студ. саны	%	студ. саны	%	студ. саны	%	студ. саны	%
Уәждемелік-ұйымдастырушылық	5	10	12	24	28	56	25	50	45	91	34	68
Когнитивті-пәндік	10	19	17	34	33	66	26	52	43	86	39	78
Рефлексивті-аналитикалық	6	12	17	32	34	68	30	60	42	84	38	76
Орташа көрсеткіш		**13.6**		**30**		**63**		**54**		**87**		**74**


Кестеде интерактивті-дидактикалық субқұзыретінің қорытынды деңгейін тестілеу нәтижелері көрсетілген.

Тестілеу нәтижелері бойынша біз ЭТ пен БТ 13.6% және 30% төмен деңгейде алдық. Орташа деңгейде бұл көрсеткіштер ЭТ және БТ-дағы 63% және 54% тең болды. ЭТ және БТ жоғары көрсеткіші 87% және 74% тең.

Эксперименттік топтағы студенттердің интерактивті-дидактикалық субқұзыретінің қалыптасу деңгейінің қорытынды диагностикасының деректері диаграммада берілген.



Сурет 34 – Эксперименталды топтағы студенттердің интерактивті-дидактикалық субқұзыретінің қалыптасу қорытынды деңгейінің диаграммасы



Сурет 35 – Бақылау топтағы студенттердің интерактивті-дидактикалық субқұзыретінің қалыптасу қорытынды деңгейінің диаграммасы

Төменде 18-кестеде эксперименттік оқыту аяқталғаннан кейін алынған эксперименттік және бақылау топтардағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейін қорытынды диагностикалаудың жиынтық деректері (үш субқұзырет бойынша) берілген.

Кесте 18 – Эксперименттік және бақылау тобындағы студенттердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қорытынды деңгейінің қалыптасуы

Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу критериялары	Деңгейлер					
	Төмен		Орташа		Жоғары	
	ЭТ %	БТ %	ЭТ %	БТ %	ЭТ %	БТ %
Уәждемелік-ұйымдастырушылық	17	31	56	46.3	92	56
Когнитивті-пәндік	17.3	28.6	46.3	55	85	62
Рефлексивті-аналитикалық	13.6	30	63	54	87	74
Орташа көрсеткіш	**16**	**29**	**55**	**51**	**88**	**64**
Ескерту: Есептеу кезінде үш субқұзырет бойынша орташаланған көрсеткіштер пайдаланылды						

Эксперименттік және бақылау топтарында эксперименттік оқытуға дейін және одан кейін студенттердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейінің өсу динамикасы төменде 19– кестеде берілген.


Кесте 19 – Эксперименттік жұмыс жүргізуге дейін және одан кейін эксперименттік және бақылау топтарында студенттердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейінің өсуі.

G – өсу көрсеткіші.

Алынған қорытынды диагностика нәтижелерін талдау және бастапқы диагностика нәтижелерімен салыстыру (18-кестені қараңыз) (13-кестені, 3.1 бөлімді қараңыз) эксперименттік топ және бақылау топтарда эксперименттік оқытуды аяқтау кезінде барлық бөлінген критерийлер (уәждемелік-ұйымдастырушылық, когнитивтік-пәндік және рефлексивті-аналитикалық) бойынша білім алушылардың мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейлері бойынша белгілі бір өсім болғанын куәландырады, бұл ретте неғұрлым айқын өзгерістер эксперименттік топта байқалады, ал бақылау тобында олар елеулі емес.

Солай, эксперименттік оқытудан кейін эксперименттік топта мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейінің төмендігі 15%, ал бақылау топта 1% байқалады; эксперименттік топта орташа деңгейі + 3%, бақылау топта + 2%; эксперименттік топта жоғары деңгей + 17%, ал бақылау топта + 4% құрайды.

Эксперименттен кейін алынған бөлінген критерийлер бойынша сараптама топтың студенттерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейін қорытынды диагностикалау деректері диаграммада берілген.



Сурет 36 – Эксперименттік оқытудан кейін ЭТ студенттерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасуының қорытынды деңгейі (білім алушылар санынана пайызбен).

Эксперименттік және бақылау топтарында эксперименттік оқытуға дейін және одан кейін студенттердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейінің өсу динамикасы төменде 19-кестеде берілген.

Кесте 19 – Эксперименттік жұмыс жүргізуге дейін және одан кейін ЭТ және БТ студенттер санының өсуі

Деңгей	Эксперименттік топ			Бақылау топ		
	Экспериментке дейін %	Эксперимент тен кейін %	**G %**	Экспериментке дейін %	Эксперимент тен кейін %	**G %**
Төмен	31	16	**– 15**	30	29	**– 1**
Орташа	52	55	**+3**	49	51	**+2**
Жоғары	71	88	**+17**	60	64	**+4**

Эксперименттік және бақылау топтарында алынған деректердің корреляциясы үдемелі оң динамиканы белгілеуге мүмкіндік берді. Бұдан келесі қортынды шығаруға болады, мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың кезеңнен кейінгі үдерісінің әдістемесі кәсіби қызметке дайын және қабілетті болашақ шетел тілі мұғалімінің мәдениаралық, цифрлық біліктерін дамытудың үлкен дидактикалық әсерін қамтамасыз етеді. Алынған нәтижелер біздің гипотезамыздың заңдылығын растайды, өйткені барлық критерийлер бойынша оң динамика тіркелген.

Жүргізілген эксперименттің сәтті өткендігін дәлелдейтін факторлардың бірі студенттер тарапынан жалпы оң баға болып табылады. Эксперимент аяқталғаннан кейін студенттерге жүргізілген сауалнама олардың бұрын педагогикалық мәдениаралық және цифрлық технологияларға үлкен мән бермегенін анықтауға мүмкіндік берді. Жаттығуларды, коммуникативтік тапсырмаларды, жобалық жұмыстарды және кейстік жағдайларды орындау (casestudy), цифрлық технологиялармен жұмыс істеу, лингвистикалық– кәсіби міндеттерді шешу және эксперименттік жұмыс барысында ахуалдық талдау, студенттердің айтуынша, оларға тілдік құралдарға көп көңіл бөлуді ғана емес, сондай– ақ сөздің артында тұрған когнитивтік сипаттағы ақпаратты түсінуді, мақсаттар мен стратегияларды тануды, мәдениаралық коммуникация арқылы трансляцияланатын өзге социумның ұстанымдарын, құндылық бағдарлар мен өзге де нормаларын анықтауды үйретті.

Сонымен қатар, бастапқы кезеңіндегі диагностика болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптасуының жеткіліксіз екенін көрсетті. Сондықтан келесі қалыптастыру кезеңінде арнайы әдістемелік жаттығулар жүйесін еңгіздік.

Қалыптастырушы кезеңде қолданылған әдістер студенттердің ағылшын тілінің әдістемесі, кәсіби бағытталған ағылшын тілі және мәдениаралық қарым-қатынас мәнмәтіндегі базалық ағылшын тілі өз ойын нақты жеткізу, сыни ойлау қабілетін дамытуға, ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалануға және кәсіби контекстте коммуникациялық әрекет жасауға бағытталды.

Сондай-ақ, ілгері кезеңіндегі көрсеткіштер келесі қадамда эксперименттік топқа арналған әдістемелік ықпалдың негізін қалыптастырады, оның нәтижесінде студенттердің мәдениаралық-когнитивтік, контексттік-топтастырушы және интерактивті-дидактикалық субқұзыреттері жүйелі түрде дамитын болады.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Болашақ шетел тілі мұғалімінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптастыру үдерісін кезеңнен кейінгі жобалау әдістемесінің дидактикалық тиімділігін айқындау мақсаты болып табылатын эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

– эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұсынылған зерттеу гипотезасының дұрыстығын растайды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптастыру үдерісін кезеңнен кейінгі модельдеудің

әзірленген әдістемесі ізденіп отырған өнімнің қалыптасуын қамтамасыз етеді, мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасуының барлық көрсеткіштері бойынша оң серпін байқалады. Болашақ шетел тілі мұғалімінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптастыру үдерісін кезеңнен кейінгі модельдеудің әзірленген әдістемесі ізденіп отырған өнімнің қалыптасуын қамтамасыз етеді, мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасуының барлық көрсеткіштері бойынша оң серпін байқалады.

Ээксперименттік зерттеу жұмыстың диагностикалық кезеңі мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретінің қалыптасу деңгейінің жеткіліксіздігін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әзірленген әдістемені байқаудан өткізу қажеттілігіне себепші болды;

Әзірленген әдістемені сынақтан өткізу және бақылау және эксперименттік топтарда жүргізілген эксперименттік алдындағы және эксперименттен кейінгі кесінділерді салыстырмалы талдау прогрестің айқын тиімділігі мен оң динамикасын көрсетті, бұл модельдің теориялық–әдіснамалық негізінің, пайдаланылған қағидаттар, әдістер мен технологиялар кешенінің дұрыстығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Оң нәтижелер білім беру үдерісінің олардың өзара байланысында танымдық процестің нысаналы, тұжырымдамалық, пәндік-мазмұндық, процестік және бағалау компоненттерін мақсатты қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, кезең-кезеңмен жүргізілуімен түсіндіріледі, ал басқару тетігі болашақ кәсіптік қызметтің сыртқы және ішкі контексті болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кәсіптік білім беру сапасын арттыру тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықтың өзекті мәселесі болып табылады. Бұл мәселені шешу білім беру мазмұнын, ең алдымен кәсіптік педагогикалық білім беру жүйесін жаңартумен байланысты, ол қоғамды білімді, жоғары білікті, жаңа формациядағы құзіретті, жаңа формацияның талаптарын практикалық қызметте жүзеге асыруға қабілетті мұғалімдермен қамтамасыз етуге тиіс. Диалог пен ынтымақтастыққа дайын, көптілді ортада өз бетінше жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті тұлға үшін жылдам өзгеретін әлем. Қоғамның өз функцияларын адекватты түрде орындай алатын, жоғары сезімталдығымен, әлеуметтік–кәсіби ұтқырлығымен, білімді тез жаңартуға дайындығымен, қызметтің жаңа салаларын игерген, дамыған коммуникативті дағдыларымен ерекшеленетін белсенді мамандарға қажеттілігі жоғары. Бұл бүгінгі күні құзыреттілік деп аталатын нәрсенің болуын болжайды. Жоғары білім оның қалыптасуына қажетті алғышарттар мен жағдайлар жасауға арналған. Сонымен қатар білімге бағытталған модельден құзіреттілікке негізделген, модельге көшу мамандардың кәсіби құзыретінің жоғары деңгейін қалыптастыруды алдыңғы қатарға шығарады.

Цифрландырудың барлық түрлерінің қызмет етуінің қажетті шарты шетел тілі мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреті мақсатты, сатылы, контекстпен басқарылатын қалыптастыру. мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыретін қалыптастырудың коммуникативті өзегі болып табылады. Құзіретке негізделген әдіс мәселесіне, сонымен қатар цифрландыру мәнмәтінінде білім берудің бірегейлігіне қатысты зерттеулерді талдау негізінде болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыретінің цифрландыру жағдайында оқытудың қалыптасуын мәні бар деп есептейміз. Университет, өйткені бұл кәсіби қызметті дәстүрлі офлайн форматта ғана емес, сонымен қатар онлайн кеңістікте де жүзеге асыруға дайын болашақ мамандарды тиімді дайындауға мүмкіндік береді. Жасалған теориялық тұжырымдар мен эксперименттік жұмыс барысында алынған мәліметтерге сүйене отырып, біз мынадай қорытынды жасадық:

Зерттелетін мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде оның шетел тілін оқытудағы ерекше мәртебесін негіздейтін ағылшын тілі сабағында цифрландырудың сапалық сипаттамасының үрдістері анықталды, ал мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреті шетел тілі мұғалімінің кәсіби мәдениаралық және коммуникативтік құзыреті шегінде субқұзыреттер анықталды, олар; мәдениаралық-когнитивтік, контекстік-топтастырушы және интерактивті-дидактикалық.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің «кәсіби құзыреттерін цифрландыру жағдайында қалыптастыру» ұғымның мәні ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану қажеттілігі мен кәсіптік шетел тілді білім берудің пәндік мазмұнын ұйымдастыру процессі. Оның құрылымы мынадай компоненттерден тұрады: лингвистикалық, шетел тілдік коммуникативтік,

психологиялық-педагогикалық, мәдениаралық әдістемелік және цифрлық құзыреттер.

Шетел тілін оқытудың заманауи парадигмасының концептуалды негізіне сүйене отырып, студенттердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттің моделі әзірленді және ұсынылған әдістеменің дидактикалық тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді және ЖЖОКБҰ-ның озық педагогикалық тәжірибесін талдау негізінде біз цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау кәсіби құзыретін қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін мүмкіндіктер кешенін анықтадық.

Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби құзыретін қалыптастырудың әзірленген әдістемелік жүйесі мынадай құрамдас бөліктерден тұрады: мақсаты, мазмұны, әдістері мен құралдары, оқу үдерісінің формалары және нәтижелері.

Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау мақсаттары мен міндеттерін сәтті жүзеге асыруға бағытталған цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың әзірленген модель келесі блоктардан тұрады: мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұнды процессуалдық және нәтижелі бағалау. Цифрландыру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыретін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзара тығыз байланыстағы мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттерден түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне («төмен», «орташа», және «жоғары») сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл зерттеуде қойылған міндеттер құзыреттілік көзқарас аясында жүзеге асырылатын шетел тілдерін оқытудың қазіргі когнитивтік-лингвомәдени әдіснамасы, мәдениаралық-коммуникативтік теорияның тұжырымдамалық ережелері негізінде шешілген. Зерттеу барысында келесі ғылыми нәтижелер алынды:

Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің мәні мен құрылымы ашылды және оның құрамында үш сұбқұзыреттер айқындалды. Олар: мәдениаралық-когнитивтік сұбқұзырет тіл арқылы ойды қалыптастыру тәсілдерін меңгеруді, сондай-ақ тілді сөйлеу үдерісінде тиімді қолдана алу қабілетін білдіреді; контекстік-топтастырушы сұбқұзырет ақпаратты мәнмәтініне сүйене отырып талдау, мағыналық байланыстарын анықтау және ортақ белгілеріне қарай жүйелі түрде топтастыру қабілеті; интерактивті–дидактикалық сұбқұзырет білім алушылармен өзара әрекеттесуді ұйымдастырып, дидактикалық әдіс тәсілдерді тиімді қолдануы.

Шетел тілін оқытуда мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған үрдістер негізделінді, олар болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіптік оқыту мәдениаралық теориясымен байланысы, мәтіндік әрекет, шетел тілін кәсіптік бағытталған оқыту.

Болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлау әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды, олар: кәсіби-коммуникативтік; құзыреттілік; тұлғалық-әрекеттік.

Цифрлық қызметтің негізі ретінде болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлаудың қалыптастырушы моделі әзірленді, олар: мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық, прцессуалды, бағалау және нәтижелік компоненттер.

Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесі ұсынылды және оның тиімділігі эксперименттік тексеруден өткізіліп дәлелденді. Бастапқы және қорытынды эксперименттің нәтижесінің айырмашылығы 17 пайызға өсті.

Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орындарында мамандар даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады деп есептейміз. Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Білім тұралы заңы: 2007 жылғы 27 шілдеде №319 – III. [электронды ресурс] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ 13.03.2025.

2 «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту тұралы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту Министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен. [электронды ресурс] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149 13.03.2025.

3 Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан утверждена Советом УМО на базе КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Протокол №1 от 25.02.2006, согласована с МОН РК. [электронды ресурс] https://library.ablaikhan.kz/wp-content/uploads/2025/02/5783.pdf 22.02.2025.

4 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық–коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы No2 қаулысы [электронды ресурс] https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000269 02.05.2023.

5 Жасанды интеллектіні дамытудың 2024– 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі №592 қаулысы [электронды ресурс] https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000592 02.05.2002.

6 Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. – Алматы, 2005. – 264 с.

7 Абрамова М.В. Формирование коммуникативной компетенции иностранных студентов в учебно – профессиональной сфере на материале текстов по педагогике: дис. ...канд. пед. наук: 13.00.02 – СПб., 2016. – 24 с.

8 Zhanazarova Z., Kulgildinova T., Turlybekova A., Zhantelova E. Formation of meta– subject skills in students of specialized classes in English lessons // Sci Herald Uzhhorod UnivSer Phys. – 2024. – Issue 55. – P. 295– 303.

9 Alzhanova A., Chaklikova A. Multilingual Education: Development of Professional Foreign Language Communicative Competence of Students in a Digital Environment // International Journal of Web–Based Learning and Teaching Technologies. – 2022. – Issue 17(1). – P.1–13.

10 Джусубалиева Д.М., Мынбаева А.К. Цифровая компетентность современного педагога иинформационная культура: новые системы обучения // Вестник академии педагогических наук Казахстана. – 2017. – № 4. – С. 25–34.

11 Hall E., Trager G. «Culture as a Communication: A model and Analysis // Explorations: Studies in Culture and Communication. N.Y. - 1954. - Iss. 37. - P.137–149.

12 Byram M. Assessing intercultural competence in language teaching // Sprogforum. – 2000. - №18 (6). - P. 8– 13.

13 Lustig M.W. & Koester J. Intercultural competence / M.W. Lustig, J.Koester // Intercultural communication across cultures. Sixth edition. Boston, – 2010. - 400 p.

14 Banks J. An Introduction to Multicultural Education // University of Washington, Seattle. – 2008. – 164 p.

15 Davis N., Fletcher J. and Groundwater– Smith S. The puzzles of Practice: Initating a collaborative research culture // Australian Association for Reserch in Education. International Education Research Conference – Australia, 2009. – Issue 12. – 18 p.

16 Xiaochi Zhang, Jinjing Zhang. English language teaching and Intercultural communication competence // International journal for innovation education and research. – 2015. – No. 8. – 57 p.

17 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М., 1993. – № 4. – 317 с.

18 Фрик Т.Б. Основы теории межкультурной коммуникации. – Томск: изд–во Томск, 2013. – 100 с.

19 Тер–Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: изд.Слово, 2000. – 23 с.

20 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М.: Индрик, 2005, – 252 с.

21 Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – М.: КИОРУС, 2014. – 254 с.

22 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам Лингводидактика и методика. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 336 с.

23 Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам: Теория и практика: – М.: Филоматис, 2006. – 480 с.

24 Агранат Ю.В. Формирование поликультурной личности будущих специалистов социальной сферы при обучении иностранному языку в вузе: автореф. дис. ...канд. 13.00.08 – Хабаровск, 2009. – 23 с.

25 Нуждин А.В. Межкультурная компетентность педагога в контексте современного образования // Известия Самарского научного центра РАН. – 2015. – Т. 17, № 1 (3). – С. 588–593.

26 Карнышев А.Д. Личность и межкультурная компетентность // Психология в экономике и управлении. – 2009. – № 2. – С. 99–106.

27 Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы: Дом печати, 2010. – 344 с.

28 Библер В.С. Культура. Диалог культур /Опыт определения // Вопросы философии. – 1989. – №6. – С. 31– 42.

29 Выготский Л.С. Динамика умственного развития школьника в связи с обучением. – М.: Смысл, Эскмо, 2004. – 512 с.

30 Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации. Проблемы семиосоциопсихологии // отв.ред. д– р филос. Наук, проф. И.Т. Левыкин. – М.: Наука, 1984. – 227 с.

31 Болотнова Н.С. Филологический анализ текста. – М.: Флинта: Наука, 2009. – 520 с.

32 Сотова И.А., Ядровской Е.Р., Дунева А.И. Глоссарий методических терминов и понятий. –М.: СПб.:Свое издательство, 2015. – №68. – 71 с.

33 Левушкин О.Н. Лингвокультурологические характеристики текста в школьном обучении русскому языку: теория и практика: дис. ...док.пед.наук: 13.00.02 – М.: МПГУ, 2014. - 543 с.

34 Зимняя И.А. Педагогическая психология Изд.2-е. – М: Логос, 2009. – 384 с.

35 Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении: Логико– психологические проблемы построения учебных предметов. – М.: Педагогическое общество Росии, 2000. – 480 с.

36 Рубинштейн С. Л. Бытие и сознание. Человек и мир // СПб.: Питер. - 2010. – 512 с.

37 Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М.: Изд– во МГУ, 1959. – 584 с.

38 Вербицкий А. А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход . – М.: Высш. шк.1991. – 207 с.

39 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М. : «Искусство», 1979. – 415с.

40 Библер В.С. Михаил Михайлович Бахтин, или Поэтика культуры. – М.: Прогресс, 1991. – 169 с.

41 Вербицкий А.А. Компетентностный подход и теория контекстного обучения. – М. : ИЦ ПКПС, 2004. – 84 с.

42 Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы: Полиграфсервис, 2014. – 202 с.

43 Вербицкий А. А., Дубовицкая Т. Д. Контексты содержания образования: монография. – Мин– во образования Рос. Федерации. Моск. гос. открытый пед. ун– т им. М. А. Шолохова. – М: Альфа, 2003. – 80 с.

44 Лаврентьева Н.Б. Контекстное обучение как инновационная технология. – Барнаул:АлтГУ, 1995. – 150 с.

45 Семенов А.Л. Роль информационных технологий в общем среднем образовании. – М.: Изд– во МИПКРО, 2000. – 12 с.

46 Barr H., Ford J., Grey R. Interprofessional education Guidelines. In centre for the Edvancement of interprofessional education CAIPE 2017. ISBN 978–0– 9571382–6–1. - 33 p.

47 Carretero G., Vuoricari R., Puni J. A framework of digital competences for citizens with eight proficiency levels and examples of use, EUR 28558 EN. – Luxembourg: Poblishing House of the Europeann Union, 2017. – 48 p.

48 Акпарова Ж. Педагог қызметіндегі цифрлық құзыреттіліктің маңызы // Известия. Серия Педагогические науки. – 2021. – 43с.

49 Learnis платформасы [электронды ресурс] https://www.learnis.ru/create.htmlт 25.05.2024

50 Canva платформасы. [электронды ресурс] https://www.canva.com/ 25.05.2024

51 Flipgrid платформасы [электронды ресурс] https://flipgrid.en.softonic.com/web – apps 28.05.2024

52 Slideshare платформасы www.slideshare.net 28.05.2024

53 Padlet платформасы. https://padlet.com/ 28.05.2024

54 Yussupova G.T., Kulgildinova T.A. Analysis of approaches to determining intercultural and informational competence // “3i: intellect, idea, innovation”. – 2023. – № 2. – P.255– 265.

55 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика. — М.: Академия, 2013. – 576 с.

56 Зимняя И. А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Эксперимент и инновации в школе. – 2009. – №2. – 383 с.

57 Арцишевская Е.В., Кабардов М.Е. Типы языковых и коммуникативных способностей и компетенции. – 1996. – №1. – С. 34-39

58 Елубаева П.К. Моделирования компетентностного образования в формировании межкультурно– коммуникативной компетенции регионоведа. – Алматы, 2016. – №10. – 9 с.

59 Жорабекова А.Н., Использования искусственного интелекта для обучения студентов навыкам критического мышления, коммуникации, сотрудничества и решения проблем // ИЗВЕСТИЯ КазУМОиМЯ имени Абылай хана серия Педагогические науки. – 2025. – № 1 (76). – С.72– 82.

60 Бисенбаева Ж. Модель формирования иноязычной компетенции инструмент совершенствования языковой политики // Вестник КНУ имени Жусупа Баласагына. – 2022. – №3. – С.11–18.

61 Spitzberg B.H., Changnon G. Conceptualizing Intercultural Competence – In: Deardorff: Thousand Oaks, 2009. – P. 2–52.

62 Byram M. Teaching and assessing Intercultural Communicative Competence. – Cleveden: Multilingual Matters, 1997. – 124 p.

63 Леонтович О.А. Введение в межкультурную коммуникацию. – М.: Гнозис, 2007. – 368 с.

64 Елизарова Г.В. Межкультурная коммуникация: сущность, структура и функции. – М.: Академия, 2014. – 289 с.

65 Тер–Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2000. – 25 с.

66 Плужник И.Л. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции студентов гуманитарного профиля в процессе профессиональной подготовки: дис. …док. пед. наук: 13.00.08 – Тюмень, 2003. – С.53–70.

67 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М.: Русский язык. 1990. – 250 с.

68 Жуков В.И. Социальное государство и социальная политика // Вестник. - М.: Изд– во РГСУ, 2009. - № 3.

69 Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога // Педагогика. - 2003. - № 10. - С. 51–55.

70 Непочатых Е.П. Особенности межкультурной компетентности представителей различных профессиональных групп // Научные ведомости

Белгородского государственного университета. Серия. Гуманитарные науки. – 2011. – № 18 (113). – С. 294–299.

71 Samovar L., Porter R., McDaniel E., Roy C. Communication Between Cultures. – Belmont, 2013. – 432 p.

72 Астафурова Т.Н. Стратегии коммуникативного поведения в профессионально– значимых ситуациях межкультурного общения: автореф. дис. …док.пед.наук: 13.00.02 – М., 1997. – 12 с.

73 Вербицкий А.А. Контекстное обучение в компетентностном подходе // Высшее образование в России. – 2006. – № 11. – С.40–46.

74 Корсакова Е. В. Критерии отбора и принципы организации учебного материала при обучении взрослых иностранному языку с целью формирования иноязычной информационной компетенции // Вестник ЮУрГГПУ. – 2014. – №1. - С.137– 154.

75 Лаврентьев Г.В., Лаврентьева Н.Б. Инновационные обучающие технологии в профессиональной подготовке специалистов // Барнаул: Изд– во Алтайского университета. – 2013. – 166 с.

